звучность (росо а росо crescendo). Средняя часть (andante cantabile e dolce) начинается с арпеджированных аккордов аккомпанемента, на фоне триольной фортепианной партии льётся певучая мелодия у скрипки в верхнем регистре. Третья часть возвращает нас к первоначальному характеру – звуки домбрового кюя рисуют картину казахской степи. Эта пьеса представляет собой развёрнутое произведение с обилием исполнительских приёмов и целым комплексом задач, поэтому предназначена для старших классов.

Опираясь на проведённый анализ и мою педагогическую практику, в которую эти сборники входят на протяжении многих лет, можно подвести следующие итоги. Скрипичная партия включает в себя разнообразие технических приёмов, контрастных по характеру, образной системе и музыкальному материалу, используется широкий диапазон инструмента, что позволяет говорить об эффективности в освоении целого арсенала профессиональных качеств юного скрипача. Ансамбль скрипичной и фортепианной партии создаёт наполненное, целостное звучание, задействованы контрастные регистры, например, мелодия у скрипки звучит в среднем регистре, а аккомпанемент дополняет его звучанием верхнего и наоборот.

Важно подчеркнуть удобство партий с исполнительской точки зрения – музыкальный материал написан целесообразно, точно и выверено, поэтому играть эти пьесы большое удовольствие. Фортепианная партия в пьесах исполняет художественную роль, являясь не только поддержкой партии скрипки, но и дополняет образное содержание пьес. Аккомпанемент контрастирует с мелодией в тембральном отношении, он насыщенный и красочный, обладает элементами звукоизобразительности – всё это значительно обогащает мелодию и даже самые легкие пьесы становятся художественно выразительными и привлекательными. Пьесы из сборников часто исполняются на концертах, входят в педагогический репертуар и вызывают симпатию у детей разных возрастов.

Оригинальность звучания этих пьес пробуждает интерес у детей, а яркие образы развивают ассоциативное мышление ребёнка с самых ранних лет. К тому же, изучение этих произведений способствует развитию эмпатии, ведь стихи детских поэтов, иллюстрации и программные названия благотворно воздействуют на психоэмоциональное состояние ребёнка. Основой поэтической части сборников стали стихи таких известных поэтов, как Агния Барто, Валентин Берестов, Борис Заходер, Александр Пушкин, Михаил Лермонтов, Самуил Маршак, Сергей Михалков, Алексей Толстой, Корней Чуковский и многие другие. Сама педагог также является автором стихотворных текстов. Это значительно повышает художественную ценность данных пьес и знакомит учащихся с прекрасными образцами детской литературы, что закладывает в них эстетический вкус. Разнообразие образного содержания произведений наполняет слуховые впечатления учащихся, способствует развитию фантазии и творческой воли ребёнка – юный музыкант раскрывается на эмоциональном уровне, чувствует уверенность и заинтересован процессом.

Прекрасный педагог, замечательный человек, Татьяна Евгеньевна Романова стала для меня ориентиром в профессии, тем примером, который вдохновляет, а эти учебные пособия хранят в себе ценности, которые она вкладывает в детей и сегодня.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Романова Т.Е. Интервью «Воспоминания» / беседовала Б.З. Айнакулова (10 февраля 2022)
2. Сагимбаев Н.Е. История кафедры струнных инструментов КНК им.Курмангазы (1944-2014). – Алматы, 2015. – 47 с.
3. Романова Т.Е. Серия сборников «Скрипка, скрипочка моя» // 1-5 выпуск, 1998-2021. Алматы. Ноты.
4. История кафедры музыковедения и композиции // URL: <http://www.conservatoire.edu.kz/ru/structure/faculties/kafedra-muzykoznanija-i-kompozitor.html> (дата обращения: 21.02.2022)



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ ҰЛТЖАНДЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ
АМИРОВА Бакытгул Кадырхановна, КАЙРБАЕВА Гульжан Гылымхановна
«№41 ЖОББМ» КММ

Шығыс Қазақстан облысы, Семей, Қазақстан
Kayrbaeva2016@mail.ru, Bakit-0812@mail.ru

Тәуелсіз ел ең алдымен ұлттық рухани-мәдени мұраларымен және ғылым мен біліміндегі жетістіктерімен сипатталады. Мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтып, халықтың қымбат қазынасын – әдеби-мәдени мұраларды жандандырып, ұлттық тектілікті сақтау, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру жолындағы маңызды жұмыстар білім мекемелерімен тығыз байланысты. Әр ұлттың болмыс-бітімі, мінез-құлқы, таным-түсінігі, салт-санасы мен көзқарасы сол елдің әдебиетінен көрініс береді. Адамның өмірі мен қоғамды көркемдік тұрғыда зерттейтін әдебиет – дүниетанушылық ғылымдардың ең жоғарғысы. Олай болса, ұлттық танымы жоғары, білімі орнықты, шығармашылықпен ойлай алатын өркениетті қоғамға сай адам болып қалыптасу үшін сөз өнерінің сан қырлы құпиясына бойлауға мүмкіндік беретін әдебиетке ынта мен қызығушылық ерекше болуы қажет. Өйткені әдебиет – халықтың ұлттық сана-сезімін, эстетикалық-көркемдік ойлау қабілетін байытатын қымбат дүние, сондай-ақ ғасырлар қойнауынан бүгінге дейін жалғасқан рухани құндылық.

«Қазақ әдебиеті – қазақ халқының ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің асыл қазынасы» [1].

«Қазақ әдебиеті» пәні енетін «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мақсаты оқушының тіл және көркем сөз туралы дүниетанымын кеңейту,

ғаламның шындық болмысын таныту және олардың функционалдық сауаттылығы мен прагматикалық қабілеттерін жетілдіру болып табылады. Пәнді оқытуда тәуелсіз еліміздің төл әдебиетін ұлттық құндылық ретінде бағалап қабылдауға үйрету және оқушылардың сөз өнері негізінде сөйлеу шеберлігін арттыру қарастырылады.

Жалпы орта білім беретін мектептердегі әдебиет пәні адамтану қызметін атқаратыны аян. Өйткені пәнді оқыту бойынша іріктелген білім мазмұны үнемі жетілдіріліп, кеңейтіліп отырады.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқи отырып, оқушылар халқымыздың бай ауыз әдебиеті үлгілері мен қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірінен бүгінгі күніне дейінгі кезеңдері туралы жүйелі білім алады. Әдебиетті сөз өнері ретінде оқыту, әдеби шығармаларды ұлттық қазына, ұлттық рух, шығармашылық іс- әрекет, мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қабылдау мәселесі негізгі ұстаным болып табылады. Білім мазмұнын меңгеру арқылы жас ұрпақ ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген мәдени құндылықтарды, әдет-ғұрып пен салт- дәстүрлерді таниды.

Қазіргі оқу бағдарламаларының білім мазмұнына нағыз сөз өнері биігінен көрінетін поэтикалық қуаты мықты, жарқырап тұрған алмас жырлар мен шебер жазылған көркем шығармалар енгізілген. Осы шығармалардың ой қазығы, сюжеті, композициясы, жанрлық сипаты мен кейіпкерлерін, ондағы халықтық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлер көрінісін, табиғат суреті, қаламгерлердің сөз қолданыстарын зерделеуге мүмкіндік алады, сол арқылы оқушылардың өзіндік ой толғамын айтуына, шығармашылық жұмысқа бейімделуіне жол ашылады.

Мектептегі әдебиетті оқыту көркем бейне арқылы көрінетін ақиқатты меңгертуді көздейді. Көркем шығарманың адамгершілік, эстетикалық байлықтарын игеру оқушылардан шығармашылық қиялды, көркем шығармаларды талдау және бағалауды, тілдік машықтарды, өнер тілінің шарттылық ерекшеліктерін білуін талап етеді. Бұның бәрі жинақталып келгенде, оқушылардың адам мен табиғат арасындағы, адам мен адам және адам мен қоғам арасындағы белсенді қарым-қатынасының, дүниетанымының, көркемдік талғамының қалыптасуына қызмет етеді.

Мұндай мүмкіндікті туындататын, әрине, мектептегі қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі. Яғни, А.Байтұрсынов сөзімен айтқанда, «дерексіз нәрсе, деректі нәрседей, жанды нәрсе, жансыз нәрседей суреттеліп, адамның сана- саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жеткен» ауыз әдебиеті жауһарлары мен қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларды өз бетімен кеңінен оқуға қызығушылығын арттыру, шәкіртті сол жолға бағыттау және ана тілінің көркемдік қасиетін дарыту, тілді дұрыс және орынды жұмсауға тәрбиелеу пән мұғалімінің басты міндеті болып саналады.

Көркем шығармаларды оқыту арқылы оқушының балалық қиялы мен еркін ойлауына, жастық арманына қанат бітіріп, «ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенше айтуға жарайтын» (А.Байтұрсынов) әсем тілдің тереңінен қанып ішуіне мүмкіндік жасау көзделеді. Сонымен қатар, ұлы ұстаз М.Әуезовтің «әдебиет - тіл мен әдебиет»,

«...әсіресе, романдар оқушыға тіл де үйретеді. Өз тілінде кенеулі ой таратып,

көрікті, шешен, шебер сөйлеуге баулиды» деген парасатты ойы қазақ әдебиеті пәні мұғалімінің бұлжытпас ұстанымы болуы тиіс. Мұғалімнің біліктілік деңгейі мен педагогикалық шеберлігі арқылы



оқушының пәнге деген, жалпы көркем әдебиетке деген адами қызығушылығы оянады және жылдар өткен сайын ол қызығушылық өмірлік қажеттілікке айналады.

Осы үрдістен шығу үшін қазақ әдебиетінің болашақ мұғалімін даярлау мәселесі де маңызды. Өйткені пән мұғалімінің өзі әдебиетті жетік білмесе және оны терең сүймесе, бұл міндетті атқара алмайды. Бұл Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандартында қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалаврының біліктілік сипаттамасының бірі «Әлемдік және ұлттық руханият, ізгілік пен имандылық, адамгершілік тәрбиесі бойына сіңген, қоғамның жоғары саналы азаматын қалыптастыру» деп айқындалған [2]. Яғни мектепке келетін маман осы стандарт талаптарына сай даярланған жағдайда мектептегі пәнді оқытудың мақсат-міндеттеріне жетуге болады.

Ұлы ағартушымыз А. Байтұрсынов өз заманында-ақ «Мектептің жаны да, жүрегі де оқыта білетін мұғалім» деп айтқан дана сөзі бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Өйткені заман да, қоғам да өзгергенімен мектеп мұғалімінің негізгі міндеті өзгермейді. Яғни мұғалім қоғам дамуынан ешуақытта тыс қалмай, заман ағымына сай өздігінен білімін жетілдіріп, әсіресе, оқытып отырған пәні бойынша жаңалықтардан дер кезінде хабардар болып, оны оқу үдерісінде шеберлікпен пайдалана білуі керек. Еліміздегі ғана емес, әлемдік деңгейде болып жатқан кәсіби жаңалықтарды қазіргі ақпараттық технологиялар арқылы тиімді қолданып, оқушыларды төл әдебиетімен қатар әлем әдебиетіне де қызықтыруға болады.

Мұғалім бойындағы бұл сапалар жоғарғы оқу орнында қалыптасуы қажет. Бұл жоғарыда көрсетілген стандартта қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалаврының білім деңгейіне қойылатын талаптардың бірі ретінде «ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды педагогикалық қызметінде жоғары маманданған пайдаланушы деңгейінде қолдану» деп көрсетілген. Демек мектепке келетін жас маман осы талаптар деңгейінде даярланса, педагогикалық қызметінің алғашқы жылында-ақ оқушы жүрегіне жол таба алары сөзсіз.

Әр мұғалім сабақты шығармашылық мәнде жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, үйренуіне, білген нәрселерін белсенді сөзді қор ретінде қолдана білуіне жағдай жасайды. Бұл Я.Коменскийдің

«сабақта мұғалім аз үйретсін, оқушы көп үйренсін» деген қағидасымен және қазіргі оқыту үрдісінде оқушыны өз әрекетінің субъектісі деп тануды негіздейтін жаңа педагогикалық парадигмамен терең ұштасып жатыр. Оқушылар көркем шығармалар арқылы елінің бай тарихымен, көп қырлы мәдениетімен, келелі әдебиетімен, халықтың өнегелі салт-дәстүрлерімен танысып, білімдерін молайтады. Қазақ әдебиеті оқулықтарында берілген шығармаларды оқыту арқылы мұғалім оқушылардың таным көкжиегін дамытуды білімдік мақсатпен қатар басты назарда ұстағандары абзал. Пәннің білім мазмұнындағы шығармаларды оқытуда жазушының айтпақ ойын дәл тауып, шеберлікпен бере білгенде ғана мақсатқа жетеріміз сөзсіз.

Мұғалім сабақ үрдісінде материалды дайын күйінде бермей, оқушының ізденісіне жол ашуға түрткі болатындай әдіс-тәсілдерді таңдап алуы қажет. Сонда ғана оқушы шын мәнінде өзіндік ойлау қабілеті бар, құзыретті жеке тұлға болып қалыптасады. Сонау ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов:

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Білім мазмұны қандай болмасын оны талаптағыдай оқушыға жеткізе білу – пән мұғалімнің ең негізгі кәсіби міндеті.

Иә, кейінгі жылдары мектеп оқушылары көркем шығарманы оқымайды, жалпы халық әдебиеттен алыстап кетті деген сөздер жиі айтылып жүргені рас. Ол әңгіменің бастауы мектеп деп қарастырады, оның да жаны бар. Өйткені адамның өміріне азық болар барлық жақсы қасиеттер мектеп жасында қалыптасатыны, дамитыны рас. Мектеп қабырғасында бойына сіңбеген көркем әдебиетке деген қызығушылық, оқырмандық мәдениет адамға кейін 17-20 жаста қалыптаса қоюы екіталай. Сондықтан қазіргі ақпараттың тасқындаған, ғаламтордың өмірге қарқындап енген заманында шәкіртін кітап оқуға баулу әдебиет пәнінің мұғалімі үшін оңай шаруа емес екенін де аян. Дей тұрғанмен пән мұғалімі алдына келген болашақ ел тұтқасы болар азаматтарды төл әдебиетіне жанашырлықпен қарайтын, оны тереңнен сүйіп оқуға даяр адам болуға тәрбиелеуді негізгі міндеті ретінде түсініп, сол тұрғыда жүйелі жұмыстар атқарса ғана нәтижеге жетеріміз анық.

Сонымен қатар жалпы орта білім беретін мектептердегі қазақ әдебиеті пәнінің мақсат-міндеттерін жүзеге асыруда оқулықтың алар орны ерекше.

Оқулық – оқушыға берілетін білімнің маңызды қайнар көзі және оқу бағдарламасындағы білім мазмұнын меңгертетін басты құрал. Өйткені оқулық нақты білімді игеруге, оқушыда білім мен дағдыны қалыптастыруға, өз бетінше шығармашылық қызмет тәжірибесіне қажетті ақпаратты іздеуге



мүмкіндік туғызады. Білім беру, дамыту, тәрбиелеу оқулықтың атқаратын негізгі үш міндеті болып табылады.

Ғалым С.Г. Шаповаленко «Оқулық – ғылым негіздерін меңгеру үшін оқушыларға арналған құрал. ... Оқулықтарда белгілі бір мөлшерде оқу пәндерін оқыту әдістемесі де көрініс табады» [3] – деп тұжырымдаса, белгілі ғалым В.П. Беспалько «Оқулық жазу – онай шаруа емес, нағыз оқулықтар жасайтындай кемелдену үшін педагогика жөніндегі қазіргі ғылыми монографияларды байыбына жете зерттеп оқыған (жай оқу емес!) жөн» [4], – деп, оқулық әзірлеудің күрделілігі мен жауапкершілігін айқындай түскен. Отандық оқулықтану мәселесі жөнінде ауқымды зерттеулер жасаған елімізге белгілі ғалым А.Қ. Құсайынов

«Оқулық оқу материалына онымен жұмыс істеу әдістемесін қоса ұсынады, яғни мұғалімге оқу материалын қалай оқытып, меңгертудің, оқушыға қалай оқып меңгерудің тәсілдерін береді. Басқаша айтқанда, оқулықта білім беру мақсаттары мазмұн мен әдістер түрінде нақтыланады» [5], – деп пайымдайды.

Оқулықтағы материалдар оқушының жас және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты жүйелі құрылғанда ғана сапалы болмақ. Әрбір оқулық білім беру мазмұнының үздіксіздігін қамтамасыз етуі және жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға, оқу-әдістемелік

кешендеріне қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс. Сондықтан әрбір сыныптың оқулығы өзара тығыз байланыста, ал барлық дидактикалық материалдар, жаттығулар мен тапсырмалар оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, білімді тереңдетуге және сапалы меңгеруіне әсер етуі қажет. Егер оқулық көбінесе «академиялық» сипатта болып, яғни ондағы материалдар тек ғылыми тұрғыда беріліп, оқушының жас ерекшелігін ескеріп құрылмаған болса, онда оқушылар үшін оқулықпен жұмыс жасау қиындайды. Оқулықпен жұмыс істеу әдісі оқушылардың өздігінен жаңа білім мазмұнын қабылдауда, сыныпта алған білімдерін бекітуде, білік пен дағдыларын қалыптастыруда тиімді әдіс болып табылады. Әсіресе, оқушыға қазақ әдебиеті оқулығын пайдалануды төменгі сыныптардан бастап жүйелі үйрету оқушының пәндік білімді меңгеруіне ғана емес, сонымен қатар, ең маңыздысы, оның оқырмандық қызығушылығы мен мәдениетін дамытуға да әсері зор.

Қазақ әдебиеті пәнінің оқулықтары ұлттық рухани мұраны, оның әлемдік әдеби дамумен үндестігін әрі ұлттық дербестігін танытатын, ұлттың тарихы мен тағдырын терең сезіндіретін, әдеби туындылардың табиғатын терең түйсіндіретін бірегей еңбек болуы шарт деп түсінеміз. Сонда ғана оны оқыған ұрпақ ана тілін тағдырына балайтын, халықтық мәдениет пен салт- дәстүрді құрметтейтін, рухани жағынан толысқан, елжанды болары сөзсіз. Мектептегі қазақ әдебиеті оқулығының бабалар аманаты болған тамыры терең тарихымыз бен асқақ рухымызды, тұғырлы Тәуелсіздігімізді сақтап қалудағы маңызы ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы 5 том, Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. – 206-бет.
2. ҚР БҒМ 03.11.2010 № 514 бұйрығымен бекітілген, 08.08.2011 №349 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.
3. Шаповаленко С.Г. Учебник в системе средств обучения. М., «Педагогика», 1974, с.13.
4. Беспалько В.П. Теория учебника: Дидактический аспект. М., «Педагогика», 1988, с.7.
5. Құсайынов А.Қ., Асыллов Ұ.Ә. Оқулықтанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Рауан, 2000. – 26-б.

ТЕХНОЛОГИЯЛАНДЫРУ – БІЛІМ БЕРУДІ ІЗГІЛЕНДІРУ ҚҰРАЛЫ

АРКЕНОВА Сайран Жаркеновна
«№ 7 арнайы мектеп - интернаты» КММ
Павлодар, Қазақстан
jar-xan@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі білім беру мазмұны мәселесі қарастырылған. Мақалада замануи оқыту шарттары, құралдары мен әдіс-тәсілдері жөнінде айтылған. Сонымен қатар оқушыларға терең білім беру үшін жаңа технологияларды қолдану негізі көзделген.



Қазіргі таңда Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге мүмкіндік беретін жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Бұл үдіріс оқу-тәрбие үдерісінің теориясы мен практикасына әсер етпей қоймайды. Себебі, бүгінгі қоғамда күрделі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беруді дамытуға жаңаша қарауға, педагогикалық ғылымның қалыптасқан әдіснамасы мен парадигмасының өзгеруін талап етеді. Жалпы білім беретін мектептің негізгі сатысында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік кепілдемелерде көзделгендей, оқушылардың әлеуметтенуі, тұлғалық және кәсіби жағынан өз тағдырын өзі анықтай алуы, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуы, негізгі құзіреттілікті илену үшін қажетті сапалы білім – біліктерді қалыптастыруға бағытталған. Қазіргі педагогтардан талап замануи оқыту шарттары, құралдары мен әдіс – тәсілдерін игеруге қатысты функционалдық сауатты болуын керек етеді.

Қазіргі заманғы білім беру мазмұны жаңа әрекеттік білік түрлерінің енгізілуінен, бар ақпаратқа сүйеніп әрекет ету мен білім беру бағдарламаларын жеке тұлғаға бағыттай отырып, педагогикалық міндеттерді шығармашылықпен орындау қабілеттерінің дамуы. Ақпаратты ауызша айтып, жазбаша түрде, сондай-ақ телефон мен бейнесабактар, компьютерлік оқыту құралдары көбірек қолданыс табауда. Мұғалім мен оқушының жеке тұлғаға бағытталған өзара қарым – қатынасы педагогикалық үдерістің аса маңызды құрауыштарының біріне айналып келеді. Оқушыларда имандылық тәрбиелеу, оның бойында адамгершілік қасиеттерді дамытуға ерекше мән беріледі. Ұлттық білім беру жүйеміздің негізін гуманистік дүниетаным идеясы құрайды. Мұндай дүниетанымды қалыптастыру жеке тұлғаның бойында табиғат пен адамның ажырамас байланысын түсіну, авторитарлық және мифологиялық тұрғыда ойлаудан бас тарту, сабырлық, мәмілеге келуге бейім тұру, өзгенің пікірі, мәдениеті, құндылықтары мен сенімін құрметтеу сияқты қасиеттерді сіңіруді қажет етеді. Тұжырымдамалық іргетасын осы сияқты қағида-пікірлер құрайтын, бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін құру – Қазақстанның асқақ мұраты, оған жетудегі іс-қимылдарымыздың нәтижелі болуы білім беруді технологияландырумен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде еліміздегі білім беруді дамыту, оның мазмұны мен құрылымын жаңарту салт – дәстүрлер, әлемдік тәжірибе мен тұрақты даму принциптері негізінде жүзеге асыруға бағытталған. Осы негіздердің ішінен халқымыздың мәдениеті, әдет-ғұрыпы, жалпы адамзаттың біздің заманымызға дейінгі жинаған мәдени мұрасы, соның ішінде педагогикалық ой-пікірлер жүйесі, оның теориясы мен практикасындағы әлемдік деңгейдегі жетістіктер көрініс табауда.

Білім беру ұйымдарының алдында тұрған мақсат – жан-жақты білімді жеке тұлға тәрбиелеу. Олай болса, оқу процесін ұйымдастыру кезінде оқушыға: биологиялық, психологиялық, әлеуметтік және т.б. тұрғыдан тиімді әсер ету – өте маңызды. Жеке тұлғаның құрылымдық анықтамасын зерттелген ғылыми еңбектерде үш құрамдық бөліктері бөліп қарастырылады. Бұлар: психиканың функционалды механизмі – ақпаратты қабылдау, ойлау, сезім, ерік, өзін-өзі ұстай алуы, көңіл бөле алу мүмкіндігі; жеке тәжірибе – білім мен білік, дағды сипаттамалары, танып білу қабілетінің сапасы, жеке тұлғаның жалпы типтік қасиеті, мінезі, темпераменті, қабілеттері, жеке даму^[1]

Қазақстандық ғалымдар жеке тұлға дамуының мотивациялық процессуалдық және т.б. критийлерін қарастырады. Бұл реттегі, оқудың өмірімен байланысты болуы – білімнің саналы қабылдануының негізгі шарты.

Білім беру сапасы білім беру мекемелеріндегі оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің әртүрлі көрсеткіштерінің жиынтығы, яғни білім беру мазмұны, оқыту формасы мен әдістері бойынша анықталады. Сондықтан педагогика ғылымының ерекшелігі де – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруында. Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, қабілетінің дамуы, білуі мен танымдық белсенділігін арттыру – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын толғандырып жүрген мәселелердің бірі. Бұл сабаққа оқыту жүйесіне жоғары талап қояды қажет етеді. Біздің басты мақсатымыз – білім сапасы. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Мұғалім – тікелей оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне жаңалықты енгізуші, оқушымен бірлесе жұмыс істейтін белсенді әрекет иесі. Сондықтан да, ол мектепке жаңалық енгізуде шешуші рөл атқарады. Мектептегі оқу жұмысының сапасы мұғалімнің оқушылардың оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болады. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу. Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс. Оқу-тәрбие үрдісін оқушылардың өзара іс-әрекетімен мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының ойлау белсенділігін арттыруға, сабақта интерактивтік әдісті тиімді пайдалануға болады. Мұнда негізгі және жетекші үрдіс – іс-әрекетті оқытуды ұйымдастыру. Бұл технологияның ерекшелігі оқушылардың өздері ақпараттар жинап, өздері жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді. Ол



өз пікірін бір-біріне, топта, сынып алдында айта алады. Мұнда жеке тұлғаның рухын тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысын қалыптастыруға басты назар аударылуы тиіс. Білім мазмұнын меңгеруде оқушылардың жаңа процессуалдық біліктілігіне, ақпаратты алдын-ала болжау қабілеттерін және қойылған міндетті шығармашылықпен дамытуға көңіл бөлінеді. Әрбір сабақта оқушылардың оқу біліктілігімен қатар ойлауы, іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы және өзінің сана-сезімі дамып, қарапайым ойлау операциялары (анализ, синтез, салыстыру, сұрыптау) және шығармашылық іс-әрекеті қалыптасады. Қай салада болмасын, ондағы жұмыстың нәтижесі сапасымен өлшенеді. Мектептегі сан-салалы жұмыстың құйылатын арнасы да білімнің сапасында болатыны даусыз. Білім қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты - ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Сондықтан алға басқан сайын біз халқымыздың тарихи құндылықтар, ұлттық тіл қазынасын, яғни халық қазынасының бағалы жақтарын келешекке өзімізбен бірге индустриясы дамыған. Толық техникаланған болашаққа ала баруымыз керек, сонда ғана біздің ұрпақ өз тілегін, өз тілін, сабаққа деген қызығушылығын, қабілетін дамыта алады. Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай солардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре үйлесімді, әрі шығармашылықпен қолдану ұстаз шеберлігінің басты белгісі болмақ^[ii]. Оқушыларға терең білім беру үшін жаңа технологияларды қолдана отырып төмендегідей қағидаларды есте сақтаған жөн:

- Мұғалім пәнді өзі жетік терең біліп, оны балаларға жай, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып беруі қажет.
- Мұғалім оқушылардың жеке басының психологиясын жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білуі қажет.
- Мұғалім әр оқушыға, барлық сыныпқа талап қоя білуі керек.
- Мұғалім әр сабақта ғылым мен техника жаңалықтарын дұрыс қолдана білуі.
- Мүмкіндігінше кейбір үлкен тақырыптарды топтап, жеке блоктар түрінде топтай білуі.
- Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін жаңа сабақты тірек конспекттері мен жеке тірек белгілері бойынша беру.
- Сабақта балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі қызықты элементтерді пайдалану.
- Әрбір сабақ өз дәрежесінде өтуі қажет.

Қазіргі нарықтық экономиканың сұраныстарын қанағаттандыруға және экономиканың, өндіріс салаларының дамуына сай оқушыларға компетентті тұлға ретінде қалыптастыру үшін мұғалімдер оқытудың қазіргі технологияларын пайдаланып, оны одан әрі заман талабына сай жетілдіруі қажет. Осылай оқушылардың білім жетістіктерінің деңгейін көтеруге болады. Оқушының шығармашылық қабілеті практикалық әрекеттері, ізденімпаздығы арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушының арасында ынтымақтастық қатынас қалыптасады. Мұғалім бұл жағдайда білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық технологиялар саны жеткілікті әзірленген. Білім беруді жанартудың негізгі принциптерін білім берудің «ізгілік парадигмасын» іске асыруға бағытталған білімді ізгілендіру мен демократияландыру принциптерін анықтайды.

Қорыта келгенде, білім беру жүйесінде ұлттық моделін халықаралық моделіне теңестіруді мақсат етсек, ақпараттық технологияның оқыту үрдісіне кеңінен қолдануын қамтамасыз ету қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сейіткалиев Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. -2004
2. Әбиев Ж.Ә, Бабаев С.Б., Педагогика. -Алматы:Дарын, 2004



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУГЕ ҮЙРЕТУ

АХМЕТОВА Алтынай Максатовна, НИЯЗАЛИНА Жанна Уйкасбаевна

№51 гимназия

Ақтөбе, Қазақстан

Altinai.79@bk.ru

Аңдатпа

Мақала саналы қоғамды тәрбиелеуде ғылыми зерттеу жұмыстарының маңыздылығын түсініп, зерттеп, бақылап, эксперимент жасау арқылы қорытынды шығара білуге тәрбиелеу. Түйін сөздер: ғылыми зерттеу, шығармашылық қабілет, эксперимент жүргізу, қорытынды шығарып, талдау жасау.

Ұлы Абай Құнанбаевтың жетінші қара сөзіндегі «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Екіншісі – көрсем, білсем деп, ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, «ол неге өйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді», – деген ой тұжырым оқушының биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілік, зерттеушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс. Өйткені бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығы басым болады. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады. “Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының “ басты мақсаты оқушылардың талдау, синтездеу, әрі логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, яғни оқушылардың сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету, оқушыны ізденуге, өз бетімен қорытынды жасауға үйрету болып отыр. ”Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз” демекші, бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сондықтан қазіргі мектептің басты мақсаты – баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің ашылуына қолайлы жағдай жасау. Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізгі нысаны-жас ұрпақтың біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Бәсекеге қабілетті жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін оқушыны ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге үйрету бастауыш сыныптан басталуы қажет. Оқушының танымдық өзгертушілік әрекеті зерттеушілік деп аталатын әдістің көмегімен жүзеге асырылады. Шығармашылық қабілетті дамытудың құралдары мен түрлі жолдарының арасында оқушының өзіндік зерттеу тәжірибесі өте тиімді болып табылады. Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі. Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез. Зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі. Бастауыш сыныптарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің үлкен мағызы бар. Оқушының ғылымға, білімге деген қызығушылығын арттыру, еркіндікті сүйетін жауапты рухы биік адам тәрбиелеу және өзіне деген сенімділігін қалыптастыру. Тақырыпты таңдау 1. Ғылыми зерттеу табыстылығының маңызды шарты-тақырыпты дұрыс таңдау. Тақырыпты таңдау – біржолғы процесс емес және қиын өзіндік ізденістің нәтижесі болып табылады. Тақырып оқушыларға қызықты, оларды тартатындай болу керек. Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек. 2. Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін тақырып аясын таңдау керек. Тақырып шынайы болу керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік 302 элементтері болу керек. 3. Зерттеу жұмысының басты шарты–оның жаңалығы және өзектілігі. Жұмыстың сәтті болуы үшін зерттенудің мақсаты мен міндеттерін ұғыну қажет. 4. Мақсат–бұл зерттеушінің ізденіс нәтижесі. Зерттеу мақсаты нақты және кол жетерлік болсын. 5. Міндеттер–қадамдарды, мақсатқа жету кезеңдерін көрсету болып саналады. Жұмыстың өзектілігі – яғни бұл жұмыстың қазіргі кезеңіндегі проблемасы. 6. Болжам-логикалық дәлелденбеген, тәжірибемен нақтыланбаған алдын ала ойластырылмаған білім 7. Зерттеу түрлері: 1) теориялық 2) фантастикалық 3) эксперимент 8. Теориялық–зерттеу мәселелерін теориялық талдау. Мәселелердің маңыздылығын,



оның ерекшеліктерін, осы тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды сипаттау, сондай-ақ оның бүгінгі таңдағы шешілу жолдары. Осының барлығы зерттеу бөлімінің 1-ші теориялық мазмұнын құрайды. 9. Қорытындыда болжамды дәлелдейтін жобаның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары мазмұндалады, ұсыныстар беріледі. Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу мақсатында «Мен-зерттеушімін», «Мен – жобалаушымын» деген дәптер арнату. Дәптерге оқушылар ғылым әлеміне енудің түрлі жолдарын жазады, ұлы ғалымдар еңбегі, өмірінен мәліметтер береді. Оның маңызы оқушыларға практикалық та, теориялық та көмек бере алатынында. Ол әр баланың алдында жатады. «Мен-зерттеушімін» тақырыбында оқушылармен «дөңгелек стол», әңгімелер өткізуге болады. Алғашқы әңгімелерде «ғылыми жұмыстардың түрлері» сөз болады. Бұл жұмыстың тиімділігі оқушылардың ғылым туралы ұғымдарын кеңейтуге ықпал етіп, іздену, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстырады. Педагогикалық үрдісте балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы қажет. Зерттеу білігі мен дағдысы тек ғылыммен айналысатын адамға ғана емес, сондай-ақ әр адамның түрлі саладағы қызметіне қажет. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады. Бастауыш сыныптан бастап ізденушілікке баулыса бала кішкентай кезінен өздігінен ой түйіп, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренеді, оны математика, логика сабақтарындағы оқушылардың белсенділіген байқауға болады. Оқушыларды зерттеуізденушілік жұмыстарға баулуды 2015 жылдан бері бастап, оқушылармен қызықты да өзекті тақырыптар таңдауға тырысамын. Өткен 2018оқу жылында оқушым Амангелді Айдана «Ұлттық сусынымыз қымыздың дайындалуы» ғылыми жобасын жоғары дәрежеде қорғап, республика көлеміндегі « Менің елім–мәңгілік ел» Республикалық рухани-патриоттық байқауына қатысып кіші жастағы оқушылар байқауында «Жас ғалым» бөлімі бойынша жеңімпаз атанып бас жүлдеге ие болды. Зерттеу әрекеттері бала жаратылысына тән: білуге құмарлық,байқау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу сияқты табиғи құбылыстарды ынталандыра отырып, олардың жеке қасиеттерін ашуға жағдай жасайды. Алайда,бастауыш сатыда зерттеудің әдістерін қолданудың өзіндік қиындықтары бар. Төменгі жастағы баланы зерттеу тақырыбымен «қинауға» болмайды. Әрине, ол табиғатынан туа біткен зерттеуші, бірақ алғашқыда оған бәрі арнайы түрде үйретіледі:проблеманы қалай анықтауға болады,болжамды қалай құрылымдау керек,байқауды, экспериментті қалай жүргізу керек, оның зерттеушілік табиғаты үнемі педагогикалық қамқорлықты қажет етеді. Баланың айналаны өз бетімен танып білуге деген ұмтылысы негізінде құрылған оқытуда зерттеу тәсілін пайдалану ерекше орын алады.Балаларды оқуда зерттеу тәсілін қолданудың қажеттілігі бола болмысының білмекке құмарлығымен, оны қоршаған дүниені зерделеуге деген қызығушылығымен түсіндіріледі.Оқушылардың өзіндік зерттеулері,олардың жеке қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар,өзіндік зерттеулер интеллектуалды және зерттеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Өзіндік зерттеулердің көмегімен оқушылар қоршаған дүниені тани келе,өздері үшін жаңа білімдерді «дайын күйде» алмай, өз бетімен ашады. Кіші жастағы балалар тәжірибесінде жеке және ұжымдық зерттеулер қолданылады. Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушының: Ой-өрісі мен рухани жан дүниесінің дамуына ықпал етеді: 303 • Өз бетінше жұмыс жасауға үйреніп,зерттеулер жүргізуге бейімделеді; • Ой жүйелілігі мен шешендік өнері қалыптасады; • Танып-білу, талдау-жинақтау, салыстыру, бастысын бөліпшығару, өмірде қолдану әдістерін меңгереді; • Оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттырып, оқушылардың жоғары шығармашылық деңгейін қамтамасыз етеді. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет. Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: /

1. Бұқаралық ақпарат құралдары
2. Интернет материалдары
3. Газет-журналдар
4. Уикипедия материалдары



БАЛАЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ МЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА БІРЛЕСКЕН ӘРЕКЕТІ

БЕГИМГУЖИНА Ляззат Сагинтаевна

М.Өтемісов атындағы БҚУ

Орал, Қазақстан

begimguzhina0272@mail.ru

Аннотация

Мақалада салауатты өмір сүру салты жөнінде ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалады, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара бірлескен әрекеттердің сипаты және оны құру жағдайларын қарастырылады.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі балалар, денсаулық, салауатты өмір салты, отбасы мектепке дейінгі ұйым, өзара бірлескен іс-әрекет, тәрбиелеу, қалыптастыру.

Қазіргі таңда білім беру ұйымдарының алдында тұрған міндеттердің бірі - жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қорғауға, қоршаған ортаны таза ұстауға және сапалы білім алып сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбилелеу болып табылады.

Салауатты өмір салты - тұлғаның мінез-құлығы, өнімді ұйымдастырылған және белсенді еңбегі, шынығу, қоршаған ортаның қолайсыз әсерлерінен өзін қорғау ұстанымдарына деген бағыттылық, психикалық және физикалық денсаулық сақтауға көмектесетін өмір салты.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мен халықтың денсаулығын нығайтуға арналған «Қазақстанның - 2030 жылға дейінгі даму стратегиясымен» анықталған басты міндеттерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану концепциясы», «Салауатты өмір салты кешенді бағдарламасы», «Қазақстан Республикасының медициналық профилактика мен салауатты өмір салтын қалыптастыруды жетілдіру бойынша іс-шаралар туралы» бұйрығы, «Республикада денсаулықты нығайтудың аудандық (қалалық) орталықтарын құру туралы», «Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша мамандар дайындау туралы» құжаттар қабылданған болатын.

Демек, қазір еліміздегі әлемдік жаһандану жағдайында, жалпы қоғам, отбасы, мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің алдында балалардың салауатты өмір сүру дағдысына бейімдеу шараларын жетілдіру жұмыстары мен талаптары жүзеге асырылуда.

БҰҰ-ның Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының берілген анықтамасы бойынша денсаулық дегеніміз адамның дене бітімінің кемістігінің жоқтығы мен аурулардың болмауы ғана емес, оның физикалық, рухани және әлеуметтік жағдайының сәтті болуы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасында мектепке дейінгі жастағы балалардың денесін және психологиялық саулығын нығайтуға, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу деп атап көрсетілген [1].

Мәселен «Денсаулық» білім беру саласының мазмұны балалардың толыққанды денесі мен психикалық дамуына, ағзаларын шынықтыруға, негізгі қимылдарын дамытуға, баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, өзінің тіршілік әрекетінде қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыруға, салауатты өмір салтына баулуға жағдайлар жасауға бағытталған.

Ғалым психолог А.Н.Леонтьев, салауатты өмір сүру - өмірдегі өз орнын білу, өмір сүруге ұмтылыс жасау, алға қойған мақсатқа жету жолдарынан тұратынын атап көрсетті. Ол өзінің зерттеулерінде салауатты өмір салтының категорияларын салауатты өмір сүру қалпы; салауатты өмір сүру мәні; салауатты өмір сүру деңгейі; салауатты өмір сүру сапасы; салауатты өмір сүру стилі; салауатты өмір сүру дағдысы мен құрылымдарын жіктеп көрсетті [2].

Адамның салауаттылық қасиеттері жайында Мағжан Жұмабаев «әр адамның өзін-өзі сүюі, яғни жақсылық тілеуі, туысқанын сүюі, оларға жақсылық тілеуі, пайда келтіруі, зиян келтірмей, басқаларға да зиян жасамауы - ең басты міндеті», - деп пайымдайды [3].

И.Т.Левкина «салауатты өмір сүру әркімнің өз мамандығы деңгейінде дұрыс игеріп, өнімді еңбек етіп, тұрмыстық жағдайын түзете отырып, қоршаған ортаға қарым-қатынас жасай білуінде» екенін атап көрсете келіп, ол «адамның салауатты өмір сүруі - адам мәдениетінің бөлігі, өмір сүру құндылығына байланысты», - деп сипаттайды. Салауатты өмір салты – тұлғаның мінез-құлығы, өнімді ұйымдастырылған және белсенді еңбегі, шынығу, қоршаған ортаның қолайсыз әсерлерінен өзін қорғау ұстанымдарына деген бағыттылық, психикалық және физикалық денсаулықты сақтауға көмектесетін өмір салты [4].



Заманауи білім беру парадигмасы отбасы мен мектепке дейінгі ұйымда тәрбиені дамытудағы гуманистік үрдістермен сипатталады, бұл педагог-тәрбиеленуші, педагог-ата-ана, ата-ана-бала (А.Г. Гогоберидзе) жүйесіндегі субъект-субъектілік қатынастардың дамуын ұсынады. Мұндай қатынастардың негізінде адам, оның қоршаған әлемдегі орны, оның даму заңдылықтары туралы білім жатыр. Бұл теориялық ережелер отбасы мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылының жаңа тәсілдерін сипаттайды [5].

Бүгінгі таңда отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара әрекетінің жаңа философиясының негізінде - балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың жауапты болу идеясы бар, ал барлық басқа әлеуметтік институттар көмек көрсету, қолдау, білім беру қызметін толықтыру үшін көмек болады. Отбасы тәрбиесінің басымдылығын мойындау отбасы мен мектепке дейінгі мекемеге қатысты жаңа бағыттарды талап етеді. Бұл қатынастардың жаңалығы ынтымақтастық пен өзара әрекет ұғымдарымен айқындалады. «Отбасы-мектепке дейінгі ұйым» контекстіндегі басты мәселе - педагог пен ата-аналардың отбасындағы нақты баланы тәрбиелеу процесіндегі жеке өзара әрекеті болып табылады [6].

Өзара іс-әрекет ұғымы педагогика, психология, әлеуметтану және т.б. ғылымдарда негізгі ұғым болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасының бірлескен әрекеті мәселелері О.И.Давыдова, Т.А.Данилина, О.А.Зверева, Т.В.Кротова, т.б. еңбектерінде жарық көрді.

Философияда «өзара әрекеттесу» ұғымы табиғи және қоғамдық құбылыстардың өмір сүру принципі, материяның құрылымдық деңгейлерінің өзара байланысы, әлемнің материалдық бірлігі ретінде айқындалады. Философиялық категория ретінде бұл ұғым жүйелердің өзара байланыс үрдісін, олардың өзара шарттылығын, жай-күйінің өзгеруін, өзара ауысуын көрсетеді.

Өзара бірлескен іс-әрекет категориясы қоғамдық құбылыстарды танудың маңызды әдіснамалық негізі болып табылады. Өзара бірлескен әрекет - тек бастапқы сәт ғана емес, объективті шындықты танудың соңғы нәтижесі. «Өзара бірлескен әрекет» ұғымы жалпы мағынада қозғалыстың эмбебап, жалпы формасын, объектілердің бір-біріне әсерін көрсетеді. Адам үшін бұл қоршаған әлемнің түрлі объектілерімен өзара іс-қимыл жасауға ұмтылуға тән. Өзара бірлескен әрекет арқылы адам табиғи және қоғамдық құбылыстарды, заңдылықтарды, процестерді түсінеді, қоршаған ортаға бағдарланады, өзінің ойлауы мен мінез-құлқының тәсілдерін анықтайды. Адамның қарым-қатынасқа, оқуға, білімге, өз дамуына деген қажеттілігі осы ұғыммен байланысты (К.А. Абульханова-Славская, т.б.).

С.И.Ожеговтың сөздігінде әрекет екі құбылыстың өзара байланысы, өзара қолдауы (екі жақты) ретінде түсіндіріледі. Тұлғааралық қатынастар деңгейіндегі өзара әрекет нақты әрекеттегі байланыс, субъектілер арасындағы өзара тәуелділік ретінде әрекет етеді, оның оң мақсаты - бірлескен қызметте ақпарат алмасу негізінде өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа қол жеткізу. Өзара әрекет субъектілердің олар үшін маңызды проблемаларды шешу кезінде бірлескен мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу жөніндегі келісілген қызметі түрінде әрқашан дамиды [7].

Субъектілер арасындағы өзара әрекеттің табысы олардың ортақ мақсатын, міндеттерін қабылдауға, шешімнің келісілген жолдарын табуға, коммуникацияның қолайлы психологиялық ахуалын белгілеуге, қол жеткізуге және жалпы жоспарларды жүзеге асыруға дайындығымен айқындалады. Өзара әрекет субъектілерінің ұстанымының сипаты көбінесе білім, білік, кәсіби дайындық және әлеуметтік-мәдени тәжірибе деңгейімен айқындалады.

Өзара әрекеттің жүйелік құрылымы мақсатты, мазмұнды және коммуникативтік компоненттердің бірлігі ретінде қарастырылуы мүмкін. Жүйе құраушы буынның рөлін «мақсат – нәтиже» орталық байланысын атқарады, ол бірлескен қызметтің жалпы мақсатын және өзара іс-қимылдың жалпы қорытындысын бірыңғай түсінумен өзара әрекет субъектілерін біріктіреді. Нәтижелерге қол жеткізу үшін субъектілердің бірлескен қызметінің мақсаттары, құралдары мен әдістерін көрсететін өзара әрекеттің негізгі компоненті орталық «мақсат-нәтиже» қатынасымен логикалық түрде байланысты. Мақсатты және мазмұнды компоненттерді іске асыру шарты субъектілердің өзара әрекетінің эмоциялық-психологиялық аспектісін: олардың тілектестігі, өзара құрмет, өзара түсіністік, қарым-қатынасқа дайындықтарын құрайды. Тек мақсатты, мазмұнды және коммуникативтік компоненттер келісілген жағдайда ғана өзара әрекет процесі тиімді болады.

Өзара бірлескен іс-қимыл жағдайларын құру үшін келесідей жағдайларды жобалау қажет:

- өзара бірлескен әрекетті ұйымдастырудың әртүрлі кезеңдерінде шешім қабылдау кезіндегі іс-қимылды талқылау мен орындауда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын белсенді түрде қосуға;
- барлық білім беру субъектілерінің зерттеу ұстанымына;
- мінез-құлықты объектілеуге, бұл тұрақты кері байланыс алуды көздейді;



• бұл әрбір адамның жеке басының құндылығын, оның пікірін, мүдделерін, ерекшеліктерін, тұлғалық өсу перспективасының ұмтылыстарын мойындау және қабылдау дегенді білдіреді.

Өзара бірлескен іс-әрекет сипаты құрылымдық негізде келесідей үш белгіге бөлінген: өзара әрекет жасайтын тараптардың бір-бірінің мүдделеріне қатынасы; бірлескен қызметке ұғынылатын жалпы мақсаттың болуы; өзара әрекетте бір-біріне деген қатынасы.

Педагогтар мен ата-аналардың өзара бірлескен әрекетін зерттеуде біз енді ынтымақтастық пен диалог тұрғысынан қарастыратын боламыз. Ынтымақтастық - қызметтегі ұстанымдардың, психологиялық ғылым тілінде, бірлескен қызметте субъекттік қатынастарды ұйымдастырудағы келісімділіктің ең жоғары деңгейі.

Ынтымақтастықтың негізгі белгілері: мақсатқа бағытталу (жалпы мақсатқа ұмтылу); мотивтілік (бірлескен қызметке белсенді, мүдделі қарым-қатынас); тұтастығы (қызметке қатысушылардың өзара байланысы); құрылымдық (жауапкершілік құқықтары мен міндеттерін нақты бөлу); келісімділік (қызметке қатысушылардың іс-әрекеттерін өзара келісу, қақтығыс деңгейінің төмендігі); ұйымшылдық (қызметтің жоспарлы болуы, басқару және өзін-өзі басқару қабілеті); нәтижелілік (нәтижеге жету қабілеті).

Диалогтық өзара әрекет серіктестер позицияларының теңдігін, өзара әрекет жасайтын тараптардың бір-біріне құрметпен, оң қатынасын болжайды, және оның құрылымында когнитивті және эмоциялық компоненттердің басым болуымен сипатталады.

Мұндай өзара әрекет «серіктесті сезінуге» жақсы білуге, түсінуге және келісімге келуге көмектеседі.

Осылайша, жоғарыда келтірілген анықтамалардың негізінде өзара әрекеттің педагогикалық сипаттамасын былайша көрсетуге болады: мақсаттарды, әдістерді, әрекеттерді келісу; өзара әсер ету; күш біріктіру болып саналады. Бұл жерде білім беру процесінің субъектілері арасында оны табысты дамыту үшін ақпарат, ой, эмоциялар алмасудың маңыздылық танытады. Сондай-ақ, өзара әрекет - бұл әлеуметтік құбылыс. Өзара әрекет маңызды құндылық болған кезде болуы мүмкін және бұл баланың денсаулығы, оның жеке басының дамуына маңыздылық танытады.

Әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсынымдар – Астана: 2016. 23 б.
2. Леонтьев А.Н. Потребности, мотивы, эмоции. М., 1971.- 38 с.
3. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Рауан, 1992.- 112 б.
4. Левкина И.Т. Состояние и основные тенденции развития образа жизни советского общества. М., 1988.- 89с.
5. Гогоберидзе А.Г. Целостный педагогический процесс как критерий здорового образа жизни ребенка дошкольного возраста и работа образовательный учреждение о здорового детей. /Под ред. проф В.В. Колбанова - ОПб.: СПб АППО. 2006 - 80 с.
6. Куликова Т.А. Семейная педагогика и домашнее воспитание. - М.: Академия, 1999. - 232 с.
7. Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка / Под ред. проф. Л.И. Скворцова - 28-е изд. перераб. - М.: Мир и образование, 2014. - 1376 с.

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ В РАЗВИТИИ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И КУЛЬТУРЫ

БЕКБАЕВ Даурен Капашевич

"ASTANA POLYTECHNIC " жоғары колледжі" ШЖҚ МКК

Нұр-сұлтан, Қазақстан

Dauren_80k@mail.ru

В современном мире когда развитие инноваций, робототехники, технологии и различной научно-технической революционной промышленности XXI века является основой любого прогресса и государства в целом, этот показатель, как нельзя лучше показывает продвижение различной сферы экономики в различных отраслях науки и техники.

Бесспорно, также в развитии обязательно должно идти образование наука и культура которые в общем тандеме создают конкурентноспособную и отвечающую современным требованиям личность



с высокоразвитой образовательной культурной главной конкурентноспособная личность отвечающая всем современным требованиям времени.

В эпоху данного времени в век глобального развития промышленной индустриальной революции в мировом масштабе эта тенденция является актуальной и необходимой в плане развития человеческого капитала, где главным стержнем был и остается человек и его уровень образования как в профессиональном так и в индивидуальном плане.

Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев в Стратегии развития Казахстана до 2030 года отметил, что высокообразованное население с высоким уровнем научного и творческого потенциала является важным преимуществом государства [1]. Имеющийся бесценный капитал, оставшийся в наследство от системы образования бывшего Союза, необходимо развивать и создавать все новые и более цивилизованные условия для его развития. Переход экономики на инновационный путь развития и в целом социально-экономическая ситуация в стране требует пересмотра некоторых приоритетов в политике и концентрации взглядов на построении нового типа общества, основанного на интеграции трех основных элементов: образования, инноваций и науки.

Обращая внимание, к примеру, на уровень гуманитарных знаний выпускников средней и высшей школы, мы можем заметить несоответствие системы образования требованиям, которые диктует современное развитие общества. Весьма очевидны такие неутешительные выводы, как слабое знание иностранных языков, низкий уровень владения литературным нормативным языком, невысокое умение логично выражать свои мысли, недостаточное знание мировой и отечественной истории, ценностей и истории культуры, а также юридическая, экономическая и политическая безграмотность.

С учетом этих внутренних и внешних вызовов система образования должна пройти глубокую поэтапную стратегическую модернизацию. Учебно-воспитательный процесс является базисом образовательного процесса, поэтому его модернизация всегда играет главную роль.

На данном этапе в век информационных технологий образовательных платформ и научных достижений в разной сфере человеческой жизнедеятельности, и в мировом пространстве наука шагнула и сделала большой скачок в развитии человеческого интеллекта а также мы видим и развитие искусственного интеллекта получает большую популярность в мировом сегменте образовательного пространства это также показатель достижения и развития человеческой цивилизации.

Все данные достижения предназначены безусловно для создания условий и комфорта жизни для человека его быта досуга работы, учебы, здоровья.

И в будущем конечно все накопленные и развитые достижения человечества будут безусловно и в дальнейшем также служить для человеческого общества и на благо человека.

Список использованной литературы:

1. Стратегия развития «Казахстан 2030».
Всем 170 пациентам проведено хирургическое лечение пояснично-крестцового остеохондроза, в объеме интерламинарного удаления грыжи межпозвоночного диска задним доступом по Caspar. Далее в ранний послеоперационный период, на 12-14 сутки, были розданы опросники: 1. Визуальная аналоговая шкала (ВАШ) - для определения субъективного ощущения боли. 2. Анкета качества жизни Осверти - качественная оценка нарушения жизнедеятельности, вследствие дегенеративного поражения позвоночника. 3. Субъективная оценочная шкала Макнаб (Macnab) - для оценки пациентом своего



лечения. 4. Шкала функционально-экономического исхода Проло - отражает экономическую составляющую и способность к физической деятельности. 5. Применение болеутоляющих средств.

Результаты

Визуальная аналоговая шкала (ВАШ) была нами условно разделена следующим образом:

- 0 нет боли;
- 1-2 лёгкая боль;
- 3-6 средняя боль;
- 7-10 сильная боль.

По результатам опроса пациентов с корешковым болевым синдромом в ранний послеоперационный период, который составил 12-14 дней: нет боли - у 32,4% пациентов; лёгкая боль - отмечалась в 48,9% случаев; средняя боль - в процентном соотношении составила у 18,7% опрошенных пациентов.

Таблица 2

Результаты опросника ВАШ в процентном соотношении

ВАШ	0 нет боли	1-2 лёгкая боль	3-6 средняя боль	7-10 сильная боль
Количество пациентов	55	83	32	-
Процентное соотношение	32,4 %	48,9%	18,7%	-

Анкета качества жизни Осверти использовалась в версии 2.1а. Исходом данного опросника являются две группы пациентов, первая группа - 15-35 баллов, вторая - 36-55 баллов соответственно. Первую группу составили 125 пациентов (73,6%), в которой у большей половины, а точнее у 57,4% пациентов боль отсутствовала совсем, а в остальных 42,6% случаев боль по данным опроса оказалась минимальной (табл. 2). Вышеуказанные данные свидетельствуют об успешно проведенных операциях, значительном снижении болевого синдрома и восстановлении трудоспособности пациентов. Вторая же группа, составившая оставшиеся 45 пациентов или 26,4% набрали в результате анкетирования более 35 баллов (табл. 2). Данная группа респондентов испытывает постоянные умеренные боли в спине, вынуждены принимать болеутоляющие препараты, соответственно испытывают функциональные и экономические трудности, ввиду ограничения трудоспособности.

Шкала функционально-экономического исхода Проло - целевая группа для данного опроса - пациенты, которым была проведена операция на позвоночнике. Данная анкета оценивает экономический и функциональный исходы. В итоге все опрошенные были сгруппированы в следующие группы:

- 9-10 баллов – Отлично - 94 пациента
- 7-8 баллов - хороший результат - 62 пациента
- 5-6 баллов - удовлетворительный результат - 13 пациентов
- Менее 4 баллов - плохой результат - 3 пациента

Таблица 3

Результаты опросника шкалы Проло

Шкала Проло	9-10 баллов	7-8 баллов	5-6 баллов	Менее 4 баллов
Количество пациентов	94	62	13	3
Проценты	55,2%	36,5%	7,6%	1,7%

Больше половины пациентов, а точнее 55,2% полностью восстановились после хирургического лечения, отсутствуют эпизоды болей в спине, абсолютно полностью вернулась возможность к физическому труду (табл. 3). 36,5% оперированных пациентов отметили, что на момент опроса боли отсутствуют, но ранее они испытывали один и более приступов болевого синдрома или ишиаса. У 7,6% опрошенных уровень болевых ощущений низкий, и они способны выполнять все виды деятельности, но длительная физическая активность ограничена. И только у 3 пациентов, которые составили 1,7%, умеренно выраженный болевой синдром, который ограничивает их трудовую и физическую активность (табл. 3).

Обсуждение

В представленном анализе показана оценка раннего послеоперационного периода у пациентов, которые перенесли интерламнарное удаление грыжи межпозвоночного диска. Полученные нами результаты показали, что больше половины пациентов указали в анкетах и опросниках о значительном улучшении их состояния после проведенной операции. Анкеты-опросники позволили получить данные о степени тяжести боли, наличии благополучия, о состоянии здоровья пациентов, также возможности ходить, сидеть, спать в послеоперационном периоде без применения болеутоляющих



препаратов, указали о значимых изменениях по всем этим показателям, что свидетельствует о снижении болевого синдрома в раннем послеоперационном периоде у пациентов с межпозвоночными грыжами диска. Отмечается тенденция к улучшению состояния здоровья и общего самочувствия в раннем послеоперационном периоде, на что указывают данные, полученные при опросе 170 пациентов, о способности ими ходить, сидеть, заниматься трудовой и физической деятельностью и, конечно же, сон. Делая вывод, можно утверждать, что из данных ВАШ, степень тяжести боли была меньше на послеоперационных этапах.

Результаты

Все пациенты заполняли анкеты в раннем послеоперационном периоде. Опросники охватывали вопросы, которые касаются прежде всего степени тяжести боли (ВАШ), уточнялась переносимость болевого синдрома, общего самочувствия, возможности пациента самостоятельно ходить, стоять и качество сна.

Исходы оперативного лечения пациентов из заднего доступа позволяют нам достичь значительного эффекта в большинстве случаев, 55,2% пациентов указали на быстрое купирование болевого синдрома в раннем послеоперационном периоде, что расценивается как отличный результат, и в 48% случаев с хорошим результатом.

Использование анкет позволяют разнонаправленно оценить послеоперационные исходы. В подходах к применению анкет следует подходить дифференцированно, в зависимости от поставленных задач. Для оценки болевого синдрома в дооперационном периоде, по нашему мнению, лучше всего подходит применение визуально-аналоговой шкалы и субъективной оценочной шкалы. Что касается раннего послеоперационного периода, для оценки функционального и экономического исходов, дееспособности и трудоспособности пациентов эффективнее использовать анкету качества жизни Осверти.

Список литературы

1. Frymoyer J. Lumbar disc disease: epidemiology // Instr Course Lect. – 1992. – 41. – P. 217-23.
2. Matsui H., Kanamori M., Ishihara H. et al. Familial predisposition for lumbar degenerative disc disease // Spine. - 1998. - Vol. 23. - P. 1029-1034.
3. Heliövaara M., Makela M., Knekt P. et al. Determinants of sciatica and low back pain // Spine. - 1991. - Vol. 16. - P. 608-614.
4. Riihimäki H., Tola S., Rideman T. et al. Low back pain and occupation // Spine. - 1989. - Vol. 14. - P. 204-209.
5. Stafford M. A., Peng P., Hill D.A. Sciatica: a review of history, epidemiology, pathogenesis, and the role of epidural steroid injection in management // British Journal of Anaesthesia. - 2007. - Vol. 99 (4). - P. 461-473.
6. Миронов С.П., Ветрилэ С.Т., Крупаткин А.И. и др. Микрогемоциркуляция нервных корешков и твердой мозговой оболочки до и после дискэктомии при поясничных болях // Вестник травматологии и ортопедии им. Н.Н. Приорова. - 2006. - № 3. - С. 57-61.
7. Benzon H.T. Epidural steroid injections for low back pain and lumbosacral radiculopathy // Pain. - 1986. - Vol. 24. - P. 277-295.
8. Malik K., Benzon H. Low back pain in Benzon: Raj's Practical Management of Pain, 4th ed. - Mosby, 2008.
9. Long D. Surgical treatment for back and neck pain /McMahon. Wall and Melzack's Textbook of Pain, 5th ed. Churchill Livingstone, An Imprint of Elsevier, 2006.

МЕКТЕПТІҢ ПРОФИЛЬДІК СЫНЫПТАРЫНДА КОМПЛЕКС САНДАРҒА АМАЛДАР ҚОЛДАНУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ДЖУНУСОВА Мадина Жумахановна, СЕРІК Рысгүл

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Семей, Қазақстан

maiko2007@mail.ru, rysgul.serk@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада жаңартылған білім беру негізінде профильдік сыныптарда енгізілген жаңа тарау - «Комплекс сандар» тарауын оқытудың ерекшеліктері қарастырылады. Комплекс сандарға амалдар қолдану, комплекс сандарды жазықтықта бейнелеу, комплекс облыста теңдеулерді шешу әдістеріне



мысалдар келтіріледі. Сонымен қатар, коэффициенттері комплекс сан болатын теңдеулерді шешу әдістемесіне көңіл бөлінген.

Жаңартылған бағдарлама негізінде жазылған, авторлары А.Е. Әбілқасымова, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова, жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану – математика бағытындағы 11 сыныбына арналған «Алгебра және анализ бастамалары» оқулығының V тарауы «Комплекс сандар» тақырыбына арналған. 11 сыныптың ұзақ мерзімді сабақ жоспарында осы тарауды оқытуға 12 сағат бөлінген. Бұл тарау III –тоқсанда оқытылады, сонымен қатар осы жоспарда білім беру мақсаты да анық көрсетілген. Оқушыларға жорамал сан ұғымы мен комплекс сан анықтамасын меңгеруге 3сағат бөлінген. Осы мерзімде оқушылар комплекс санды жазықтықта бейнелеуді және берілген комплекс санға түйіндес санның анықтамасы мен оның қасиетерін меңгереді. Оқушыларда осы айтылған дағдыны қалыптастыру мақсатында мысалдар келтірейік.

Мысал – 1. x пен y -тің қандай нақты мәндерінде $3 + \sqrt{2}yi$ және $2x + (4 + \sqrt{2}i)$ комплекс сандары түйіндес болады [1].

Шешуі. Түйіндес комплекс сандардың анықтамасы бойынша мынандай теңдеулер жүйесін құрамыз:

$$\begin{cases} 3 = 2x \\ -\sqrt{2}y = 4 + \sqrt{2} \end{cases}, \begin{cases} x = 1,5 \\ y = \frac{4 + \sqrt{2}}{-\sqrt{2}} \end{cases}, \begin{cases} x = 1,5 \\ y = -\frac{4 + \sqrt{2}}{\sqrt{2}} \end{cases}, \begin{cases} x = 1,5 \\ y = -\frac{4\sqrt{2} + 2}{2} \end{cases},$$

$$\begin{cases} x = 1,5 \\ y = -2\sqrt{2} - 1 \end{cases}.$$

Енді тексеру жасайық. Ол үшін табылған x пен y – тің мәндерін берілген сандарға қоямыз.

Сонда

$$3 + \sqrt{2}yi = 3 + \sqrt{2}(-2\sqrt{2} - 1)i = 3 - \sqrt{2}(2\sqrt{2} + 1)i = 3 - (4 + \sqrt{2})i,$$

$$2x + (4 + \sqrt{2})i = 2 \cdot 1,5 + (4 + \sqrt{2})i = 3 + (4 + \sqrt{2})i.$$

Сонымен $3 - (4 + \sqrt{2})i$ және $3 + (4 + \sqrt{2})i$ түйіндес комплекс сандары шықты.

Мысал – 2. Мына комплекс санындардың модулін табу керек [1]:

1) $1 + \cos 2\alpha + i \sin 2\alpha$

Шешуі. $|1 + \cos 2\alpha + i| = \sqrt{(1 + \cos 2\alpha)^2 + \sin^2 2\alpha} =$
 $\sqrt{1 + 2 \cos 2\alpha + \cos^2 2\alpha + \sin^2 2\alpha} = \sqrt{2 + 2 \cos 2\alpha} = \sqrt{2(1 + \cos 2\alpha)} =$
 $= \sqrt{4 \cdot \frac{1 + \cos 2\alpha}{2}} = \sqrt{4 \cos^2 \alpha} = 2|\cos \alpha|$

Сонымен $|1 + \cos 2\alpha + i \sin 2\alpha| = 2|\cos \alpha|$.

2) $\sin 6\alpha - (1 - \cos 2\alpha)i$

$|\sin 6\alpha - (1 - \cos 2\alpha)i| = \sqrt{\sin^2 6\alpha + (1 - \cos 6\alpha)^2} =$
 $\sqrt{\sin^2 6\alpha + 1 - 2 \cos 6\alpha + \cos^2 6\alpha} = \sqrt{2 - 2 \cos 6\alpha} =$
 $= \sqrt{2(1 - \cos 6\alpha)} = \sqrt{4 \cdot \frac{1 - \cos 6\alpha}{2}} = \sqrt{4 \sin^2 \alpha} = 2|\sin \alpha|.$

Сонда $|\sin 6\alpha - (1 - \cos 2\alpha)i| = 2|\sin \alpha|$.


Мысал – 3. Комплекстік жазықтықта нүктелер жиынын кескіндеу керек [1]:

1) $|z| < 2$;

Берілген санды $z = x + yi$ түрінде жазып аламыз.

Сонда бұл z – деген санға комплекс жазықта $(x; y)$ нүктесі сәйкес келетін болады. Енді комплекс саның модулін табайық.

$|z| = \sqrt{x^2 + y^2}$, есептің шарты бойынша $\sqrt{x^2 + y^2} < 2$. Осы теңсіздіктің екі жағын квадраттасақ, $x^2 + y^2 < 4$ немесе $x^2 + y^2 < 2^2$. Бұл теңсіздік радиусы $R = 2$ болатын шеңбердің ішкі аумағы. Теңсіздік қатаң болғандықтан шеңбердің бойындағы нүктелер жиынға кірмейді. Сондықтан біз шеңберді үзік сызықпен сызып көрсетеміз керек (сурет – 1).




сурет – 1

$$2) |z - 4i| \leq 3$$

Комплекс санды $z = x + yi$ түрінде жазып аламыз. Сонда берілген теңсіздік $|x + yi - 4i| \leq 3$ немесе $|x + (y - 4)i| \leq 3$ болады. Енді теңсіздіктің сол жағындағы модульді есептейік:

$|x + (y - 4)i| = \sqrt{x^2 + (y - 4)^2}$. Сонда $\sqrt{x^2 + (y - 4)^2} \leq 3$ болады. Осы теңсіздіктің екі жағын квадраттасақ, $x^2 + (y - 4)^2 \leq 3^2$ аламыз. Бұл жазықтықтың, бізге белгілі, центрі $C(0; 4)$, радиусы $R = 3$, болатын шеңбермен шенелген ішкі бөлігі. Теңсіздіктің таңбасы қатаң емес болғандықтан, шеңбер нүктелері қарастырып отырған нүктелер жиынына кіреді. Сондықтан шеңберді тұтас сызықпен сызамыз (сурет – 2).



сурет – 2

«Алгебралық түрдегі комплекс сандарға амалдар қолдану» тақырыбына 4 сағат бөлінген. Бұл тақырыпты оқу барысында оқушылар комплекс сандарға арифметикалық 4 амал қолдануымен қатар, комплекс санын квадрат түбірін табуды үйренеді. Комплекс санын квадрат түбірін табу барысында екі комплекс санын теңдігінің анықтамасын қолдану бойынша алгебралық теңдеулер жүйесін шешу арқылы меңгертіледі. Оқушылар комплекс сандарға амалдар қолдану нәтижесінде комплекс сан шығатын көреді. Бұдан комплекс сандар жиының аталған амалдарға қатысты тұйық жиын екенін көреміз.

Мысал – 4. $\sqrt{2 - \sqrt{2}i}$ квадрат түбірді есептеу керек [1].

Шешуі. Комплекс санын квадрат түбірі комплекс болатындықтан берілген санды $\sqrt{2 - i\sqrt{2}} = a + bi$ түрінде жазамыз. Теңдіктің екі жағын да квадраттасақ, $2 - i\sqrt{2} = (a + bi)^2$, $2 - i\sqrt{2} = (a^2 + b^2) - 2abi$.

Екі комплекс санының, теңдігінің анықтамасынан мынандай жүйе құрамыз.

$$\begin{cases} a^2 - b^2 = 2 \\ 2ab = \sqrt{2} \end{cases}$$

Жүйедегі екі теңдеуді де квадраттасақ

$$\begin{cases} (a^2 - b^2)^2 = 4 \\ 4a^2b^2 = 2 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} a^4 - 2a^2b^2 + b^4 = 4 \\ 4a^2b^2 = 2 \end{cases}$$

Осы теңдеулерді мүшелеп қосамыз, сонда

$$a^4 - 2a^2b^2 + b^4 + 4a^2b^2 = 6, \quad a^4 + 2a^2b^2 + b^4 = 6, \quad (a^2 + b^2)^2 = 6,$$

$$a^2 + b^2 = \sqrt{6}.$$

Енді мынандай жүйе құрамыз: $\begin{cases} a^2 - b^2 = 2 \\ a^2 + b^2 = \sqrt{6} \end{cases}$

Осы теңдеулерді мүшелеп қоссақ, $2a^2 = 2 + \sqrt{6}$, $a^2 = \frac{2 + \sqrt{6}}{2}$, $a = \pm \sqrt{\frac{\sqrt{6} + 2}{2}}$.

Табылған осы мәнді жүйедегі екінші теңдеуге қойып, келесі белгісізді табамыз.



$$\frac{2+\sqrt{6}}{2} + b^2 = \sqrt{6}, \quad 2 + \sqrt{6} + 2b^2 = 2\sqrt{6}, \quad b^2 = \frac{\sqrt{6}-2}{2}, \quad b = \pm\sqrt{\frac{\sqrt{6}-2}{2}}.$$

Осы табылған a мен b – ның мәндерін берілген санның квадрат түбірін анықтайтын комплекс санға қойсақ,

$$\sqrt{2 - i\sqrt{2}} = \pm \left(\sqrt{\frac{\sqrt{6}+2}{2}} + \sqrt{\frac{\sqrt{6}-2}{2}} i \right).$$

Мысал – 5. $\left(\frac{2-i}{1+2i}\right)^5 - (2+i)^3$ өрнегін түрлендіріп, шыққан комплекс санның модулін табу керек [2].

Шешуі. Берілген өрнекті амалдап түрлендірейік.

$$1) \quad \frac{2-i}{1+2i} = \frac{(2-i)(1-2i)}{(1+2i)(1-2i)} = \frac{2-4i-i-2}{1+4} = -\frac{5i}{5} = -i;$$

$$2) \quad (-i)^5 = -i;$$

$$3) \quad (2+i)^3 = 2^3 + 3 \cdot 2^2 i + 3 \cdot 2i^2 + i^3 = 8 + 12i - 6 - i = 2 + 11i;$$

$$4) \quad -i - (2 + 11i) = -i - 2 - 11i = -2 - 12i; \text{ сонымен берілген өрнектің мәні табылды:}$$

$$\left(\frac{2-i}{1+2i}\right)^5 - (2+i)^3 = -2 - 12i. \text{ Енді осы комплекс санның модулін табамыз:}$$

$$5) \quad |-2 - 12i| = \sqrt{4 + 144} = \sqrt{148}.$$

$$\text{Сонымен, } \left| \left(\frac{2-i}{1+2i}\right)^5 - (2+i)^3 \right| = \sqrt{148}$$

Мысал – 6. $(3+i)x + y(2-i)^2 = 3 - 2i$ теңдігі орындалатындай x және y нақты сандарын табу керек [2].

Шешуі. Алдымен теңдіктің сол жағын ықшамдаймыз:

$$(3+i)x + y(2-i)^2 = 3x + xi + y(4 - 4i - 1) = 3x + xi + 3y - 4yi = (3x + 3y) + (x - 4y)i.$$

$$\text{Сонда мынандай теңдік аламыз: } (3x + 3y) + (x - 4y)i = 3 - 2i.$$

Екі комплекс санның теңдігінің анықтамасы бойынша мынандай жүйе құрып, оны шешеміз:

$$\begin{cases} 3x + 3y = 3 \\ x - 4y = -2 \end{cases} \quad \begin{cases} x + y = 1 \\ x - 4y = -2 \end{cases}, \text{ жүйедегі теңдеулерді мүшелеп шегерсек,}$$

$$5y = 3, \quad y = \frac{3}{5}, \quad y = 0,6.$$

y – тің осы мәнін жүйедегі бірінші теңдеуге қойып, x – ті табамыз.

$$x + 0,6 = 1, \quad x = 0,4.$$

Сонымен берілген теңдікті қанағаттандыратын $x = 0,4$, $y = 0,6$.

«Квадрат теңдеулердің комплекс түбірлері» тақырыбына 3 сағат, «Алгебраның негізгі теоремасы» тақырыбына 2 сағат бөлінген. Квадрат теңдеуді шешу барысында, егер теңдеудің дискриминанты теріс болса онда оның нақты түбірі болмайды деп оның түбірлерінің жиыны \emptyset құр жиын деп атағанбыз. Сан ұғымының кеңейюі ондай теңдеулердің шешімін табуға мүмкіндік береді, яғни нақты сандар жиының аясында шешімі болмайтын теңдеудің комплекс сандар жиыныңда шешімінің бар болатындығын меңгереміз.

Мысал – 7. $x^2 - 4x + 16$ квадрат үшмүшені көбейткіштеге жіктеу керек [1].

Шешуі. Квадрат үшмүшеліктің дискриминантын есептейміз:

$$D = 16 - 64 = -48, \quad \sqrt{D} = \sqrt{-48} = 4\sqrt{3}i. \text{ Енді түбірлерін табайық:}$$

$$x_1 = \frac{4+4\sqrt{3}i}{2} = 2 + 2\sqrt{3}i; \quad x_2 = 2 - 2\sqrt{3}i.$$

Берілген квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу үшін

$ax^2 + bx + c = a(x - x_1)(x - x_2)$ формуласын қолданамыз. Берілген мысалда $a = 1$. Сонда

$$x^2 - 4x + 16 = (x - (2 + 2\sqrt{3}i))(x - (2 - 2\sqrt{3}i)) = (x - 2 - 2\sqrt{3}i)(x - 2 + 2\sqrt{3}i).$$

$$\text{Сонымен } x^2 - 4x + 16 = (x - 2 - 2\sqrt{3}i)(x - 2 + 2\sqrt{3}i).$$

Мысал – 8. $2x^2 - 2\sqrt{2}x + 16 = 0$ квадрат теңдеудің түбірлерін табу керек [1].

Шешуі. Квадрат теңдеудің дискриминантын табамыз:

$$D = 8 - 4 \cdot 2 \cdot 16 = 8 - 88 = -80, \quad \sqrt{D} = \sqrt{-80} = 4\sqrt{5}i.$$

Енді берілген теңдеудің түбірлерін табамыз.

$$x_1 = \frac{-2\sqrt{2}+4\sqrt{5}i}{4} = \frac{-\sqrt{2}+2\sqrt{5}i}{2} = -\frac{\sqrt{2}-2\sqrt{5}i}{2}, \quad x_2 = \frac{-2\sqrt{2}-4\sqrt{5}i}{4} = \frac{-\sqrt{2}-2\sqrt{5}i}{2} = -\frac{\sqrt{2}+2\sqrt{5}i}{2}$$



Сонымен берілген теңдеудің түбірлері $x_{1/2} = -\frac{\sqrt{2} \pm 2\sqrt{5}i}{2}$.

Мысал – 9. $z^2 - 2(5 - 2i)z + 12 - 20i = 0$ квадрат теңдеуін шешу керек [2].

Шешуі. Бұл квадрат теңдеудің коэффициенттері комплекс сандар:

$$a = 1, b = -2(5 - 2i), c = 12 - 20i.$$

Теңдеудің дискриминантын есептейік:

$$D = 4(5 - 2i)^2 - 4(12 - 20i) = 4(25 - 20i - 4) - 48 + 80i = 100 - 80i - 16 - 48 + 80i = 36.$$

Енді теңдеудің түбірлерін табамыз:

$$z_1 = \frac{2(5-2i)+6}{2} = 5 - 2i + 3 = 8 - 2i, z_2 = \frac{2(5-2i)-6}{2} = 5 - 2i - 3 = 2 - 2i.$$

Сонымен $z_1 = 8 - 2i, z_2 = 2 - 2i$.

Қолданылған әдебиеттер

1. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану - математика бағытындағы 11 сыныбына арналған оқулық/ А.Е. Әбілқасымова, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова. – Алматы: Мектеп, 2020. – 130б.,
2. С. Рахметжанов. Алгебра және сандар теориясы. Есептік практикум. Оқу әдістемелік құрал. Семей – 2009. – 198 б.

ӘРТҮРЛІ ДЕНГЕЙЛІ ТЕСТ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ БАҒАЛАУДЫҢ ОБЪЕКТИВТІЛІГІНЕ ӘСЕРІ ӘКІМБАЕВА Назым Айсақызы

Ғылыми жетекші: б.ғ.к., аға оқытушы Сапакова А.К.
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Семей, Қазақстан
naz-30.03@mail.ru

Аннотация

Берілген мақалада білімалушылардың білімін бағалаудағы әртүрлі деңгейлі тесттік тапсырмалардың орны жайлы айтылған. Химия пәнінен қолдануға болатын тесттік тапсырмалар түрлері көрсетіліп, оқушының қызығушылығын, ынтасын арттыруда тесттік тапсырмаларды әртүрлі формада құрастырылуы маңызды екені айтылған.

Әлемде тесттік тапсырмалар арқылы білім сапасы мен деңгейін тексеру, жоғары технологиялар қатарына жатқызылады. Тестілеу әдісі көптеген дамыған елдерде білім саласының ажырамас бөлігіне айналған, білім алушылардың дайындық деңгейін және жалпы білім сапасын болжаудың тиімді құралы ретінде пайдаланылады. Тест әдіс ретінде, субъектілердің оқу жетістіктерін объективті және сенімді бағалау үшін берілген сапалық және сандық сипаттамалары бар тест тапсырмаларының жүйесін әзірлеуді, тестілеуді өткізудің стандартталған рәсімін, статистикалық өңдеу әдістерін, алынған нәтижелерді талдауды және түсіндіруді қамтитын өлшеу технологиясын қамтиды [1].

Тестілеудің артықшылықтары:

- Тестілеу бағалаудың жақсырақ және объективті әдісі болып табылады, оның объективтілігіне процедураны стандарттау, тапсырмалардың және жалпы тесттердің сапа көрсеткіштерін тексеру арқылы қол жеткізіледі.
- Тестілеу әділетті әдіс, ол бақылау процесінде де, бағалау процесінде де барлық оқушыларды бірдей жағдайға қояды, мұғалімнің субъективтілігін іс жүзінде жояды. Ұлыбританиядағы студенттерді қорытынды аттестаттаумен айналысатын NEAB ағылшын қауымдастығының мәліметтері бойынша, тестілеу апелляциялар санын үш еседен астам қысқартуға, бағалау процедурасын тұрғылықты жеріне, түріне қарамастан барлық оқушылар үшін бірдей етуге мүмкіндік береді.
- Тестілер неғұрлым көлемді құрал болып табылады, өйткені тестілеу курстың барлық тақырыптары бойынша тапсырмаларды қамтуы мүмкін.
- Тестілеудің көмегімен оқушының жалпы пән бойынша және оның жеке бөлімдері бойынша білім деңгейін белгілеуге болады.



- Тестілеу экономиялық тұрғыдан алып қарағанда тиімдірек. 30 адамнан тұратын топта тестілеу және нәтижелерді бақылау бір жарым-екі сағатты, ауызша немесе жазбаша емтиханды - кемінде төрт сағатты алады[2].

Тестілеудің кемшіліктері:

- Сапалы сынақ құралдарын жасау ұзақ, көп еңбекті талап ететін процесс.
- Мұғалімнің тестілеу нәтижесінде алған мәліметтері белгілі бір бөлім біліміндегі олқылықтар туралы ақпаратты қамтығанымен, бұл олқылықтардың себептерін түсінуге мүмкіндік бермейді.
- Тест шығармашылықпен байланысты білімнің жоғары, өнімді деңгейлерін, яғни ықтималдық, дерексіз және әдістемелік білімді тексеруге және бағалауға мүмкіндік бермейді.
- Тестілеудің ауызша немесе жазбаша емтиханның айырмашылығы, тақырыпты тереңірек талдауға уақыты мен ауқымы жетпейді.
- Тесттің объективтілігі мен әділдігін қамтамасыз ету тест тапсырмаларының құпиялылығын қамтамасыз ететін арнайы шараларды қажет етеді.
- Тестілеуде кездейсоқтық элементі бар. Мысалы, қарапайым сұраққа жауап бермеген оқушы күрделі сұраққа дұрыс жауап беруі мүмкін[3].

Химия пәнін саналы түсіну үшін оқушылардың танымдық қызығушылықтарының пайда болуы маңызды болып табылады. Сабақ кезінде оқытушы басқаруымен оқушылар тапсырмаларды орындауға ақпарат алу жолдарын меңгеріп, артынан оларды қолдана алады[4]. Тест тапсырмаларын қолдану көрнекіліктің, пәнаралық байланыстың жүзеге асуына мүмкіндік тудырады, материалды өңдеу жұмысын жеңілдетеді, оқушының химия пәніне деген қызығушылығын, оқуға деген ынтасын арттыруға ықпал етіп, әр оқушы өз – өзін бағалай отырып, құзыреттерін арттыруға жол ашады. Әсіресе компьютерлік тестілеудің нәтижесінде мониторинг жасау оқушыға тез шешім қабылдап, ары қарай оқу үрдісіне өзгеріс жасауға мүмкіндік береді, тест нәтижесі жылдам дайын болады, әртүрлі тапсырмаларды ұйымдастыру жеңіл болады, қағаз жұмыстарының көлемі азаяды[3].


Сұрақтарға жауаптардың сипаты бойынша тесттердің екі негізгі түрі бар:

Ашық типтегі тесттер немесе еркін жауаптары бар тесттер, онда оқушы өз бетінше сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді, белгіні, формуланы және т.б. немесе дәлелдеу жоспарында тәуелсіз пайымдауды ұсыну, яғни химиялық миниатюра түрін жазу (химиялық шағын эссе).

Ашық типтегі тесттерде тапсырмалардың келесі мүмкін нұсқалары ажыратылады:

1. Тапсырмада қарастырылған шектеулерді ескере отырып, жауаптарды құрастыруы керек.

Мысалы: «Келесі түрлендірулерді жүзеге асыруға болатын реакция теңдеулерін жазыңыз:



2. Элементтер тізбегін орындауы қажет реттілік сынақтары немесе ретті аяқтау сынақтары.

Мысалы: «Тізімді аяқтаңыз: әрекеттесуші және түзуші заттардың саны мен құрамына қарай қосылу, айырылу, орын басу және ... реакциялары» ажыратылады.

3. Жауаптарды өз бетінше тұжырымдауы керек, өйткені тапсырмада оларға ешқандай шектеулер қойылмайды.

Мысалы: «Бор фторидінің молекуласы тегіс құрылымды, ал азот фторидінің молекуласы пирамида тәрізді. Неліктен? Дәлелді жауап беріңіз».

Жабық типтегі тесттер немесе жауаптары берілген тесттер, онда зерттелуші ұсынылған нұсқалардан дұрыс жауапты таңдауы керек.

Жабық типті сынақтардың келесі түрлері бар:

1. Баламалы жауаптары бар тесттер, онда зерттелуші «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруі керек.

Мысалы: «Күкірт қышқылының құрамындағы күкірт тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсетеді деген рас па?».

2. Сәйкестік сынақтары, онда зерттелушіге екі тізім элементтерінің сәйкестігін орнату сұралады.

Мысалы: «Заттардың атаулары мен оның сулы ерітінділерінің электролиз өнімдері арасындағы сәйкестікті анықтаңыз:

<i>Зат атауы:</i>	<i>Электролиз өнімдері:</i>
<i>1) барий йодиді</i>	<i>а) барий, йод, су</i>
<i>2) барий хлориді</i>	<i>ә) барий гидроксиді, йод, сутегі</i>
<i>3) сынап (II) сульфаты</i>	<i>в) сынап, оттегі, күкірт қышқылы</i>
<i>4) натрий сульфаты. қышқыл</i>	<i>г) натрий, оттегі, сутегі</i>



3. Бір дұрыс жауапты таңдауы бар тесттер немесе бірнеше таңдауы бар жауаптар, оларда зерттелуші, әдетте, ықтимал жауаптар тізімінен бір дұрыс жауапты таңдауы керек.

Мысалы: «1 моль натрий гидроксиді мен 1 моль көмірқышқыл газы әрекеттескенде мыналар түзіледі:

- 1) натрий карбонаты; 2) натрий гидрокарбонаты;
- 3) натрий оксиді; 4) натрий асқын тотығы».

4. Дұрыс жауапты бірнеше таңдауы бар тесттер, онда зерттелуші, әдетте, берілген ықтимал жауаптар тізімінен екі немесе одан да көп дұрыс жауапты таңдауы керек.

Мысалы, «Натрий гидроксидімен әрекеттеседі: 1) фенол; 2) метиламин; 3) майлар; 4) калий ацетаты; 5) стеарин қышқылы; 6) этил спирті».

5. Қажетсіз элементті алып тастауға немесе қажетсіз элементті жоюға арналған сынақтар («артық болса, алып тастаңыз»).

Мысалы: «Темір (II) хлориді мыналардың реакциясы арқылы алынбайды: 1) қосылу; 2) ыдырау; 3) алмастыру 4) орынбасу».

6. Топтастыру сынақтары көрсетілген критерийлерге сәйкес жіктелуі тиіс химиялық терминдер немесе формулалар тізімін қамтиды.

Мысалы: «Тек қышқылдық тұздардың формулалары қай қатарда:

- 1) K_2SO_4 , KOH , H_2SO_4 , $NaHSO_3$;
- 2) $Cu(OH)NO_3$, $Fe(HSO_3)_2$, $FeCl_3$, $BaHPO_4$;
- 3) NH_4HCO_3 , $Fe(OH)Cl_2$, CaS , $NaCl$;
- 4) $NaHSO_4$, $Ca(HCO_3)_2$, $NH_4H_2PO_4$, KHS ».

7. Рейтингік сынақтар – берілген ретпен реттелуі қажет бір ретті химиялық формулалардың, физикалық немесе химиялық шамалардың, химиялық құбылыстардың тізімі (оннан аспайтын).

Мысалы: «Келесі химиялық элементтерді металдық қасиеттерінің кему ретімен орналастыр: хлор, оттегі, күкірт, бор, кремний, көміртек, фосфор, алюминий»


Мұғалімнің сабақтар жүйесінде тесттік тапсырмаларды дұрыстап ұйымдастыра білуі көптеген жағдайда оқу – тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі сабақтар жүйесінде білім, біліктілік және дағдыларды есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудің сапасы, біліктілік пен дағдының қалыптасу деңгейі анықталады. Сонымен қатар тесттік тапсырмалары дұрыстап, қойылатын мақсатқа сай деңгейлеп дайындайтын болсақ, онда тестілеуді негізгі тексеру және бақылау қызметімен қатар оқушыны оқыту, үйрету, оның алған білімін бекіту құралы ретінде пайдалануға болады. Сол үшін оқу үрдісінде тестілеудің тек бір формасын ғана емес, оның әртүрлі формаларын және типтерін пайдаланған жөн[3]. Қазіргі кезде тесттік тапсырмаларды құрастыруға арналған көптеген бағдармалар бар. Соның бірі Quizmaker бағдарламасы, тесттік тапсырмаларды құрастыруға болатын 14 түрлі макеті бар мұғалімдер үшін тиімді құрал.

Тесттік тапсырмалардың оқу үрдісіндегі маңызы жайлы мектеп мұғалімдерінің ойын білу мақсатында сауалнама жүргізілген болатын. Суалнамада мұғалімдерге мынадай сұрақтар қойылды:

1. *Тесттік тапсырмаларды оқу процесінде қаншалықты жиі пайдаланасыз?*
2. *Тесттік тапсырмалар арқылы оқушының білім деңгейін әділ бағалауға бола ма?*
3. *Тесттік тапсырмалардың қандай түрлерін қолданасыз?*
4. *Тесттік тапсырмаларды қалыптастырушы бағалауда пайдаланған тиімді ме алде жиынтық бағалауда ма?*

5. *Тесттік тапсырмалар арқылы оқушының шығармашылық қабілетін байқай алмайтындығымызды ескеретін болсақ бағалаудың объективтілігіне оның әсері қалай болмақ? Өз ойыңызды жазуыңызды сұраймыз.*

Диаграмма-1



Мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнама деректері бойынша:

- Сауалнамадан өткен мұғалімдердің 90 пайызға жуығы тесттік тапсырмаларды оқу үрдісінде пайдаланытындығы, тек кейбір мұғалімдер жеке оқушыға берілетін шығармашылық тапсырмаларды және басқа да түрлерін қолданатындығы;
- оқу үрдісінде басым көпшілігі дәстүрлі үлгідегі тесттік тапсырмаларды, яғни бір ғана дұрыс жауабы бар тесттерді қолданатындығы;
- тесттік тапсырмалар арқылы оқушы білімін нақты бағалауға болады деген тұжырымға келуге;

- қалыптастырушы бағалауда да жиынтық бағалауда да тесттік тапсырмалар қолдануға болады деп басып көпшілігі жауап берді, кейбірінің ойы ғана екіге бөлінді, яғни тақырып немесе тарау мазмұнына қарай тапсырма берілу керек деген қорытындыға келуге болады.

Сонымен, тесттік тапсырмаларды жоғарыдағы аталған талаптарға және формаларға сай дайындайтын болсақ, онда тестілеудің негізгі тексеру және бақылау қызметімен қатар оқушыны оқыту, үйрету, оның алған білімін бекіту және жүйелеудің тиімді құралына айналадыруға болады. Әр пәннің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес оқыту процесінде пайдаланылатын тесттік тапсырмалардың да өзіндік ерекшеліктері бар болады. Берілетін сұрақтарды және тапсырмаларды нақты, жеткілікті анық, түсінікті және ой тұжырымын жасауға ыңғайлы етіп жасау қажет. Осыған сәйкес тестердің жауаптарды да қойылған мақсатқа сай мүмкіндігінше қысқаша, нақты, анық және дәл болуы тиіс. Осы айтылған ғылыми тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып дайындалынған тесттік тапсырмаларды мұғалімнің күнделікті сабақта пайдалануына ыңғайлы болу үшін, тесттік сұрақтарды әр жеке тақырыпқа арнайы құрастырып отырған тиімді. Тестің типіне (білімділік, біліктілік және дағдылық, іскерлік) сәйкес тесттік тапсырмалардың әртүрлі формаларын және типтерін пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, олардың ойлау қабілетін, зейінін, тапқырлығын, жігерін және оқуға, білім алуға, біліктілігін көтеруге деген ынтасын дамыта түсетін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кобардин О.Ф., Земляков А.Н. Тестирование знаний и умений учащихся. – М.: Наука, 1991. - С.26-33.
2. К.Мұқашева «Тест әдісінің тиімділігі», «Ауыл мектебі» 2004 ж №6
3. Ж.Мұхитова «Тест түрлері», «Қазақстан мектебі» 2002ж №5
4. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. «Химияны оқыту әдістемесі» Алматы, 2005 ж.

ОЮ-ӨРНЕКТЕР БЕЙНЕЛЕНГЕН ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫ

ЖҰМАШОВА Ақлима Абдуллақызы

«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы»

Түркістан облысы, Шәуілдір ауылы, Қазақстан

aklima.zhumashova@bk.ru

Резюме

В статье рассматриваются вопросы касающиеся на предметах найденных на городище Отрар и прилегающие к нему городищ отрарско-каратауской культуры, а также на предметах народного прикладного искусства XIX-XX в.в., сделанных из войлока, дерева, металла, кости, ювелирных изделий. Узоры на чашах, кружках, блюдах, горшках и др. видах керамических изделий дают большую информацию о городской культуре и экономике, науке и искусстве о развитии общества. В статье на



основе изучения узоров на предметах, выставленных в казахстанских музеях, сделаны выводы о высоком духовном развитии научных изысканиях в кочевом обществе.

Қазақ халқы күнкөріс тіршілігіне қажетті бұйымдарда ою-өрнектерді ерте заманнан бастап пайдалана бастады. Өз ойын басқаға жеткізу үшін адамдар әуелде заттың өзін пайдаланды. Оюды зат арқылы білдіру үрдісі ежелгі замандарда тайпалар арасындағы елшілік қарым-қатынастарға да пайдаланылған.

Ою-өрнек тарихын Ә.Х.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, К.Ақышев, К. Байпақов, М.Ш.Өмірбекова, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Ә.Тәжімұратов сынды белгілі ғалымдар зерттеп, ғылыми еңбектер арнады.

Археолог, этнограф, академик Ә.Марғұлан қазақ ою-өрнегін ғылыми тұрғыда зерттей келе былай деп жазады: Қазақ халқының ертегі жырлары сұлу болатыны сияқты оның ағашқа, матаға, киізге, темірге, сүйекке т.б. затқа түсірген ою үлгілері де сондай өрнекті болған. Жазу тарихы да ою – өрнек тарихы да өте ерте замандардан бастау алады. Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау ете білген. Ойды зат арқылы білдіру үрдісі ежелгі замандарда тайпалар арасындағы елшілік қарым-қатынастарда да пайдаланылған. Ою-өрнектер адамның тұрмыс-тіршілігінен көптеген ақпарат береді. «Қолөнердің ежелгісі болсын қазіргісі болсын өсімдік, геометриялық, космогониялық, зооморфтық элементтерден басталады.[1, 54 б.]

Дүние жүзіндегі халықтары өз бейнелеу өнерінде геометриялық, космогониялық, өсімдік типтес ою-өрнектерді түрлендіріп сан мыңдаған ою-өрнек жасап, олар өз қолөнерін әшекейлеуде.[2, 54 б.]

Ежелгі заманнан бері қазақ халқының ою-өрнектері әр затта өзіндік ерекшелікке сай орналасқан. Көлемі кіші, жіңішке әрі жапырақ тәріздес оюлар киімде бейнеленеді. Өте ұсақ түрлері зергерлік кестелік, сүйек, мүйіз, сияқты нәзік істерде ал ірі ою-өрнектер сырмақ, кілем, текемет, тұскиіз, алаша сонымен бірге сәулет өнерінде кеңінен қолданылған.

Қазақ жұртшылығының материалдық мәдениетін, шаруашылық мәселелерін зерттеу негізінде И.В.Захаров, В.В.Востров, Р.Д.Ходжиева сияқты этнографтардың бірнеше ғылыми еңбектері жарық көрді. XIX ғ. екінші жартысы Ш. Уалиханов, М. Шарманов, М. Бабажанов, Қ. Қастеев т.б. еңбектерінде халық өмірін этнографиялық тұрғыда қарастырып, қазақ қолөнеріне байланысты біраз деректер берілді.

Елімізге белгілі этнограф С.Қасиманов жаңа қазақ ою-өрнектері үш түрлі ұғымды білдіреді дейді: біріншіден мал шаруашылығын, аңшылықты; екіншіден жер, су, көшіп қону көріністерін, үшіншіден күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді дейді.[3,52 б.] Оңтүстік өңірі мен Жетісу қалаларында сол кездің әлемін тәнті еткен сәулетті сарайлардың, мешіт, медресе, озық құрылыс үлгілерінің болғандығын мәлім. Сондай-ақ археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында табылған алтын, күміс, мыс теңгелер, терракота, саз, шыныдан жасалған заттар киім әшекейлеріндегі Отырар-Қаратау мәдениеті деген атпен танылған әсем ою-өрнектер Ұлы Дала деген атпен енген қазақ кеңістігіндегі қала мәдениетінің жоғары өреге көтеріліп, ғылымның дамығандығын көрсетеді. Көптеген тарихи деректер мен соңғы кездегі археологиялық қазбалар отырықшылық пен жер өңдеудің нәтижесінде көне замандарда қала салу мәдениетінің едәуір дамығандығын дәлелдеп отыр.[4, 22 б.] Далалық өркениеттің бесігі болған Қазақстан қалалары әсіресе, X-XII ғ.ғ. гүлденіп, мәдениет, ғылым мен өнер шыңына жетіп қолөнер, сауда ауыл шаруашылығының шоғырланған орны болды.

Қазақ халқының өткен тарихын тарихи-мәдени құндылықтарымыздың киелі мекені – музей арқылы жас ұрпаққа танытудың маңызы зор. Түркістан облысы Отырар ауданындағы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық – музейі рухани өміріміздің өркенді өнегесіндей болып өзгелердің назарына ілігіп келеді, оның қорында бүгінгі таңда 23000 нан астам жәдігер сақталуда, бұлар асылдың сынығындай тұлпардың тұяғындай қастерлі дүниелер.

Басым бөлігі ежелгі қолөнердің биік туындылары болып саналатын археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған саздан, тастан, сүйектен, шыныдан, металдан жасалған заттар және этнографиялық мұраларға жататын үй бұйымдары, шаруашылық құрал-саймандары мен музыкалық аспаптар, киім-кешек т.б. заттар. Көріп көңіл толтыратын мұралар бір күннің, бір жылдың емес ғасырлар бойғы халық мәдениетінің, өнерінің көрінісі.

X-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан халықтарының мәдени өмірінде айтарлықтай жаңалықтар болды. Қала тұрмысы өрлей түсті. Қолөнер кәсібі, зергерлік, сәулет өнері т.б. едәуір дамыды. Отырар – көшпелі және отырықшы түркі тайпаларын өзара байланыстырып тұрған экономикалық орталық қана емес сонымен қатар ол аса ірі сауда, қолөнер әрі ғылым мен мәдениет



ошағы еді. [5, 129 б.] IX ғасырдан бастап Оңтүстік Қазақстанда жылтыр керамика пайда бола бастады. XII ғ. аяғы мен XIII ғ. басында керамикаларға қара түс көп қолданылды.

XIII ғ. ортасында Отырарда керамика өндірісі дамып, керамиканың жаңа түрлері қалыптаса бастады. Заттарды жасауда қызғыш қоңыр түс геометриялық ою-өрнектер қолданылды. Ал XIV ғ. аяғында Отырар керамикасына сарғыш бояу, ашық ангоб, крест тәрізді геометриялық ою-өрнектер қолданылды.[6, 90 б.]

Ою-өрнектердің ішіндегі геометриялық және космогониялық ою-өрнектерге тоқталатын болсақ, геометриялық ою-өрнектерді ромбылар, ирек, жұлдызшалар, үшбұрыштар, көпбұрыштар құрайды. Ал, космогондық ою-өрнектер ғарышпен байланысты жұлдыздарды, күнді, айды, жарты айды, кемпірқосақты бейнелейді. Ұлан ғайыр далада көшіп-қонып жүрген көшпелілерді ғарыш пен әлем құпиясы үнемі қызықтырған.

Ежелден келе жатқан көне өрнектердің бірі дөңгелек. Бұл күн сәулесі, күн көзі, ирек су өрнегі. Көне түркілер түсінігінде құс көктің, балық судың, ағаш жердің бейнесі болды. [7, 123 б.]

Ең ежелгі ою-өрнектер космогониялық, күн символы архитектуралық декорларда, атап айтатын болсақ, Жамбыл өңіріндегі Бабаджа хатун мавзолей фасадында, Орталық Қазақстандағы Алаша хан мавзолейінде кездеседі. Космогониялық ою-өрнектер жоғарыда аталған озық құрылыс үлгілерімен қатар археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында табылған саздан жасалған бұйымдарда және құлпытастарда көп кездеседі. Отырар қаласының орнынан табылған X-XI ғ.ғ. тән көзенің мына бір түрі мойнынан төмен қарай айналдыра күн сәулесі деп аталатын космогониялық өрнек түсірілген. Отырартөбеден табылған мына бір қақпақ түрі бетіне айналдыра космогониялық ою-өрнек түсірілген одан төмен қарай тырнақша, сызықша, тәрізді ою-өрнектер түсірілген. Келе-келе космогониялық ою-өрнектер ағаштан жасалған бұйымдар мен жүннен жасалған бұйымдардың ішінде кілемде көп қолданыла бастады. Отырар музейінің қорында сақтаулы тұрған ыдыс-аяқ сақтап қоятын жиһаздың бірі асадалдың мына бір түрі ерекше көз тартады, оның екі ашпалы есігінің ортасына үлкен күн сәулесі өрнегі түсірілсе оны айналдыра төрт бұрышына да майда күн сәулесі өрнегі түсірілген. Космогониялық өрнекке күн көзі өрнегі жатады, күн сәулесі, шыққан күн, ай гүл, айшық гүл, ай гүл өрнегі ежелгі өрнектердің бірі – ғұн дәуірі есерткіштерінде кездеседі.

Геометриялық ою-өрнектер архитектуралық декорларда кілемнен, ағаштан, теріден жасалған бұйымдарда көп кездеседі. Бұлар квадрат, ромб, төртбұрыш, үшбұрыш, квадрат пен ромбының жартысы, алтыбұрыш, сегізбұрыш, төртбұрыш пен квадрат, үшбұрыш, параллелограмм. Геометриялық ою-өрнектер түсірілген бұйымдарға тоқталатын болсақ. Мына бір өрнекті қыштың бетіне крест тәрізді ою-өрнек түсірілген. XIII-XIV ғ.ғ. тән. Мыңшұқырдан табылған. Өлшемі: ұз. 22,5 см, ені 10,5 см. Мысалы, Отырардан табылған құмыраның мына бір түрі XI-XII ғ.ғ. тән. Өлшемі: Биіктігі. 18 см. Тұтқа ұзындығы - 8 см.табан дм - 6,5 см. Құмыра сары түсті саздан жасалған ыдыстың сыртына сызықша, үшбұрышты геометриялық ою-өрнектер түсірілген. Құмыраның келесі түрі:сары түсті саздан жасалған тұтқа тұсынан сызықшалар көлденеңнен түсірілген, сызықшалардың ара-аралары үшбұрышты геометриялық фигуралармен безендірілген. XIII-XIV ғ.ғ. тән саздан жасалған кеселерге де геометриялық ою-өрнектер түсірілген. Саздан жасалған бұйымдардың түріне, өрнегіне қарап қай ғасырға жататыны анықталады. К.Ақышев өз еңбегінде былай деп жазады: керамика барлық уақытта да сән талғамының дәрежесін байқатып отырады.[8, 69 б.] Саздан жасалған жәдігерлердегі белгілер – крест, айыр, дөңгелек, қисық сызықтар, үш бұрышты, т.б. болып келеді.

Қазақстанда зергерлік өнері б.э.д. II – I мың жылдың екінші жартысынан бастап белгілі. [9, 24 б.] Ежелден бүкіл шығысқа кеңінен танымал болған Отырар өңірінде зергерлік өнердің дамығанын археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған зергерлік заттар арқылы біле аламыз. Қолөнері зергерліктің дамығанын көрсететін Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінде Отырар алқабынан табылған зергерлік заттар сақтаулы. Олар Қоңыртөбеден, Көк-Марданнан табылған III-V ғ.ғ, X-XII ғ.ғ, XVI-XVII ғ.ғ. тән әшекейлер: ақ, қара, көк түсті, шыныдан жасалған моншақтар. Жұмыр немесе цилиндр тәрізді шыныдан жасалған моншақтар мен дөңгелекше болып келген кедір-бұдырлы моншақтар жиі кездеседі. Көк-Марданнан табылған сердолик тасынан және қара түсті тастан жасалған формасы сопақша, цилиндр тәрізді үш қырлы моншақ та жасалу зергерлігі жағынан жоғары деңгейде. Табылған заттардың коллекциясында табиғи тастардан өңделіп жасалған моншақтар да бар, атап айтатын болсақ сердолик, яшма, лазурит, агат, халседон т.б. түрлі-түсті тастардан жасап шығарды. Пайдаланылған тастар табиғи және жасанды болып екіге бөлінеді. Археологиялық қазба жұмыстары барысында сондай-ақ бетінде өрнегі бар сақина, сырға, жүзік, білезік тәрізді заттар да табылды. Әсіресе мыстан, қоладан бетінде өрнегі бар жүзіктер ерекше көз тартады. Бірінің беті алты бұрышты екіншісінің беті төрт жапырақты болып келген, сондай-ақ бетіне сердолик, лазурит, нефрит, яшма, агат, гагат, серпантинат, тау хрусталі т.б. көздер орнатылған.



Сырғалардың жасалу ерекшеліктері бойынша ай сырғалар, дөңгелек сырғалар деп бөлуге болады. Осы тәрізді Маңғыстау өңірінде алтынмен қапталған сырғалар табылды. Зергерлік бұйымдардың тағы бір түрі білезіктердің иілген жерлері бір жері алты бұрышты, жыланбас, ромб тәрізді өрілген білезіктер де кең тараған.

Саздан, металдан жасалған бұйымдар мен сүйектен жасалған заттардағы геометриялық үлгідегі ою-өрнектер келе-келе киізге, алаша, кілем, ағаштан жасалған үй жиһаздарына, зергерлік бұйымдарға салынатын болған.

Ағаштан жасалған қолөнер бұйымдары – кебеже, сандық, киіз үйдің есігі сықырлауық, асадал т.б. бұйымдарда геометриялық ою-өрнектер кең қолданылған. Отырар музейінің қорында геометриялық ою-өрнек түсірілген кебежелердің бірнеше түрі бар, оларға тоқталатын болсақ, кебеженің мына бір түрі, алты жерден ромб тәрізді геометриялық фигуралар жонылып және ирек өрнектері сүйектен ойылған, әрбір сүйек әшекейлердің беттеріне ортасында ноқаты бар шағын шеңберлер сызылған оның айнала шеттеріне ирек су өрнектерін сүйектен ойып жасаған. Оюлар кебеже бетіне күміс шегелермен шегеленген. Өлшемі: ұзындығы 47 см, ені 74 см.

Халық қолданбалы өнерінің жәдігерлері XIX-XX ғ.ғ. зергерлік бұйымдарға келетін болсақ, мысалы, бойтұмарлардың ою-өрнектері геометриялық және сызықша тәрізді болып келген. Күміс түймені әр түрлі тастан қырнап, өңдеп, жиегін таза күміспен көмкеріп жасаған. Оны ертеректе қыз-келіншіктер, апалар сән үшін де әшекей ретінде де таққан. Оларға түсірілген ою-өрнектер геометриялық және өсімдік тәрізді болып келген. Музей қорындағы білезіктердің ішіндегі аса қызықтысы қызыл, қоңыр тастан көздері бар қалыңдығы – 1 см, жалпақтығы 3,5 см, биіктігі 5,5 см және араларына геометриялық ал, шеттеріне ирек су өрнектерін түсірілген түрі. Бір көзінде арабша жазуы бар білезіктің әсемдігімен қатар беріктігі де көрініп тұр.

Қазақ халқының қолөнерінің ішінде ерекше орын алатын жүннен жасалған бұйымдардың бірнеше түрі Отырар қорық-музейінің қорында сақтаулы: түкті кілем, алаша сырмақ, текемет, тұс киіз, қоржын, аяқ қап т.б. оларға геометриялық ою-өрнектермен бірге, өсімдік түрлерінен гүл, жапырақ, түрлі шөптерді, зооморфтық өрнектерден аңдар мен олардың мүйіздерін бейнелеп отырған. Мысалы, сырмақтың мына үлгідегі ою-өрнектері - бетіне екі немесе үш жерден ромб түсіріліп, оның шетіне төрт құлақ өрнегі шеттеріне айналдыра сыңар мүйіз өрнегі түсірілген түрі көп кездеседі. Ал, текемет бетіне геометриялық ою-өрнек тобына жататын ромбы өрнегі екі, үш немесе бірнеше жерден түсіріліп, оның ішіне қошқар мүйіз өрнегі салынып, жиектеріне айналдыра сыңар мүйіз, қос мүйіз, қаз мойын ою-өрнектері түсірілген түрі көп тараған.

Әрбір үлкен қалаларда ұсталық, сүйек ұқсату, шыны өндірісі, зергерлік тәрізді көптеген қолөнер түрлері дамып, оларға қолданылған ою-өрнектер халқымыздың тұрмысы мен өмірі туралы құнды деректер береді. Бұйымдарға зер салып қарайтын болсақ, әрбір ою-өрнектің философиялық мәні бар, ою-өрнектердің өзінен мағыналы ой түйіндеуге сол арқылы сол заманнан бай мағлұмат алуға мүмкіндік беретіндігін бірден байқауға болады. Ертедегі ата-бабаларымыздың қолөнер үлгісін, шеберлігін сақтап қалып, кейінгі ұрпаққа жеткізу, үйрету бүгінгі таңда игілікті іс болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Өмірбекова М.Ш. Сақ тарихы мен мәдениеті. Алматы: Зият. Пресс, 2004, -54 б
2. Осында 54 б.
3. Осында 52 б.
4. Жамбыл өңіріндегі тас мүсіндер. Байбосынов К. Алматы. Өнер. 1996, -22 б.
5. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. Алматы, Ана тілі, 1998, -129 б.
6. Галимжанова А.С., Глаудинова М.Б., Кишкашбаев Г.А. и др. История Искусств Казахстана. Алматы. Издат-Маркет, 2006, – 90 с.
7. Жәнібеков Ө.. Жолайрықта Алматы. 1995, - 123 б.
8. Ақышев.К. Ертедегі ескерткіштер елесі. -Алматы: Қазақстан.-Алматы. 1976,- 69 б.
9. Галимжанова А.С., Глаудинова М.Б., Кишкашбаев Г.А. и др. История Искусств Казахстана. - Алматы: Издат Маркет, 2006, -24 с.



ГРАФИЧЕСКИЕ ОРГАНАЙЗЕРЫ КАК СРЕДСТВО ЭФФЕКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ

ЗАЙЦЕВА Светлана Анатольевна

Alpamys School

Нур- Султан, Казахстан

Zaitsieva_s@mail.ru

Аннотация

В статье дается определение графического органайзера. Также подробно описывается для чего и с какой целью используются графические органайзеры. Приводятся примеры использования графических органайзеров в практике учителя начальной школы.

В современном мире дети встречаются с огромным потоком информации, которую необходимо изучить, проанализировать и сделать выводы. На помощь приходят органайзеры. Графический органайзер, также известный как карта знаний, концептуальная карта, карта-история, когнитивный органайзер, расширенный органайзер или концептуальная диаграмма, представляет собой инструмент коммуникации, который использует визуальные символы для выражения знаний, концепций, мыслей или идей, а также взаимосвязей между ними. Основная цель графического органайзера - предоставить наглядную помощь для облегчения понимания и обучения.

Графические органайзеры визуально отображают, демонстрируют взаимосвязь между фактами, идеями и концепциями. Использование визуальных, пространственных, графических органайзеров позволяет учащимся организовывать, понимать и усваивать новые знания.

Использование графических органайзеров может быть очень полезным, как для учащихся, так и для учителей. Это упрощает преподавание и процесс обучения, делая его более приятным и интерактивным для всех.

Графические органайзеры выполняют двойную функцию. Они эффективны как в качестве учебного пособия, так и в качестве учебной стратегии.

В качестве учебной стратегии они помогают учителям:

- представить новую тему;
- закрепить пройденный материал и связать с новой темой;
- организовать содержание материала, которое будет представлено визуально;
- подвести итоги урока;
- проанализировать понимание учащимися пройденного материала.

Преимущества графических органайзеров, как инструмента обучения:

- повышает вовлечённость и активность учащихся в учебный процесс;
- обеспечивает практический подход к обучению;
- учащиеся активно вносят свой вклад в процесс обучения;
- дизайн графических органайзеров стимулирует и развивает творческое и логическое мышление;

мышление;

- помогает выделить ключевые моменты в данной информации;
- способствует активному обучению;
- развивает навыки работы в группе;
- развивает когнитивные навыки с помощью таких инструментов, как мозговой штурм,

генерация идей, критическое мышление и т. д.;

- помогает глубже понять содержание учебного материала;
- визуальные подсказки помогают при закреплении материала перед контрольными работами или экзаменами;

работами или экзаменами;

- графические изображения позволяют учащимся объемный и сложный материал разбить на более простые иллюстрации и части, которые легко понять и запомнить;

➤ огромным преимуществом органайзеров является эффективность в облегчении обучения учащихся с ограниченными возможностями.

Использование графических органайзеров улучшает процесс обучения в классе. Хотя графические органайзеры очень просты для глаз, они являются мощными инструментами, весьма полезными для изменения и улучшения процесса преподавания и обучения в классе.

Знакомя учащихся с новым графическим органайзером, необходимо описать его назначение, смоделировать его использование и предоставить учащимся возможности для практики под руководством учителя. Как только учащиеся освоятся работу с органайзером, можно приступать к самостоятельной работе с органайзерами. Педагог должен поощрять и помогать учащимся создавать свои собственные органайзеры. При этом учащиеся должны играть активную роль в обучении,



обрабатывая и реорганизуя информацию. Изменение организованной структуры информации дает учащимся возможность учиться на собственных ошибках. Это также позволяет учащимся создавать карты, соответствующие их индивидуальному стилю обучения. Учащиеся могут создавать свои собственные органайзеры, используя полный текст, чтобы выделить и упорядочить ключевые понятия. Этот метод обобщения является инструментом, позволяющим увидеть, могут ли учащиеся интерпретировать то, чему их учили, и излагать это в кратких и точных терминах.

В своей практике активно использую различные органайзеры, как шаблоны, так и собственные. Вот некоторые из них:

- органайзеры для организации написания сочинений «Солнце- карты»;
- понять любую сложную тему поможет «Модель Фраера»;
- органайзер мыслей, который используется для описания трёх аспектов темы «У-диаграмма»;
- быстро и просто структурировать любые потоки информации помогают «Интеллект-карты» или «Майнд- карты»;
- упростить подготовку по устным предметам поможет «Фишбоун» или «Гамбургер»;
- систематизировать и упростить информацию для понимания, подготовить пересказ текста поможет «Паук- карта»;
- для развития творческого, креативного мышления, расширения кругозора, решения поставленных проблем поможет создание «Лэпбуков».

Графический органайзер - это инструмент или структура, которая позволяет собирать, связывать и представлять информацию визуально. Они могут принимать различные формы. Информация на листе бумаги или компьютере, представленная в удобном для чтения формате, помогает улучшить запоминание, усвоение, анализ или применение. После завершения работы с органайзером он служит презентацией или учебной моделью. Графические органайзеры играют все большую роль в процессе организованного, активного обучения и могут быть с успехом использованы в самообразовании.

Список литературы:

1. Р. Кирилина, С. Кирилин «Техники эффективного обучения от А до Я». Издательские решения 2021 г..
2. Р. Кирилина, С. Кирилин «Интеллект- карты от А до Я». Издательские решения 2021 г..
3. Джуди Уиллис «Как научить ребенка легко учиться». ЛитРес 2020 г.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ДИДАКТИЧЕСКОГО МАТЕРИАЛА НА УРОКАХ НАЧАЛЬНОЙ ВОЕННОЙ И ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ

ИБРАГИМОВ Эркольд Садыкович
КГУ «Общеобразовательная школа №16»
Уральск, Казахстан
erkold1965@mail.ru

Аңдатпа

Бұл жұмыс оқушылардың білімін тиімді бекітуге, тексеруге және есепке алуға мүмкіндік беретін оқушыларға арналған тапсырмалар бар. Көптеген сызбалар мен диаграммалар оқушылардың көрнекі қабылдауының күші мен дәлдігін тексеруге көмектеседі. Введение.

Аннотация

Данная работа содержит задания для учащихся, позволяющие эффективно закреплять, проверить и учитывать знания учащихся. Большое количество рисунков и схем помогают проверить прочность и точность зрительного восприятия учащихся.

Кластер можно использовать и при изучении биографии композиторов – «Путешествие по городам», жанры, в которых работал композитор, наиболее значимые даты, характерные черты стиля и др.

Итогом должен стать анализ полученной картины, с обсуждением верности или неверности первоначальных суждений и обобщением полученной информации. В ходе данной работы у учащихся формируются умения ставить вопросы, выделять главное, устанавливать причинно-следственные связи, сравнивать и анализировать, развивается системное мышление, способность к творческой обработке информации.

Одним из методических приемов, который можно использовать на уроках, является **прием «Фишбоун»** (с английского «Рыбная кость» или «Скелет рыбы»), направлен на развитие критического




мышления учащихся в наглядно-содержательной форме. В основе лежит схематическая диаграмма в форме рыбьего скелета. Такие схемы дают возможность организовать работу учащихся в парах или группах, провести взаимосвязи между причинами и следствиями, распределить факторы по степени их значимости. Схема может быть составлена заранее (с применением технических средств ее можно сделать в цвете). В зависимости от возрастной категории учащихся, желаний и фантазии преподавателя схема может иметь горизонтальный или вертикальный вид. Схема включает в себя основные четыре блока, представленные в виде головы, хвоста, верхних и нижних косточек. Связующим звеном выступает основная кость или хребет рыбы.

- Голова – проблема, вопрос или тема, которые подлежат анализу.
- Верхние косточки – на них фиксируются основные понятия темы, причины, которые привели к проблеме.
- Нижние косточки – факты, подтверждающие наличие сформулированных причин, или суть понятий, указанных на схеме.
- Хвост – ответ на поставленный вопрос, выводы, обобщения.

Все записи должны быть краткими, точными и отображать лишь суть понятий. Схема Фишбоун может быть использована в качестве отдельного методического приема для анализа какой-либо ситуации, либо выступать стратегией целого урока. Эффективнее всего ее применять во время урока обобщения и систематизации знаний, когда материал по теме уже пройден.

Например, использования технологии Фишбоун при изучении песни А.С.Даргомыжского «Старый капрал».



Учащиеся, овладевающие методом «Fishbone», приобретают такие метапредметные компетенции как критическое мышление, взаимодействие в группах, истолкование прочитанного и формулирование собственной позиции, осознанное чтение и слушание музыки.

Одним из эффективных методов свертывания информации является метод фреймирования (слово «frame» с английского «рама», «каркас»). Основой теории фреймов является метод получения информации через зрительный канал восприятия, предполагающий использование в обучении сжатой информации в виде схем, рисунков, графиков. Фрейм может быть представлен в виде сети, состоящей из ячеек разного уровня, связанных между собой и заполненных характеризующими основную тему понятиями. С помощью фреймов учащийся осознаёт визуальные образы, слова и понимает последовательность действий. Специфика фреймов помогает графически свернуть информацию и развернуть ее в языковом выражении.

На этапе изложения нового материала используются:

- опора на готовую фреймовую схему (с заполненными слотами) и обращение к ней в процессе изложения материала преподавателем для уточнений;
 - заполнение учащимися пустой фреймовой схемы (слотов) из рассказа преподавателя.
- Это способствует активизации восприятия и внимания учащихся.

На этапе закрепления знаний применяются:

- для первичного закрепления знаний – ответы с помощью фреймовой схемы;
- выбор из нескольких фреймовых схем соответствующей прозвучавшему произведению;
- прослушивание музыкального произведения с определением жанра и заполнением слотов фреймовой схемы. Это актуализирует знания, формирует слуховой опыт и избирательность мышления, активизирует внимание.

На этапе контроля учащимся предлагается:

- обменяться вопросами по фреймовой схеме, что способствует выявлению уровня усвоения знаний и учащегося, задающего вопрос, и отвечающего, закрепляет пройденный материал;



– заполнить чистые слоты фреймовой схемы согласно понятию, указанному в центральном слоте.

Используя информацию урока и дополнительную литературу, учащимся можно дать домашнее задание по самостоятельному построению и заполнению фреймовой схемы материала, знакомство с которым происходило на занятии.

Например, составление фрейма при изучении биографии композитора (можно изучать по пятиэтапному алгоритму):

- 1 слот – Запоминание фамилии, имени и отчества композитора.
- 2 слот – Этапы, периоды деятельности композитора.
- 3 слот – Содержание интересующего этапа деятельности композитора.
- 4 слот – Характеристика музыкального языка композитора.
- 5 слот – Изучение оценок композитора критиками, историками.

Работа с текстами наименее специфична для урока музыкальной литературы, так как новый материал учащиеся обычно воспринимают из рассказа педагога. Данный вид работы чаще всего используется для самостоятельной работы учащихся. Чтобы работа стала более эффективной, учащимся надо учиться читать активно, вдумчиво. Процесс чтения должен включать три взаимосвязанных составляющих: понимание, рефлексия, использование. Умение читать формируется постепенно и при постоянном контроле со стороны педагога.

Инсерт – это один из приемов технологии развития критического мышления, маркировка текста значками по мере его прочтения. Учащиеся читают заданный текст, маркируя его специальными:

- V — я это знаю;
- + — это новая информация для меня;
- — я думал по-другому, это противоречит тому, что я знал;
- ? — это мне непонятно, нужны объяснения, уточнения.

Данный прием подходит для уроков актуализации новых знаний и умений.

После прочтения текста можно зачитать тезисы устно, а можно заполнить таблицу, которую на уроке обсудить «по колонкам»:

V	+	-	?
Тезисно записываются термины и понятия, встречающиеся в тексте, которые уже были известны	Тезисно записывается все новое, что стало известно из текста	Выписываются противоречия, что идет вразрез со знаниями и убеждениями	Перечисляются непонятные моменты, которые требуют уточнения или вопросы, возникшие в ходе прочтения текста

Игра «Верно – неверно»: учащимся предлагается несколько утверждений, высказываний после прочтения текста (определяют верность предложенных утверждений). Например, при изучении биографии и творческого пути С.С.Прокофьева: в жизни композитора, помимо музыки, было еще одно страстное увлечение – шахматы; каждый персонаж симфонической сказки «Петя и волк» имеет свой лейтмотив - утку изображает гобой, дедушку – фагот, только вот кошке инструмента не досталось; и др. Педагог вернет снова учащихся к тексту, сделав чтение более внимательным и осмысленным, если попросит их дополнить или исправить утверждения по изучаемой теме.

Практический пример (работа с текстом): заполнить пропуски в предложениях (можно использовать как домашнюю или контрольную работу):

Латинское слово «инвенция» в переводе означает - _____. Так Бах назвал небольшие двухголосные пьесы для _____. Трехголосные произведения того же типа получили названия _____. Это греческое слово переводится как _____. Бах сочинил ___ двухголосных инвенций и ___ трехголосных _____. Их музыкальное развитие основано на _____. В переводе с это слово означает _____. Основу всех _____ пьес составляет короткая, но очень выразительная _____. Мелодия, которая звучит одновременно с ней в другом голосе, называется _____. Построение, которое находится между полными проведениями темы, - это _____. Задача _____ и симфоний – познакомить учеников с правилами движения голосов в _____ и получить хорошие навыки игры на _____. Первые инвенции были написаны для _____ сына композитора.

Синквейн (от фр. cinquains, англ. cinquain) — пятистрочная стихотворная форма, возникшая в начале XX века под влиянием японской поэзии, в дальнейшем стала использоваться в дидактических целях. Синквейн – это один из методов развития критического мышления, эффективный метод развития образной речи, который позволяет быстро получить результат. Он может быть использован на разных этапах урока: на стадии повторения – обобщение полученных ранее знаний и



систематизации материала; на стадии осмысления – работа над новыми понятиями; на стадии рефлексии – творческое выражение осмысленного материала.

Правила написания синквейна:

1 строка – Кто? Что? - одно ключевое слово (обычно существительное или местоимение), название произведения – тема синквейна, определяющая содержание, идею.

2 строка – Какой? - два слова (прилагательные или причастия), описывающие тему, выражающие главную мысль. Слова можно соединять предлогами или союзами.

3 строка – Что делает? - три слова (глаголы или деепричастия), характеризующие действия, относящиеся к теме.

4 строка – Что автор думает о теме? - четыре слова (можно 3 и 5) – предложение, фраза, показывающая отношение автора к теме (может быть афоризм в виде поговорки, крылатого выражения, цитаты).

5 строка – Кто? Что? (новое звучание темы) - одно слово (обычно существительное, можно и два слова) – синоним или ассоциация, повторяющая суть темы, слово-резюме.

Четкое соблюдение правил написания синквейна необязательно. Возможны варианты использования и других частей речи. Синквейн – быстрый и мощный результат для рефлексии и обобщения понятий и информации. Он учит осмысленно использовать понятия и определять своё отношение к рассматриваемой проблеме, может использоваться с целью обогащения словарного запаса учащихся и позволяет им реализовать свои таланты и способности: интеллектуальные, творческие, образные. Для уроков музыкальной литературы синквейны – это превосходный способ контроля. Педагог при этом проверяет одновременно прочитанность текста, глубину его понимания и способность ученика грамотно и лаконично выражать свои мысли. Примеры:

Князь Игорь	Д.Д.Шостакович
Смелый, решительный	Талантливый, великий
Борется, преодолевает, страдает	Сочиняет, вдохновляет, исполняет
Им гордится вся Русь	Оставил после себя великую музыку
Патриот!	Достояние России!

Изучение биографических тем в курсе музыкальной литературы является необходимым. Биографический материал представляет для педагога огромный простор для творчества и инновационных идей. Такие темы дают возможность провести межпредметные связи, позволяют привлечь для сравнения иллюстрации, литературные произведения, примеры из живописи и архитектуры, воспоминания современников. Преобладающий метод объяснения биографических тем – рассказ. Желательно, чтобы на уроке были еще и черты беседы. Педагогом задаются вопросы, вовлекающие детей в процесс объяснения, заставляющие их размышлять. Один из важных приемов на этом этапе – прием сравнения.

Любой урок должен включать фрагменты музыкальных произведений (можно использовать также те, которые не входят в основную программу), при этом используются следующие методы наглядного обучения: живое исполнение музыки педагогом, демонстрация музыки с помощью различных технических устройств. Наблюдение музыки по нотам представляет собой активную форму чувственного познания, широко применяемую в обучении. Зрительное восприятие нотного текста звучащего произведения требует сосредоточенности, слухового внимания. «Согласовывать слышимое с видимым – ухо с глазом» Т. Нейгауз считал, неперенным условием обучения детей музыке.

Различные методы и приемы, формы работы на уроках музыкальной литературы помогают приучить учащихся к самостоятельной работе, вызвать интерес к своему предмету. Педагог не просто должен говорить о музыке, передавать о ней информацию, а учить детей мыслить и радоваться процессу мышления, прививать любовь к искусству, зарождать желание слушать произведения классиков и встречаться с музыкой не только на уроках, но и в повседневной жизни. Продвигая вперед инновационные методы, необходимо не забывать и о традиционных методах, которые не менее действенны, а в иных случаях без них просто не обойтись. Очень важно, чтобы традиционные и инновационные методы обучения были в постоянной взаимосвязи и дополняли друг друга. Таким образом, если сочетать в педагогической деятельности элементы классических методик преподавания музыкальных дисциплин с современными методами изучения и усвоения информации, процесс обновления таких классических систем образования как музыкальная педагогика становится возможным и оправданным.



Список литературы:

1. Алиев, Ю. Б. Настольная книга школьного учителя-музыканта. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС . – 2002.
2. Амрахова А.А. Перспективы фреймовой семантики в музыкознании // Музыка как форма интеллектуальной деятельности / Ред. Сост. М.Г. Арановский. – М: КомКнига, 2007.
3. Как преподавать музыкальную литературу. М., «Классика XXI», 2007.
4. Муштавинская, И.В. Технология развития критического мышления на уроке и в системе подготовки учителя: учебно-методическое пособие/И.В.Муштавинская; [2-е изд.] – Санкт-Петербург: КАРО, 2015.
5. Информационно-электронные ресурсы <https://lit.wikireading.ru/60495>, https://pedsovet.su/metodika/priemy/5673_metod_klaster_na_uroke, <https://ru.wikipedia.org/wiki/Синквейн>

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨЗГЕРІС - ЗАМАН ТАЛАБЫ

АРДАК Магазовна Куркенова

№79 мектеп-лицейі

Нұр-Сұлтан қаласы

ardak1970astana@mail.ru

Білімнің бастауы, қайнар көзі – мектеп болса, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы – бастауыш білім беру саласы екені баршамызға аян. Осы тұста Мұхтар Шаханов ағамыздың мына бір сөзі ойға оралады. «Бала жүрегі кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында үнемі сол кілт жүруі керек» дегендей, бастауыш сынып мұғалімі үнемі ізденісте болуы керек. Бүгінгі күні әлемдегі барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесіне ұмтылуда. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал оның дамуы мемлекет азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан білім беру жүйесін болашақтың талабына сәйкес дамыту тиіс. Осы тұрғыда Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама болды. Аталған білім беру бағдарламасы туралы түсінгенім мен ұғынғаным мол

«Ұстаз болу өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай балалардың болашағы үшін аянбай жұмыс жасасам, еңбегім еш кетпейтініне көзім жетеді. Қанша жыл тер төгіп еңбек етсем де, «болдым, білдім, мен бәрін де білемін» деп айтуға болмайтынын түсіндім. 2007 жылы Астана қаласына көшіп келгеннен, ұстаз үнемі ізденіс үстінде болуы керек, өмір бір орнында тұрмайды, үнемі алға жылжып отырады, осыған орай жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі ізденіп, білімімді, біліктілігімді арттырып отыру керек деген ойда болдым. Сол себепті жыл сайын түрлі семинарларға, курстарға қатысып тұруға тырысамын.

Көп жылдар бойы, балаларға сабақты түсіндіруде қалай тақырыпты толық меңгертсе болады? Кейбір оқушылар неге сабақ оқуға қызықпайды? Соныдықтан өзімнің оқытқан сабағым, өзімнің көңілім толмайтын. Балаға тәрбие мен білімді дұрыс жеткізе алдым ба? – деген ой мені көп мазалайтын. Осы ой жетегінде жүргенде аяқ астынан үш айлық курсқа оқуға бардым. Курсқа барғанша бізді сонша үш ай бойы оқытпақ, ол жерде нені үйретеді екен деген қызығушылық болды. Ол жерде Кембридж университетінің қолданған жаңаша оқыту әдіс-тәсілдерін үйрендік. Сабақ жоспарлары біздікінен өзгеше ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді, орта мерзімді жоспар жасауды үйрендік. Сабақ жоспарының құрылымы, әдіс-тәсілдері де өзгеше болды.

Соның нәтижесінде іс-тәжірибемді сын тұрғысынан қарастырып, оқытудың ақпараттық технологияларын, электронды оқулықтарды, жаңаша әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушыларымды топпен жұмыс істей білуге дағдыландыра бастадым. Біртіндеп оқушыларымның белсенділігінің, қызығушылықтарының артуын байқап көңілім жайлана бастады. Топтық жұмыстар кезінде сабақта «Делегат» әдісі, «Авторлық орындық», сыни тұрғыдан ойлану, ашық сұрақтарды көбірек пайдалануға тырыстым. Оқушыларымның бойынан еркін сөйлеуге, өз ойын жеткізуге тырысып, топта талдау жүргізіп, ойларын ортаға салып, дәлелдеуге құлшыныстары артқанын байқадым. Бұл әдіс – тәсілдерді математика сабағында да пайдалануға тырыстым. «Өткенді қайталау» тақырыбында республика деңгейінде ашық сабағымды «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының стратегияларын, «Интербелсенді оқыту әдістері» т.б. технологияларды тиімді қолданып, мастер-класс өткіздім. «Бастауыш сынып математикасы оқыту әдістемесіндегі жаңаша әдіс-



тәсілдер» тақырыбында мақаламды «Педагог» атты республикалық журналына баспаға жарияланып, әріптестеріммен іс-тәжірибемді бөлістім.

Әр сабақта шаттық шеңберін құрып, бір - біріне жақсы тілек тілеп, соң топқа бөліп, оқушылардың қызығушылықтары арта түсті. Өз ойын айта алмай қиналатын, орыс тілді оқушыларым да басқаларға еліктеп еркін сөйлей бастады. Сабақтың барысы да өзгерді, оқушы тақырыпты сыныпта өздігінен оқып, үйреніп, топпен талдап, ұйымшылдықпен білгенін бір - біріне үйретіп, содан нәтиже шығарып, топпен қорғауды әдетке айналдырды. Бұл жерде білім беру мен қатар тәрбие де жүрді. Баланы сабақ кезеңінде ұйымшылдыққа, бір - бірінің айтқанын тыңдай білуге, әдептілікке, көпшілікке баулыдым. Бала өз ойын еркін жеткізіп, партада қадалып отырмай, түсінбеген оқушыларға түсіндіруге тырысып, қайта - қайта топқа бөлініп барлық уақытта қозғалыста болып, ойын ойнайды, бірін - бірі бағалады, сабақтан алған әсерін стикерге жазып, кері байланыс жасады. Мен тек оқушыларды қадағалай отырып, арасында бағыт- бағдар беріп, жетелеуші ашық сұрақтар қойып, кері байланыстан нәтиже шығарып отырдым.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» деген Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзін әрқашан есімнен шығармауға тырыстым. Өзімді тәуелсіз еліміздің болашағы үшін жауапты екенімді түсінемін. Сондықтан өз білімімді жетілдіре түсуге, жаңартылған оқу бағдарламасының да пайдасы ерекше болды деп айта аламын.

2020 жылы онлайн форматта оқыту кезінде, Нұр-Сұлтан қаласы бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық тобының құрамына кірдім. Жаңартылған оқу бағдарламасына сай, 4-сыныптың математика пәнінің тақырыптары бойынша төрт тоқсанға ҚМЖ, презентация, бейнежазбалар дайындадым. Сабақтарыммен бірге бұл жұмысты атқару маған оңай болмады. Бірақ маған берілген жұмысты абыроймен атқарып шығуға тырыстым. Себебі, осындай қиын кезде ұстаздардың жұмыстарын жеңілдетуге ат салысуға тиіс екенімді сезіндім. Қазақ сыныптары үшін, интернет желісінде сабаққа пайдаланатын материалдар жоқтың қасы. Қаншалықты қиын болғанымен оның пайдасы да болғанын білемін, себебі өз басым ақпараттық технологияны пайдалана отырып, презентацияны жасаудың қыр-сырын, анимацияны жасау түрлерін, бейнежазба түсіруді де меңгердім.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары). Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериялық бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығы мен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсіл мен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Ең жоғары балл 60 ұпай, орташа балл 48 ұпай деп белгіленеді. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдер де пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылым мен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі біроқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Оқушы білімін бағалауға тоқталар болсам, жаңа білім беру мазмұнында бес балдық бағалау емес, критериялық бағалау арқылы бағалануы – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, бірге даярланған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, бастауыш білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі. Критериялық бағалау оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Бұл бағалау жүйесінің оқушы үшін ерекше екендігін тәжірибе барысында байқадым.

Қалыптастырушы бағалау шынайылыққа бағытталады.

Оқушының өз бетімен жұмыс жасап, тұжырым жасауына ықпал етеді.



Мұғалім үшін қай оқушының қандай деңгейде екендігін байқауға мүмкіндік береді.

Оқушының өзара бір-біріне бағалауын қалыптастырады.

Ата-ана өз баласының қай оқу мақсатынан төмендігіне көз жеткізіп, сол бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік жасап отыр.

Әр мұғалім қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жасау арқылы өздерінің кәсіби бағытта дамуына қол жеткізетіндігі.

Шығармашылық – бұл адам іс-әрекетінің түрі, бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешімдер кезінде қабылдай білуге үйренуі керек. Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді. Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып табылатын бастауыш мектептің алатын орны ерекше, өйткені бастауыш мектеп:

1. Оқушылардың интеллектуалдық, рухани, табиғи нышандарын дамытуға өзінің қызығушылықтарымен бейімділіктерін іске қосуға жағдай жасайды.

2. Жеке адамдық сенімдерін қалыптастыруға жағдай жасайды.

3. Ұжымдық және жеке іс-әрекеттер тәсілдеріне үйретеді.

Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімнің болуына жағдай жасайды. Кіші жастағы баланың оқуға, оқу арқылы қабілеттерінің дамуына көп мүмкіндіктер бар.

Ұстаз үшін ең маңызды мақсат-әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып келген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс – диктанттарды қолдана білу. Сондықтан диктант неғұрлым жиі алынса, оқушылардың сауаты неғұрлым табысты болады. Диктанттардың мынандай түрлерін өткізіп отырдым: әріп, буын, сөз, сөздік, ескерту, шығармашылық, көру, өздік терме, графикалық, есту, бақылау диктанттары. Осы диктанттардың ішіндегі ең күрделісі – шығармашылық диктант. Қазақ тілі сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін осы шығармашылық диктантты көп қолданып жүрмін.

Мен жаңа сабақты өтпес бұрын тақырыбын проблемалық ой тудыра отырып хабарлаймын, оқушы жаңа сабаққа ерте еніп, ұмтылып жауап іздейді, талпынады, қызығушылығы артады. Үнемі сұрақ қою жүйесімен жұмыс жасау білімді меңгерту барысында оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді. Бұл - сабағыма жан бітіріп, шығармашылық серпіліс тудырды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін қосымша әдебиеттерді, ертегілер мен жұмбақтарды, жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді де бала шығармашылығы дамитындай етіп пайдаланып отырдым.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарымды мынадай жолдармен өткіздім:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;

2. Сабақты түрлендіріп өткізу;

3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, кестелер мен сызбаларды пайдалану;

4. Интерактивті тақтамен слайдтарды тиімді қолдану;

5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруда мынадай нәтижеге жеттім:

1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады.

2. Шығармашылық ізденіске жетелейді.

3. Өз ісіне деген сенім пайда болады.

4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді.

5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді.

6. Шығармашылық белсенділік артады.

Осылардың нәтижесінде дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір – бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Тәжірибеден өткізу барысында бұл бағдарламаның ерекшелігіне көз жеткізе түскендеймін. Соның бірі коммуникативтік төрт дағдыға баса назар аударылуы. Осыған дейін оқылым мен жазылымға аса мән беріліп келсе, жаңа білім беру мазмұнында ең бірінші тыңдалым және айтылымға мән берілуінің қоғамдық қажеттіліктен туындағандығын тәжірибе барысы дәлелдеді. Себебі, тыңдалым дағдысының 6 жастағы балада емес үлкендер тарапында да жетіспейтіні жалған емес.



Тыңдалым болмаған жағдайда қалған үш дағдының өз нәтижесін бермейтіндігі айдан анық жағдай . Сондықтан қазіргі күні оқу процесінде « ең бірінші тыңдаймыз» деп оқушылардың тыңдалымға дағдылануына баса назар аударып отыру оқушыда өз бетімен тыңдауға назар аудару дағдысын қалыптастыруда. Күнделікті сабақ басталмас бұрын бүгінгі сабақтың мақсатын таныстыру оқушыда өз алдына мақсат қоя білуге, сабақ соңында бүгінге мақсатқа қол жеткізгендіктеріне қайта шолу жасау арқылы өз нәтижесіне саралау жасауға мүмкіндік беру бұл да жаңа білім беру мазмұнының жаңа бір қыры деп айта аламын.Әр пәнде үш тілділік саясатының жүзеге асуы және барлық пәнге тән ортақ тақырыптың болуы , сабақтың кіріктіріле өткізуге негізделуі оқушының белгілі бір тақырыпты жан-жақты қырынан зерттеуіне, өз бетімен тұжырым жасауына ықпал етеді.

Ата-ана үшін де бұл бағдарлама бір жағынан қорқыныш тудырса, екінші жағынан қызығушылық та тудырып отыр.Ата-аналар мәжілістерінде әр оқушының қалыптастырушы бағалау нәтижесін есеп беру бетшесі арқылы таныстырудың өзі ата-ана мен мұғалімдердің арасында ынтымақтаса жұмыс жасауға ықпал ететіндігін көрсетуде.Кері байланыс бетшесінде алған мәліметтерін,жазған ұсыныстарына қарай отырып ата-ананың бағдарлама мақсатын түсінгендігін байқауға болады.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Бағдарламаның ерекшелігін тәпті болғанымызбен әттеген-ай дерлік жағдайлар да кездесіп, мұғалім жұмысына кедергі келтіріп жатқан кездер де аз емес. Ол бағдарлама мен оқулықтың сәйкес келмеуі. Бұл ата-анаға да ,оқушыға да,мұғалімге де аз қиындық болмай тұр.Әрине, жаңа бастаманың қашанда қиындығы да қызығы да аз болмайды. Бірақ осы үлкен міндетті абыроймен атқарып ,шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу әр ұстаздың міндеті. Сондықтан заман талабына сай болып жатқан өзгерістерден қауіптенбей, мақсатқа сай,нәтиже аламыз деп сенемін

Өз ойымды қорытындылай келе,менің ұстаздық борышым – менің шәкірттерім заманауи технологиялар заманында осы қоғамға сай өмір сүре алатын білімді де,білікті, елін, жерін, бойында адамгершілік қасиеттері мол ,болашақ ұрпақтарын тәрбиелеуге тиіспін. Тәуелсіз елдің ұстазы ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологияларды меңгерген, осы кезеңге сай интеллектуалды, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес болу, әр ұстаздың міндеті деп білемін. Мұғалім – барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны және жүрегі. Сондықтан ұстаздың негізгі басты мақсаты - рухани бай, іздемпаз, адамгершілігі мол адамды қалыптастыру болып табылады. Өйткені мұғалімдер мемлекетіміздің жаңа буынын оқытамыз. Оқытылған балалар неғұрлым көп болса, соғұрлым біздің еліміздің дамуына үлес қосқысы келетін адамдар көп болады. Қазақстан Республикасының болашақта дамуы ұстаздарға тікелей байланысты деген ой түйдім. Ендеше ,тәуелсіз елдің ұстазы ретінде , өз басым ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармауға тырысамын!Себебі, мен ұстаз болумен қатар, көпбалалы анамын.Еліміздің болашағы, ол менің балаларымның,немерелерімнің болашағы екенін өте жақсы түсінемін.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1.Педагогика. С.Абенбаев
- 2.Педагогика. Р.Қоянбаев
- 3.Бастауыш мектеп. 2004 ж
- 4.Педагогика және психология . №3 2010 ж
- 5.Нұсқаулық ІІІ базалық денгей.

ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН САБАҚТАР-ЖҰМЫСШЫ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ

ҚАЛИЕВ Асқар Қабдүшұлы, УӘЛИЕВ Аманғали Серғалиұлы
«Astana Politechnik» жоғары колледжі, Жоғары құрылыс-экономикалық колледжі
Нұр-Сұлтан, Петропавл, Қазақстан
askar_aseke@mail.ru, ualiev_amangali_s@mail.ru

Аннотация



Авторы рассматривают противоречия в системе подготовки рабочих кадров в условиях дуального обучения.

Annotation

The authors consider the contradictions in the system of training workers in the conditions of dual training.

Қазіргі жағдайда жұмысшы кадрларды даярлауда қандай жетістіктер бар? Әлеуметтік серіктес не талап етеді? Колледжде оқу кезінде студент нені жақсы игереді? Біз бұл мақалада кәсіби кадрларды даярлаудың осы мәселелерін ашуға тырысамыз.

Қазақстан Республикасында 2012 жылдан бастап дуальді оқыту енгізілді. Өткен жылдар ішінде әрбір оқу орны осы мемлекеттік міндетті іске асыруда өзінің бірегей тәжірибесін жинақтады.

Осы конференцияны өткізу кезіндегі Қазақстандағы жағдай (2022 жылғы ақпан) бизнесті жедел және тиімді қалпына келтіруді талап етеді.

Экономикамызды тиісті еңбек кадрларсыз дамыту мүмкін емес.

Дуальді оқыту жағдайындағы ТЖКБ (техникалық және кәсіптік білім беру) оқу орындарының басты міндеті - әлеуметтік әріптесті осы кәсіпорынның қажеттіліктеріне және оның ерекшелігіне орай дайындалған жұмыс кадрларымен қамтамасыз ету. Оқытудың бұл түрін ұйымдастыру және оқу процесіне енгізу үшін білім беру мекемесі мен кәсіпорынның бірлескен жұмысы қажет.

Барлық жерде біз мамандардың кәсіби даярлығының сапасын арттыру қажеттілігі туралы естиміз. Тәжірибе көрсеткендей, бұл біздің түлегіміздің өндірістік қызметке қаншалықты дайын екендігін анықтайтын кәсіби қызметке дайындық сапасы.

Дуальды оқытудың оқу бағдарламаларын жүзеге асыру тәжірибеге бағытталған сабақтарды енгізуді және өткізуді талап етеді. Бізге зертханалық-практикалық (ЗПС) және практикалық (ПС) сабақтардың ескі терминологиясынан алшақтау қажет. ППС (практикаға бағытталған сабақ) аббревиатурасына көше отырып, сабақты өткізуші сабақтың осы түріне түпкі сана сезімімен алдын ала бейімделіп, дайындалады.

Осылайша, біз жұмыс берушінің болашақ мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру туралы тілектерінің бірін шешеміз.

Практикаға бағытталған оқыту студенттерді оқу, өндірістік практикадан (мамандық бейіні бойынша), диплом алдындағы практикадан өту кезеңінде практикалық оқытумен тікелей байланысты. Барлық мамандықтар бойынша Практикалық оқытудың оқу сағаттары кәсіби модульдер бойынша бөлінген. Практикалық оқыту бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына сәйкес нақты кәсіби құзыреттіліктің практикалық дағдысын игеруге бағытталған. [1]

Бұрын жұмыс берушінің талаптары мен тілектері қызықтырмайтын. Кәсіпорындар жеке меншікке айналды. "Колледж — өндіріс" өз ара тізбегі бұзылған. Барлық салаларда техникалық қамтамасыз ету қарқынды дамып келеді және дайын мамандарды қажет етеді. Жаңа маман өндірістік міндеттер мен оларды орындау технологиялары туралы нақты түсініктерге ие болуы керек.

Сонымен бірге, бірлескен жұмыс кезінде келесі қайшылықтар туындайды. 1405000 «Газбен жабдықтау жабдықтары мен жүйелерін монтаждау және пайдалану» мамандығы бойынша бағдарламаларды іске асыру кезінде «Astana Politechnik» жоғары колледжі және Петропавл жоғары құрылыс-экономикалық колледжі келесі мәселелермен кездесті:

1. Әлеуметтік серіктестер студенттерді дуальды жүйе бойынша оқыту үшін өзінің материалдық базасын бөлуге мүдделі емес. Себебі, кәсіпорындар келісімшарттарда (студенттердің тәжірибесін алуға өтініште) *18 жасқа толған* деген шарт қояды. Яғни, кәмелетке толмағандар үшін жауапкершілікті алып тастайды. [2]

2. Өндірісте студенттерге өндірістік практикадан өту кезінде тәлімгерлер тағайындалады, бірақ олардың бұл қосымша жүктемесіне ақы төленбейді. Тәлімгерлер жас маманды тегін даярлауға мүдделі емес, өйткені олар өндірістік практикадан өту кезеңінде студенттер үшін жауап береді. [3]

3. ТЖКБ-ның барлық оқу орындары 9-сынып негізінде қабылдау жүргізеді. Бізге 15 жастағы мектеп жастары түседі. Тек 3 курста олар 18 жасқа толады. Ал, 2 жыл 10 айлық бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау кезінде 18 жас оқуды аяқтағаннан кейін келеді.

Қорытынды. Өндірістік практика қажетті деңгейде болмайды. Оқытудың дуальдылығы тиісті қамтамасыз етілмейді. Жұмыс беруші оған дайын емес және студенттерге рұқсат бермейді.

Егер біз осы даулы мәселелердің шешімін бірлесіп табатын болсақ, онда біздің тапсырыс беруші-кәсіпорындар білікті кадрларды даярлауға мүдделі болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:



1. Қазақстан Республикасы БҒМ 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы.
2. Қалиев А. К. Практическое обучение студентов по специальности «Монтаж и эксплуатация оборудования и систем газоснабжения» в условиях дуального обучения / Сб. докл. «Қазіргі заманғы техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту: тәжірибе мен үрдістерді талдау». – ЖКЭК, Петропавл қ. – 2022.
3. Уалиев А. С. Студенттің өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру / Сб. докл. «Қазіргі заманғы техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту: тәжірибе мен үрдістерді талдау». - ЖКЭК, Петропавл қ. – 2022.

ҒАЛАМТОРДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КИБЕРҚАУІПСІЗДІГІ

МАДЕНОВА Лаззат Мүтиголлиевна

М.Өтемісов атындағы БҚУ

Орал қаласы, Қазақстан

lim103@bk.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі жаңғыру жағдайындағы білім берудегі өзгерістер, киберсауаттылықтың маңызы қарастырылады. Білім беру жүйесіндегі түбегейлі жаңғыру мүмкіндігін ауқымды мәселелер негізінде шешуді көздейді.

Тірек сөздер: кибер, цифрлық, процесс, қорқыныш, инновация, медиа .

Annotation

This article describes changes in education in the context of modernization, the importance of cybersecurity. It is aimed at solving the possibility of radical modernization of the education system on the basis of a wide range of issues.

Keywords: cyber, digital, process, fear, innovation, media.

Қазіргі кезеңде білім беру саласында өзгерістер көптеп кездесіп отыр. Соңғы кезде педагогика және психология ғылымдарында қарастырылып отырылған проблемаға байланысты жаңа терминдер жиі қолданылып жүр. Олар виртуалдық педагогика, коммуникациялық педагогика, интербелсенді педагогика, цифрлық педагогика, интернет-педагогика. Сонымен қатар қазіргі білімдік бірлестікте киберпедагогика деген термин, ұғымды жиі кездестіреміз. Сол терминдер арасындағы ұқсастық пен айырмашылығы қандай, неліктен солай аталынады, мүмкін бұлар синоним бе деген сұрақтар да орын алып жатады. Ғылым кеңістігінде осы проблемаға байланысты әр түрлі пікірталасты байқауға болады [1,328].

Болашақта педагогикалық пәндер циклі бойынша «Киберпедагогика» курсы негізінде жалпы білім беретін мектептегі пәндік және метапәндік деңгейлердің жаңартылған білімінің мақсаттары мен міндеттері, базалық мәдениеттанулық және технологиялық ақпараттық цифрлық білім беруді меңгеру, білім беру практикасын жақсарту бойынша инновациялық тәсілдерді іске асыру қабілеттерін дамыту, оқушылардың орталықтандырылған оқытуды іске асыру тәсілдерін білу, инновациялық білім беру процестерін басқару білігін дамыту, педагогтің когнитивті қызметінде рефлексивті қатынастар жүйесінде дағдыларды пысықтау, медиапедагогика саласындағы білімдер қарастырылады.

Бұл болашақ педагогикалық білімі бар студенттерде білім беру жүйесінің жұмыс істеуінің инновациялық - педагогикалық қызметтің құзыреттерін қалыптастыру. Бұндағы қалыптастырылатын базалық құзыреттерге келсек, білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру контекстінде инновациялық-педагогикалық қызметті жүзеге асыру қабілеті, қазіргі жалпы білім беретін мектепте оқытуға және тәрбиелеуге жаңа тәсілдерді меңгеруді талап етеді.

Өзгермелі қоғамдағы күннен-күнге сананы жаулап отырған ақпараттар қарқыны, білім беру жүйесінде болашақ мамандар үшін педагогикалық тұрғыдан кәсіби біліктіліктен бөлек, интернет технологияларды меңгеріп, IT технологиясын еркін қолдану дағдысын игеруді қажет етуде. Күнделікті тыңдайтын жаңалықтар, ал оны ұсынудың кең таралған түрі – тікелей ақпарат тарату. Радиода әдетте мұндай типтегі жаңалықтар бес минуттық немесе бір минуттық сюжеттерде, ал телевизияда көбінесе жарты сағаттық бағдарламада және интернетте алуан хронометраждағы сюжеттерде ұсынылады.

Жаңалықтар, негізінен, объективті әрі әділ және саяси, әлеуметтік, діни, экономикалық, сондай-ақ өзге де көзқарастан бойын аулақ ұстау өажет болса да, олар қоғамдық пікір қалыптастырғысы келетін арна немесе станция иесі, репортер, жарнама беруші, ішкі қысым топтары және өзге де дереккөздердің талап-тілектерін көрсетеді [2,192].



Сол себепті қазір әр үйде теледидар, оның ішінде компьютерлер үйреншікті жағдайға айналды, әр бала оларға қол жеткізе алады. Оны жаппай пайдалану әсіресе әлемде төтенше жағдай жарияланған кезде, мектептегі білім беру онлайн форматына көшуі барлық балаларды белсенді компьютермен пайдалануды міндеттеген болатын. Олардың үйдегі, мектептегі және көптеген басқа да жағдайлардағы гаджеттер сенімді серігіне айналды. Тәжірибемізден көріп отырғандай, компьютерлер балалар өміріндегі бірнеше маңызды салаларға айтарлықтай әсер етеді. Олар білім беру, ойын-сауық, әлеуметтік қатынастар және денсаулық. Компьютерлер бала өмірінің барлық салаларына пайданы да, сонымен бірге зиянды да әкелуі мүмкін. Бақылаусыз компьютерді ұзақ пайдалану балаларға физикалық, әлеуметтік және психологиялық зиян келтіруі мүмкін. Сондай-ақ қоғамның күрделі проблемасына айналып отырған, әлеуметтік желі арқылы балалардың психологиялық күйзеліске ұшырау себебінің бірі буллингтың белең алуы.

Буллинг-ағылшын тілінен аударғанда "қорқыту", "қорлау" дегенді білдіреді — агрессорлар тобының жәбірленушіге үнемі психологиялық және кейде физикалық әсерін айтады. Кибербуллинг- бұл интернет-технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатын қудалау түрі. Қорқытудың көптеген жіктелімдері бар екені мәлім, бірақ тұтастай алғанда олар тікелей және жанама түрде ерекшеленеді. Бірінші жағдайда балалар бір-бірімен жұдырықтасып төбелесіп, заттарды бүлдірсе, кейін ақшаны тартып алу, өзгені сөзбен қорлау түрі кездеседі. Екінші жағдайға кіретіндер ол қарсылық көрсету, өсек айту, ырқына көндіру, өз дегеніне ықпал жасау, жала жабу, кінәні аудару, лақап аттар қою жатады. Көп жағдайда жанама қудалауды уақытында анықтау және басқаларға дәлелдеу қиынырақ. Киберқауіпсіздік - деректердің құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік шараларын пайдалану процесін айтады. Сақтану шаралары ретінде арнайы киберқауіпсіздік ережелерін құрған абзал. Мәселен, үйдегі компьютердің операциялық жүйесін үнемі жаңартып отыру, тек арнайы лицензиялық бағдарламаларды пайдаланып, антивирустық бағдарламаны қолдану. Бұл өз кезегінде маңызды файлдардың сақтық көшірмесін жасауда, қауіптің алдын алуға көмегін тигізеді. Мазмұнды интернетке жүктеу және жүктеу кезінде абай болған дұрыс. Құпия сөздерді мезгіл-мезгіл өзгерту қажет. Интернетті басқа біреудің құрылғысында пайдалану кезінде есептік жазбаңыздан шығуды ұмытпаған жөн. Сонымен қатар интернетті басқа біреудің құрылғысында пайдалану кезінде де есептік жазбаңыздан шығуды естен шығармаған пайдалы. Осы ережелердің барлығын балаларға түсіндіру маңызды болып табылады. Жеке ақпаратты ұсынудың ықтимал қауіпті салдарын әр ата-ана балалармен талқылау керек. Бала ешқашан ешкімге құпия сөздерді айтпау керек! Балалар кез-келген ақпаратты немесе олардың фотосуреттерін (сонымен қатар басқа адамдардың суреттерін) жарияламас бұрын, әлемдегі кез-келген адам бұл ақпаратқа қол жеткізе алатындығын есте ұстағаны абзал.

Дегенмен интернеттің қозғаушы күші өте қуатты. Бұл технологияның қарқынын өзгерту үшін ештеңе істей алмайтын фэдф кейбіреулер қазірден-ақ айтып жатыр. Өз еркімізбен келіссек те, тіпті келісімімізді алмай-ақ, біздің цифрлық мәдіметтерімізге қол жеткізгісі келетін және оны жинауға қаражаты да жеткілікті компаниялар мен үкіметтік ұйымдардан жеке өмірімізді қолсұғушылықтан құтқару енді тым кеш болып қалған шығар. Біздің онлайн- әокеттеріміз өзіміздің құпиялығымызға жиі қауіп төндіреді.

1967 жылы тарихшы –экономист Роберт Л.Хайльбронер технологиялық детерминизм мәселесін қайта қарастырды. «Бұл техникалық өзгерістердің тұсауы шешілген, бірақ бақылау және технологияны басқару органдары әлі де мешуе күйінде қала берген кейбір тарихи дәуірдің мәселесі екені сөзсіз...»- деп жазды ол. Қазір біз қолымыздағы техниканың өзімізге қалай әсер ететінін, өзіміздің де оған қалай әсер ете алатынымызды білуге тиіс дәуірдің бірінде өмір кешіп жатырмыз. [3,32].

Әрбір жасөспірім ата-аналармен интернетте алынған теріс тәжірибе туралы сөйлесе алатындығын білуі керек. Кибербуллинг- интернет, ұялы телефон не басқа технологияларды пайдалану арқылы баланың қыр соғына түсу, қорқыту, ұялту дегенді білдіреді. Дәрекі, қатыгез сипаттағы мәтіндік хабарламалар жіберу түрі. Жәбірленушіні онлайн режимінде мазақ ету не болмаса жеке басына тән ақпаратты, фотоны немесе бейнежазбаны орналастыру. Баланың қыр соғына түсу оны мазақ ету мақсатында жалған тіркеу жазбасын, веб- парақшаны не онлайн режимінде бейне жасау сияқты әрекет түрлерін қамтиды. Бұл қорқыту, қорлау, физикалық немесе психологиялық террор, интернет пен ұялы телефонның, гаджеттер көмегімен виртуалды ортада жүзеге асырылады және басқада қорқыныш тудыруға және сол арқылы оны өзіне бағындыруға бағытталған әрекет. Балаларға интернетте сөйлескен кезде олар басқа пайдаланушылармен мәдениетті қарым-қатынаста болуы керек екенін түсіндіру жұмыстарының маңызы зор. Балаларды басқа пайдаланушылардың ренішті сөздеріне немесе әрекеттеріне дұрыс жауап беруге үйрету ата-ананың міндеті. Осы тұста сол негізгі қауіптің алдын алу жолдарын түсіндіру, сақтану, ескерту жұмыстарының алғашқылары болса, балалардың қауіпсіздігін



қамтамасыз ету мәселесінде туындайтын тағы бір қауіп түрі бұл грумингтың салдарынан пайда болатын қиындықтар. Груминг-жеке кездесу, онымен жыныстық қатынасқа түсу, бопсалау және қанау мақсатында баламен достық қарым-қатынас орнату. Бұл күрделі мәселеде баланы дер кезінде қолдап, оның сенімді адамы отбасының шын жанашырлары екенін естен шығармау керектігін үнемі ата-ана балаға ескеріп отыру қажет. Бастапқы негізгі назар аударуды жүзеге асыра отырып ұстану керек жалпы ұсыныстарды атап айтар болсам, бұл біріншіден, компьютерді бүкіл отбасы үшін ортақ бөлмеге орнатыңыз әрі интернет көзін, ондағы ақпараттарды күнделікті талдап отырған дұрыс. Баламен қатар ата-аналардың да компьютерді пайдалану туралы көбірек білгені жөн. Әр отбасында отбасы мүшелері нтернетті баламен бірлесе ортақ бірге пайдалану қажет. Интернетті пайдалану әдісі мен уақыты туралы баламен сөйлесіп, әңгімелесу арқылы келіссөздер жүргізіңіз. Баламен міндетті түрде сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқытудизайны. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. - 2019 жыл. – 328 бет.
2. Роберт Хиллиард. Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу. Нұр-Сұлтан, 2020.
3. Патрисия Уоллейс. Интернет психологиясы. Астана, 2019

ВЛИЯНИЕ ИГР НА РАЗВИТИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

**МАСИМОВА Гульмира Алимжановна, МАГСУМОВА Эльвира Курбангалиевна,
НҰРЖАНОВА Айжан Досжанқызы**

Руководитель: Л М Искакова

Казахский национальный женский педагогический университет

Алматы, Казахстан

gulmira.alimzhan@mail.ru, magiya35@rambler.ru, aizhan.amir@mail.ru

Аннотация

Қазіргі таңда психикалық дамуы тежелген балалар саны өте көп. Қарапайым балаларға карағанда оларда кәдімгідей ауытқылар байқалады. Күнделікті өмірде әдеттегі оңай қимылдар оларға қиынға соғады. Олардың ойлау, есте сақтау қабілеті, жады, логикалық дамуы өте баяу, өздерінің құрдастарынан артта қалады. Мұндай балаларға күнде коррекциялық түзетулер қажет. Коррекциялық түзетулердің нәтижелі болуы үшін ойын формасын пайдаланғаны жөн. Өйткені ойын арқылы бала толықтай ашылады. Мінезі, тәртібі өзгере бастайды. Өзінің күнделікті қажеттіліктерін ойын арқылы үлкенлерге жеткізе алады. Ойынның түрлері өте көп. Сондықтан біз психикалық дамуы тежелген балаларға көмек көрсету ретінде ойын түрлерін құрастырдық. Оны практикада қолданып жақсы нәтиже көрсеткенін байқадық. Қазіргі заманда неше түрлі әдістер бар. Ата – аналар көбінесе коррекциялық түзетулерге карағанда, микрополяризация немесе томатис секілді әдістерге көп жүгінеді. Олар оның соңы неге апарып соғатынын білмейді. Баланың миына ток жіберу арқылы ата – аналар жақсы нәтижеге жетеміз деп, балаларын эпилепсия секілді ауруларға алып келіп жатыр. Мұндай балаларға тоққа карағанда ойын арқылы сапалы коррекциялық түзетулер жүргізуге болады.

Аннотация

Сегодня много детей с задержкой психического развития. По сравнению их со своими сверстниками можно заметить много отхождений нормы. Выполнить элементарные навыки для них очень тяжело. У них память, мышление, логика, понимание отстают. Такие дети нуждаются ежедневной коррекции. Чтобы ежедневные коррекции были эффективными надо на занятиях применять игровые формы. С помощью игр ребенок полностью раскрывается. Характер, поведение улучшается. Через игру ребенок может донести свои потребности. Виды игр разнообразны. Поэтому мы со своими коллегами создали игры чтобы помочь детям с задержкой психического развития. Сами применяли на своих занятиях результаты очень хорошие. В наше время очень много форм лечения. Но родители предпочитают коррекционным занятиям микрополяризацию или же томатис. Они не знают к чему это может привести. В конце многие дети становятся эпилепсиками. Поэтому самый лучший вариант это коррекционные занятия с применением игровой формы.

Annotation

Today there are many children with mental retardation. Compared with their peers, you can notice a lot of deviations from the norm. It is very difficult for them to fill in elementary skills. Their memory, thinking,



logic, understanding are lagging behind. Such children need daily correction. In order for daily corrections to be effective, it is necessary to use game forms in the classroom. With the help of games, the child is fully revealed. Character and behavior improved.

Каждый родитель хочет видеть своих детей успешными и благополучными, хорошо образованными, состоявшимися личностями, чтобы они чувствовали себя свободными и уверенными всегда и во всем. Как правило, родители в первую очередь обращают внимание на то, правильно ли ребенок развивается, правильно ли он произносит все звуки. А другие, более важные стороны речевого развития остаются без должного внимания. Конечно, дети имеющие грубую патологию психического и речевого развития, выявляются довольно рано. Гораздо сложнее с детьми, у которых нерезко выражено отставание в развитии: ребенок отличается от других детей, он не хочет играть с другими детьми, ребенок позже начинает разговаривать. [1, стр 3]

У детей с задержкой психического развития можно сразу заметить отставание, отхождение от нормы. Здесь в основном отстают психическое развитие ребенка, его навыки. То есть ребенку при исполнении самых элементарных навыков приходится с тяжелым трудом. У таких детей незрелое мышление, поэтому их можно развивать с применением различных игр на когнитивные сферы.

Игра является одним из самых важных занятий ребёнка. Игра для ребёнка – это не просто развлечение или способ провести свободное время, это – необходимое условие психического и физического развития ребёнка. Игра выполняет несколько функций.

Через игру ребёнок осваивает новые навыки и развивает речь, мышление и логику, память, внимание и другие психические функции. Это относится не только к специальным «обучающим» играм. Например, делая что-то из пластилина, ребёнок развивает мелкую моторику, учиться дифференцировать цвета и геометрические формы. Подвижные игры способствуют физическому развитию и укрепляют здоровье ребёнка. Также, любые игры развивают творческие способности и воображение. Таким образом, игры способствуют познавательному и физическому развитию ребёнка.

Игра для ребёнка – это также способ донести до взрослого свои переживания: радости, тревоги, страхи, надежды, ожидания. Часто через игру ребёнок сообщает родителям что-то важное о себе и узнаёт что-то важное о родителях. Игра – это способ быть ближе, почувствовать поддержку, заботу и любовь родителей. Поэтому очень важно, чтобы родители находили время для совместных игр с ребёнком.

Игры бывают разными. И для детей с задержкой психического развития игра играет особную роль. Потому что все мы знаем что они нуждаются в специально организованном коррекционно-развивающем обучении. А обучение для таких детей проходит в форме игры. Есть несколько видов игр.

Виды игр

Сюжетно-ролевые и творческие игры на несколько тем:

-Бытовые

-Производственные

-Забавы и развлечения

-Строительные

-С природным материалом

-Театрализованные

Игры с правилами.

Дидактические:

-С предметами и игрушками

Мысал – 1. $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ – төртбұрышты призма. M, N, K нүктелері призманың сәйкес AA_1, BB_1, CC_1 бүйір қырларында жатыр. M, N, K нүктелері арқылы өтетін жазықтық пен призманың қимасын салындар [1].

Шешуі: Бір жазықтықта орналасқан нүктелерді қосамыз (сурет - 1): M және K нүктелері ABC жазықтығында жатқандықтан оларды қосамыз, яғни

$MK = (MKN) \cap ABC$. Берілген K және N нүктелері $BB_1 C_1 C$ жазықтығына тиісті болғандықтан, KN кесіндісін жүргіземіз, яғни $KN = (MKN) \cap BB_1 C_1 C$.



сурет - 1

MK және AC түзулері ABC қырының жазықтығында жатады, $MK \nparallel AC$.

Осы түзулерді созып, олардың қиылысу нүктесін саламыз: $L = MK \cap AC$.

L және N нүктелері $ACC_1 A_1$ жазықтығында орналасқандықтан LN түзуін сызамыз.

Ол P нүктесінде AA_1 қырын кесіп өтеді. P және N нүктелері $ACC_1 A_1$ жазықтығында жатқандықтан, оларды қосамыз. Демек,

$PN = (MKN) \cap ACC_1 A_1$.


P және M нүктелері $ABA_1 B_1$ жазықтығында жатқандықтан оларды қосамыз:

$PM = (MKN) \cap ABB_1 A_1$. Сонда пайда болған фигура $MKNP$ – ізденген қима.

Мысал – 2. Төртбұрышты пирамиданы табанының қабырғасы мен бүйір қырының біреуінен алынған нүкте арқылы өтетін жазықтықпен қиғандағы қиманы салу керек [2].

Шешуі: Қима BC қыры мен SD бүйір қырында жатқан M нүктесінен өтетіндіктен, B, C және M нүктелері бір жазықтықта жатыр (сурет – 2). M және C нүктелері SDC жазықтығында орналасқандықтан, MC кесіндісін жүргіземіз. Енді қиманың пирамиданың басқа жақтарымен қиылысу сызықтарын табу үшін іздер әдісін қолданамыз. AD және BC қырлары табан жазықтығында орналасқандықтан, біз AD және BC кесінділерін қиылысқанша созып, қиылысу нүктесін X деп белгілейміз.

Қиманың ASD жағымен қиылысу сызығын табу үшін X нүктесі мен M нүктелерін қосамыз. Себебі X нүктесі AD түзуінің бойында жатқандықтан, бұл нүктелер ASD жазықтығына тиісті. XM түзуінің AS қырымен қиылысу нүктесін N деп белгілейміз. M және N нүктелерін қосамыз.




сурет – 2

Сонда MN кесіндісі қиманың ASD жағымен қиылысу сызығы болады. N және B нүктелері ASB жазықтығында жатқандықтан, оларды қосамыз. Сонда пайда болған $BCMN$ фигурасы ізделінді қима болып табылады

Мысал – 3. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 80 см, табан қабырғасы 120 см. Табанының центрінен өтетін, бүйір жағына параллель болатын қиманың ауданын табу керек [3].

Шешуі: Есептің шарты бойынша $AB = AD = 120$ см, $SO = 80$ см. Қима табанының центрі арқылы өтіп, бүйір жағына параллель болатындықтан, қиманың KL табаны O нүктесі арқылы өтіп, AD қабырғасына параллель болады (сурет – 3).



сурет – 3

Қиманың DSC жағымен қиылысу сызығын табу үшін L нүктесінен SD қырына параллель түзу жүргіземіз. Оның SC қиылысу нүктесін M деп белгілейміз. Сонда LM кесіндісі қиманың DSC жағымен қиылысу сызығы болады.

Дәл осылайша, K нүктесінен SA қырына параллель түзу жүргізіп, оның SB қырымен қиылысу нүктесін N деп белгілеп, M және N нүктелерін қосамыз. Сонда MN қиманың BSC жағымен қиылысу сызығы болады. Есептің шартына сәйкес алынған $KLMN$ қимасының ауданын табу керек.

Табанындағы $ABCD$ квадратының диагоналі $AC = 120\sqrt{2}$, ал

$OC = 60\sqrt{2}$ болады. OSC тікбұрышты үшбұрышынан

$SC = \sqrt{OC^2 + SO^2} = \sqrt{7200 + 6400} = \sqrt{13600}$. LM кесіндісі DC қырының ортасы арқылы өтіп, SD қырына параллель болғандықтан ол DSC үшбұрышының орта сызығы болады.

Сондықтан $LM = \frac{SD}{2} = \frac{\sqrt{13600}}{2} = \sqrt{3400}$. Дәл осылайша $KN =$

MN кесіндісі BSC үшбұрышының орта сызығы болғандықтан,

$MN = 60$. $KLMN$ қимасы тең бүйірлі трапеция болғандықтан $KP = 30$ және $NK = LM = \sqrt{3400}$ болады. Енді қиманың NP биіктігін KNP тік бұрышты үшбұрышынан табамыз. Сонда

$$NP = \sqrt{NK^2 - KP^2} = \sqrt{3400 - 900} = \sqrt{2500} = 50.$$

Енді қиманың ауданын табамыз.

$$S_{KLMN} = \frac{KL+MN}{2} \cdot NP = \frac{120+60}{2} \cdot 50 = 90 \cdot 50 = 4500.$$


Мысал – 4. Үшбұрышты дұрыс қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 8м және 5м, ал биіктігі 3м. Төменгі табанының қабырғасы мен жоғарғы табанының қарсы жатқан төбесі арқылы қима жүргізіндер. Қима ауданын және қима мен төменгі табан арасындағы екіжақты бұрышты табу керек [4].

Шешуі. Сызбадан есептің шарты бойынша $AB = AC = BC = 8$ м, $A_1B_1 = A_1C_1 = B_1C_1 = 5$ м, $OO_1 = 3$ м.

O және O_1 нүктелері қиық пирамиданың табандары болатын тең қабырғалы үшбұрыштарға сырттай сызылған шеңберлердің центрі болады, яғни олардың медианаларының қиылысу нүктесі (сурет – 4).

$$AH = \sqrt{AC^2 - CH^2} = \sqrt{8^2 - 4^2} = \sqrt{48} = 4\sqrt{3}, \text{ дәл осылайша}$$

$$A_1H_1 = \sqrt{A_1C_1^2 - C_1H_1^2} = \sqrt{5^2 - \left(\frac{5}{2}\right)^2} = \sqrt{25 - \frac{25}{4}} = \frac{5\sqrt{3}}{2}.$$



сурет – 4

Үшбұрыштың медианаларының қиылысу нүктесінің қасиеті бойынша



$$AO = \frac{2}{3}AH = \frac{2}{3} \cdot 4\sqrt{3} = \frac{8\sqrt{3}}{3}, A_1O_1 = \frac{2}{3} \cdot \frac{5\sqrt{3}}{2} = \frac{5\sqrt{3}}{3}.$$

AA_1O_1O – тікбұрышты трапецияны қарастырамыз. $OO_1 = A_1K = 3, A_1O_1 = KO$, сонда $AK = AO - KO = \frac{8\sqrt{3}}{3} - \frac{5\sqrt{3}}{3} = \sqrt{3}$. AA_1K тікбұрышты үшбұрышынан $AA_1 = \sqrt{A_1K^2 + AK^2} = \sqrt{9 + 3} = 2\sqrt{3}$.

Енді AA_1C_1C – теңбүйірлі трапециядан $AE = \frac{1}{2}(AC - A_1C_1) = \frac{3}{2}$. Осы трапецияның биіктігі $A_1E = \sqrt{A_1A - AE} = \sqrt{12 - \frac{9}{4}} = \frac{\sqrt{39}}{2}$.

Осы трапецияның диагоналі A_1C – ні A_1EC тікбұрышты үшбұрышынан табамыз. $A_1C = \sqrt{AC^2 + A_1E^2} = \sqrt{\frac{39}{4} + \frac{169}{4}} = \sqrt{\frac{208}{4}}$.

Енді қиманың ауданын табу үшін оның биіктігі A_1H – ты A_1HC тікбұрышты үшбұрышынан табамыз. $A_1H = \sqrt{A_1C^2 - CH^2} = \sqrt{\frac{208}{4} - 16} = \sqrt{\frac{144}{4}} = 6$.

Сонда қиманың ауданы $S_{CA_1B} = \frac{1}{2}CB \cdot A_1H = \frac{1}{2} \cdot 8 \cdot 6 = 24(\text{м}^2)$.

Енді қима мен төменгі табан арасындағы екіжақты бұрышты табу керек. Оның шамасы $\angle KHA_1 = \alpha$ бұрышына тең. Сонда $\sin \alpha = \frac{A_1K}{A_1H} = \frac{3}{6} = \frac{1}{2}$, бұдан $\alpha = 30^\circ$.

Қолданылған әдебиеттер

1. В. Гусев, Ж.Қайдасов, Ә.Қағазбаева. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану – математика бағытындағы 11– сыныбына арналған оқулық. Алматы «Мектеп». 2007.
2. А.Н. Шыныбеков. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің 11– сыныбына арналған оқулық. Алматы «Атамұра». 2011.
3. Математика пәнінен тест тапсырмалары. Жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған оқу – әдістемелік құрал. Алматы – 2000.
4. А.В. Погорелов. Геометрия 7-11 сынып, 1989 ж.

ИССЛЕДОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ДЕЭМУЛЬГАТОРОВ “BOTTLE TEST” ВОДОНЕФТЯНЫХ ЭМУЛЬСИЙ

СМАГУЛ Аян Аскарвич, КИСАНОВА Айгуль Булатовна

Назарбаев Интеллектуальная Школа

Актобе, Казахстан

smagul_a1021@mail.ru

Андатпа

Қазір адамзат мұнайды эмульсиялардан (қабат суы мен мұнай қоспалары) сапалы тазарта білуі керек және деэмульгаторлар бұл үшін өте қолайлы. Өндірілетін мұнайдың құрамы үнемі өзгеріп отырады, бұл жаңа технологиялық әзірлемелердің қажеттілігін анықтайды. Бірақ, Қазақстанда деэмульгаторларға арналған реагенттер өндірісі нашар дамыған, сондықтан оны зертханалық жағдайда өз бетінше алу қажеттілігі бар.

1. Мною были выполнены следующие этапы исследовательской работы: анализ литературы, проведение лабораторного опыта (в том числе, поездка на завод по очистке нефти фирмы EASY), постановка задач и целей, а также обсуждения результатов и оформление самой работы. Мой проект был проведён под руководством учителя-модератора химии: Кисановой А.Б.

В настоящее время нефть важна как никогда раньше, не зря ее называют «жидким золотом». Человечеству жизненно необходимо уметь качественно очищать нефть от эмульсий.



В данном проекте мною была осуществлена задача изучения эффективности деэмульгатора – реагента, используемого для разрушения эмульсий, а так же предотвращения срывов технологических процессов по обводненности нефти водой.

Нефтяные эмульсии- это механические смеси нефти и пластовой воды, нерастворимые друг в друге. Главной проблемой является разрушение водонефтяных эмульсий и разделение их друг от друга. Продолжительная эксплуатация нефтяных месторождений и заводнение пластов приводят к высокой обводненности (20–97%) и образованию устойчивых водонефтяных эмульсий.

В зависимости от видов эмульсий это проводят отстаиванием смеси, либо можно применить специальные вещества - деэмульгаторы .

Разрушение водонефтяной эмульсии связано с вытеснением действующего стабилизатора или растворение его, которое переводит их с границы раздела в нефтяную или водную фазу. Изучая электронные источники о разнообразии нефти, я узнал что, в основном нефть Западного Казахстана содержит циклопарафины - нафтеновые кислоты. Они относятся к насыщенным углеводородам и по химическим свойствам близки к предельным углеводородам.

Состав добываемых нефтей постоянно изменяется т.к. увеличивается ее плотность и содержание в них асфальто-смолистых веществ, парафинов, что определяет необходимость новых технологических разработок. Однако, в Казахстане производство химических реагентов для получения деэмульгаторов слабо развито и их экспортируют из России, стран дальнего зарубежья и Китая, поэтому есть необходимость получать его в лабораторных условиях самостоятельно.

2. Цели и Задачи:

- a) исследование деэмульгирующей эффективности химического реагента марки EASY-DE для подготовки нефти ТОО «Meerbusch»;
- b) определить самый эффективный и тем самым сократить расход дорогостоящего реагента;
- c) проверить эффективность метода “Bottle test”;
- d) прогнозировать какой деэмульгатор будет наиболее эффективным и выявить как будет вести себя проба без её добавления;
- e) выявить, как будет себя вести проба без добавления деэмульгатора;
- d) получить максимально «очищенную» нефть;
- f) анализ полученных данных.

3. Актуальность моей работы:

Она предполагает опробирование самого эффективного деэмульгатора водонефтяных эмульсий и самостоятельное получение его в лабораторных условиях методом “Bottle test”.

4. Методы исследования:

- теоретические(анализ, синтез и обобщение);
- экспериментально -теоретические экспериментирование и моделирование процессов в действии);
- эмпирические(сравнение, наблюдение, измерение).

5. Новизна исследования:

На практике для водонефтяных эмульсий применение деэмульгаторов позволило снизить межфазное натяжение на границе (нефть-вода).

6. Ход исследования:

В ходе проведения 1-ого этапа подготовки и анализа исходной нефтяной эмульсии смешанной с водой, не обработанной деэмульгатором. Привезенная со скважины нефть была смешана с водой. Я для определения общей обводненности нефти, центрифугировал смесь, вследствие чего отделил вещества друг от друга. Общая обводненность пробы указывает на максимальный объем воды, который будет отделяться в дальнейшем. Рисунки №1,2,3



Рисунок №1



Рисунок №2



Рисунок №3

2 этап - ввод деэмульгатора.

Проба эмульсии помещается в градуированные отстойники объемом 100 мл, в каждый из которых пипетками-микродозаторами вводится определенное количество деэмульгатора. Отстойники



герметично закрываются и встряхиваются на лабораторном шейкере для распределения деэмульгатора в объеме нефтяной эмульсии. Расчет необходимого количества деэмульгатора рассчитывают на объем нефти в эмульсии. Рисунок №4



Рисунок №4

3-й этап- сепарация.

Отстойники с эмульсией, обработанный деэмульгатором, помещают в термостат на время, за которое будет видна разница осаждения. Температура термостатирования соответствует температурному технологическому режиму установки. В тесте также исследуются нефтяная эмульсия, не обработанная деэмульгатором (называемая холостым опытом). В тесте также исследуются нефтяная эмульсия, не обработанная. Через заранее выбранные промежутки времени регистрируется количество отделяемой воды. Кроме того, регистрируется качество границы раздела фаз, качество отделяемой воды, внешний вид и толщина промежуточного слоя. Рисунок №5



Рисунок №5

4-й этап-анализ нефтяной фазы.

В центрифужные пробирки помещается 5 мл ароматического растворителя. По истечении времени сепарации из отстойников с определенного уровня над разделом фаз отбирается 5 мл нефтяной фазы и помещается в центрифужные пробирки с предварительно набранным растворителем. Содержимое пробирок перемешивается и центрифугируется в течение 10 мин при числе оборотов ротора центрифуги не менее 2500 об/мин. После центрифугирования регистрируется содержание выделившейся воды и эмульсионного слоя. Далее, в те же центрифужные пробирки дозируется лабораторный разрушитель эмульсии, содержимое пробирок перемешивается и повторно подвергается центрифугированию. В каждой пробирке фиксируется общее количество воды.

Рисунок №6



Рисунок №6

Было проведено 4 анализа.

№1 Анализ.

Были установлены 5 отстойников с нефтью м/р Кульжан, и добавлением в них деэмульгатора в эквиваленте 60 грамм/тонну. В 3 пробирки были добавлены различные модели деэмульгатора EASY-DE и одна пробирка была с базовым деэмульгатором маркируемый «ДНЭ-М». Еще одна пробирка осталась без добавления реагентов для сравнения работы и определения эффективности наших реагентов.



Результаты проведения испытаний на 5 пробирках отображены в таблице №1

Реагент	Количество отделившейся воды, мл						Вода, %	Межфазный слой, %
	15 мин	30 мин	45 мин	60 мин	90 мин	120 мин		
ДНЭ-М	4	5	5	5	6	6	1	0,8
ED 02-01	3	3	4	4	4	4	3	1
ED 02-02	4	5	6	7	7	9	0,4	0,6
ED 03-01	4	5	5	6	6	7	0,8	0,8
Без реагента	3	3	4	4	5	5	0,4	0,8

Таблица №1

Дозировка реагента: 60 г/тонну

Температура процесса на объекте: 60-50°C

Содержание воды в нефти: 7 %

**сокращение EASY-DE – ED*

Результаты анализа № 1



№2 Анализ. MIX Meerbusch+BNG

Были установлены 10 отстойников с нефтью м/р Кульжан и Айыршагыл, и добавлением в них деэмульгатора в эквиваленте 60 грамм/тонну. В пробирки были добавлены различные модели деэмульгатора EASY-DE и одна пробирка была с базовым деэмульгатором маркируемый «ДНЭ-М». Еще одна пробирка осталась без добавления реагентов для сравнения работы и определения эффективности наших реагентов.

Реагент	Количество отделившейся воды, мл						Вода, %	Межфазный слой, %
	15 мин	30 мин	45 мин	60 мин	90 мин	120 мин		
ДНЭ-М	12	12	13	14	15	16	0,7	0,5
ED 02-02	14	14	14	15	19	21	0,1	0
ED 02-03	13	13	14	15	16	17	0,4	0,2
ED 02-04	18	18	19	20	23	26	0,1	0
ED 03-01	16	16	16	16	17	19	0,2	0,3
ED 03-17	15	17	19	20	21	23	0,1	0,1
ED 03-16	21	22	22	23	25	28	0,1	0
ED 03-15	14	14	14	15	17	18	0,4	0,1
ED 03-12	15	15	16	16	17	17	0,1	0,4
Без реагента	8	9	10	10	10	10	2,2	1,8

Результаты проведения испытаний на 10 пробирках отображены в

Таблица №2

**Сокращение ED – EASY-DE*

Дозировка реагента: 60 г/тонну

Температура процесса на объекте: 60-50°C

Содержание воды в нефти: 23%

Результаты анализа № 2



№3 Анализ. MIX Meerbusch+BNG

Были установлены 7 отстойников с нефтью м/р Кульжан и Айыршагыл, и добавлением в них деэмульгатора в эквиваленте 50 грамм/тонну. В 5 пробирки были добавлены различные модели деэмульгатора EASY-DE и одна пробирка была с базовым деэмульгатором маркируемый «ДНЭ-М». Еще одна пробирка осталась без добавления реагентов для сравнения работы и определения эффективности наших реагентов. Результаты проведения испытаний на 6 пробирках отображены в таблице №3

Реагент	Количество отделившейся воды, мл						Вода, %	Межфазный слой, %
	15 мин	30 мин	45 мин	60 мин	90 мин	120 мин		
ДНЭ-М	14	14	15	15	16	17	0,1	0
ED 02-02S	16	16	17	17	18	20	0,1	0



ED 02-04	13	13	13	14	14	14	2,2	1
ED 02-02	14	15	15	16	16	16	0,2	0
ED 03-16	19	19	20	20	20	22	0,1	0
ED 03-12	14	15	15	16	17	17	1,8	1,4
Без реагента	0	0	0	0	1	2	1,2	0,8

Таблица №3

***Сокращение ED – EASY-DE**

Результаты анализа № 3

Дозировка реагента: 50 г/тонну

Температура процесса на объекте: 50°C

Содержание воды в нефти: 22%

Было проведено 4 анализа, но был выбран четвертый самый показательный.

№4 Анализ. MIX Meerbusch+BNG+ИПЦ Мунай

Были установлены 3 отстойников с нефтью м/р Кульжан, Айыршагыл и Шолкара и добавлением в них деэмульгатора в эквиваленте 60 грамм/тонну. В одну пробирку была добавлена модель деэмульгатора EASY-DE 02-02S и одна пробирка была с базисно маркируемый «ДНЭ-М». Еще одна пробирка осталась без добавления реагента и определения эффективности реагентов.

Результаты проведения испытаний на 3 пробирках отображены в таблице

Таблица №4



Реагент	Количество отделившейся воды, мл						Вода, %	Межфазный слой, мм
	15 мин	30 мин	45 мин	60 мин	90 мин	120 мин		
ДНЭ-М	12	12	12	14	14	14	0,7	0,3
ED 02-02S	12	12	12	12	12	12	0,4	0,4
Без реагента	0	0	0	1	2	2	2,4	1,6


***Сокращение ED – EASY-DE**

Дозировка реагента: 60 г/тонну

Температура процесса на объекте: 50°C

Содержание воды в нефти: 14%

Результаты анализа № 4



Сравнительный анализ результатов исследований показал, что при температуре отстоя +60°C наиболее эффективным деэмульгатором для подготовки водонефтяных эмульсий ТОО «Meerbusch» является EASY-DE 02-02S. Динамика выделения воды из водонефтяной эмульсий, в свободную фазу превосходит показатели испытанных деэмульгаторов. Остаточное содержание воды и неразрушенной



эмульсии в отстоявшейся нефти: деэмульгатор марки EASY-DE 02-02S превосходит другие реагенты, показав меньшее количество воды и неразрушенной фазы. Качество раздела фаз «нефть вода» было достаточно стабильным, т.к. промежуточный слой в отстойниках не был замечен. Выделяемая вода не имеет мутности, прозрачна с допустимой нормой содержания нефтепродуктов.

7. Результаты:

а) Разработан высокоэффективный состав деэмульгатора на основе ароматических углеводов: толуол-ксилол;

б) Проведение исследования разработанного деэмульгатора позволило апробировать на объектах подготовки очистки нефти месторождения Бейнеу и УПН месторождения Кульжан ТОО «Meerbusch»;

в) Применение деэмульгатора позволило разрушить устойчивые эмульсии промежуточных слоёв и предотвратить их повторное скапливание.

Выводы и рекомендации:

1. Выявлено, что деэмульгатор EASY-DE 02-02S является наиболее эффективным реагентом по обезвоживанию водонефтяных эмульсий ТОО «Meerbusch».

2. Деэмульгатор EASY-DE 02-02S рекомендован для проведения опытно-промышленного испытания (ОПИ) для получения конечного результата применимости на объектах обезвоживания и обессоливания нефти ТОО «Meerbusch» без изменения существующей технологии подготовки нефти.

3. Несмотря на то, что разница по графику не настолько велика, но она чрезмерно важна, так как в дальнейшем это может повлиять на неисправность оборудования и обременить нежелательными расходами.

Использованная литература:

1. [Нефтепромысловая химия практическое руководство Маркин А.Н, Низамов Р.Э, Суховерхов С.В];
2. [Композиционные реагенты для разрушения сложных водонефтяных эмульсий месторождений Западного Казахстана.
3. Р.Г. Сармузина, У.С.Карабалин, Б.У. Акчулаков, Г.И. Бойко, Н.П. Любченко, Е.С. Панова.]

«LESSON STUDY»- «ТӨҢКЕРІЛГЕН СЫНЫП» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЗІЛІСТІ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛАЙ ДАМЫТУҒА БОЛАДЫ?»

СУЛТАНОВА Инара Аскарровна, АҒЫЗАМХАН Дәулетбай
Физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі
Талдықорған, Қазақстан
Sultanova_i@tk.nis.edu.kz, Agyzamkhan_d@tk.nis.edu.kz.

Андатпа

Бұл мақалада «Төңкерілген сынып» әдісін қолдану арқылы оқушылардың үзілісті мәтінмен жұмыс жасауын дамыту мәселесі жазылған. Авторлар бұл мәселені зерттеу сабақтарын жүргізе отырып, өз іс-тәжірибелерімен бөліседі.

Аннотация

В данной статье изложена проблема развития у учащихся работы с несплошным текстом с использованием метода "Перевернутый класс". Авторы делятся своим опытом, проводя уроки по изучению этой проблемы.

Annotation

This article describes the problem of developing students' work with non-continuous text using the "flipped classroom" method. The authors share their experience by conducting lessons on the study of this problem.



Кіріспе

Қазіргі таңда мұғалімдер сабақ мақсаттарын Блум таксономиясына негізделіп іріктейді. Жаңа тақырыпты түсіндіруде Блум таксономиясының төменгі және ортаңғы деңгейлерін, яғни білу және түсіну дағдыларына ақпараттарды «Төңкерілген сынып» әдісін қолдану арқылы үй жұмысына беруге болады, нәтижесінде сабақ барысында оқушылардың жоғарғы деңгейлерін дамытуға көбірек уақыт қалады.

ТӨҢКЕРІЛГЕН СЫНЫП – үй тапсырмасын ұйымдастыру әдісі керісінше жүргізілетін жаңа педагогикалық модель. Төңкерілген сыныптың бырынғай моделі жоқ. Термин кез келген практикалық сабаққа көп қолданылады. Төңкерілген сынып әдісі бойынша оқушылар ұстаз берген ақпаратты, электронды ресурстарды қолдана отырып жаңа материалмен өзі танысып, білу, түсіну деңгейінен өтеді. [1]

Осы әдіс арқылы оқушылардың үзілісті мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын қалай дамытуға болатынын зерттеу сабақтары арқылы жүзеге асырылды.

Үзілісті мәтіндер - бұл оқушылардың көбінесе шын өмірде кездестіретін бірнеше ақпарат көздерін біріктіретін мәтіндер.

Үзілісті мәтіндерге жататын:

- ✓ Графиктер, диаграммалар, тізбектер, кестелер, географиялық карталар;
- ✓ Әр түрлі жоспарлар (мекемелердің, үйлердің және т.б.)
- ✓ кіру билеттері, көлік қозғалысының кестесі, сайт карталары, жарнамалық постерлер, мәзір, журналдардың мұқабалары, афишалар, үндеулер, хабарландырулар (шақырулар, шақыру қағаздары, буклеттер) [2]

Әдіс

Қойылған сұраққа жауапты іздеу мақсатында физика, математика пән мұғалімдерімен бірге 15,11,2021-15,02,2022 ж аралығында сабақты зерттеуді жүргіздік. Негізгі мәселе 9 А сынып оқушыларының үзілісті мәтіндермен жұмыс жасай алмауы, яғни кесте, график, тізбек, диаграмма түрінде берілген ақпараттарды талдай алмауы, оқи алмауы, түсіне алмауы болды. Сонымен қатар PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15-жастағы оқушылардың жаратылыстанудан білім жетістіктерінің төмен болуы.

9 А сынып оқушыларының сабақ барысындағы бақылаудан, пән бойынша жазған бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарынан мәселенің себебін анықтадық. Осылайша зерттеу тақырыбымызды «Төңкерілген сынып» технологиясын қолдану арқылы оқушылардың үзілісті мәтіндермен жұмыс жасау дағдыларын қалай дамытуға болады?» деп алдық.

Зерттеу тобына физика және математика пән мұғалімдері қатысты. Мұғаліммен ақылдаса отырып, зерттеу сыныбын, зерттеу жоспарын, зерттеушілердің рөлдерін (іс-әрекеттерін), кездесу уақыттарын жоспарладық. Зерттеу жұмысымыз 4 айға созылды. Әр мұғалім кем дегенде 4 зерттеу сабағын жүргізді. Әр сабақ жоспары бірлесіп ұйымдастырылды. Әр сабақтың қорытындысын талқылап, бағалап, келесі сабақтар жоспарына өзгерістер енгізіліп отырды.

Нәтиже

Жалпы зерттеу нәтижесін А, В, С оқушыларының сабақ барысындағы белсенділігінен, үй тапсырмасын орындап келуінен, бөлім, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының көрсеткіштерінен байқауға болады.

Жаңа тақырыпқа байланысты үзілісті мәтіндерді үй жұмысына топтық, жұптық және жеке формада беріліп отырды. Осы формадағы ең нәтижелі болған топтық жұмысқа берілген тапсырма. Физика пәнінде А, В, С оқушыларын бөлек топтарға бөлсек, математика пәнінде осы оқушыларды бір топқа іріктеп көрдік. Сосын келесі сабақтарда керісінше жасап отырдық.

А оқушысы үй жұмысы ретінде берілген үзілісті мәтінге байланысты қойылған барлық тапсырмаларды үнемі орындап отырды. Бұл оқушының үзілісті мәтінді оқи алуы, талдай алуы, сипаттай алуы, салыстыра алу математика және физика пәнінде де өте жоғарғы деңгейде болды.

В оқушысының үзілісті мәтінмен жұмыс жасай алу дағдысы өзгеріссіз қалды деп айтса да болады. Себебі, бұл оқушы жеке формада үйге берілген тапсырмаларды орындауда қиындықтар туындады деп жауап берген, физика пәні бойынша, ал математика пәнінде үйге берілген үзіліссіз мәтін бойынша тапсырма жұппен орындауға берілген, қасындағы оқушымен бірге орындағандықтан еш қиындықты сезбей, орындап келген.

С оқушысының пәндерге деген қызығушылығы артып, өз белсенділігін физика және математика пәндерінен өте жақсы байқалды. Жұптық және топтық жұмыстарда өзінің ұйымдастырушылық қабілетін көрсете алды. Сонымен қатар, үзілісті мәтіндерді оқи, талдай алатын болды, бірақ салыстыру, бағалауға келген қателіктер жіберіп отырды.



Қорытынды

Зерттеу жұмысын қорытындылай келгенде, зерттеу сабақтарын жүргізу, жоспарлау барысында кездескен жетістіктер мен қиындықтарды айтуға болады.

Жетістіктеріне тоқталатын болсақ, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары арта бастады, өйткені үзілісті мәтінмен берілген ақпараттардың барлығы шын өмірмен байланысты болып келеді. Оқушылар үзілісті мәтіндерді талдау, салыстыру, бағалау дағдылары дами бастады. Сонымен қатар, мұғалімдердің ынтымақтастығы, бірлесіп сабақ жоспарын құруы, математика пәні мен физика пәнінде 9 сыныптар арасында байланысқан тақырыптарды іріктеуде жақсы әсерін тигізді.

Қиындықтарын айтатын болсақ, үзілісті мәтіндерді барлық тақырыптарға қолдану мүмкіндігі бола бермейді.

Қолданылған әдебиеттер

- 1) <https://astana-modern.kz/wp-content/uploads/2021/08/%D0%A8%D0%B0%D0%B9%D0%BC%D0%B0%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0-%D0%93.%D0%A8..pdf> [1]
- 2) [https://www.eduneo.ru/rabota-s-nesploshnymi-teksta-kak-sposob-razvitiya-navykov-funktionalnogo-chteniya/#:~:text=%D0%9D%D0%B5%D1%81%D0%BF%D0%BB%D0%BE%D1%88%D0%BD%D1%8B%D0%B5%20%D1%82%D0%B5%D0%BA%D1%81%D1%82%D1%8B%20%E2%80%93%D1%8D%D1%82%D0%BE%20%D1%82%D0%B5%D0%BA%D1%81%D1%82%D1%8B%2C%20%D1%81%D0%BE%D1%87%D0%B5%D1%82%D0%B0%D1%8E%D1%89%D0%B8%D0%B5,\(%D0%BF%D0%BE%D0%BC%D0%B5%D1%89%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F%2C%20%D0%BC%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B8%2C%20%D1%81%D0%BE%D0%BE%D1%80%D1%83%D0%B6%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F\)%3B](https://www.eduneo.ru/rabota-s-nesploshnymi-teksta-kak-sposob-razvitiya-navykov-funktionalnogo-chteniya/#:~:text=%D0%9D%D0%B5%D1%81%D0%BF%D0%BB%D0%BE%D1%88%D0%BD%D1%8B%D0%B5%20%D1%82%D0%B5%D0%BA%D1%81%D1%82%D1%8B%20%E2%80%93%D1%8D%D1%82%D0%BE%20%D1%82%D0%B5%D0%BA%D1%81%D1%82%D1%8B%2C%20%D1%81%D0%BE%D1%87%D0%B5%D1%82%D0%B0%D1%8E%D1%89%D0%B8%D0%B5,(%D0%BF%D0%BE%D0%BC%D0%B5%D1%89%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F%2C%20%D0%BC%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B8%2C%20%D1%81%D0%BE%D0%BE%D1%80%D1%83%D0%B6%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D1%8F)%3B) [2]
- 3) Мұғалімге нұсқаулық, Lesson Study: нұсқаулық, Пит Дадли.
- 4) «LESSON STUDY» КАК СПОСОБ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРАКТИКИ ОБУЧЕНИЯ Методическое пособие – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2014.

МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАЛДАУ ЖАСАУ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАРДЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ ІС- ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ СЫЗДЫКОВА Гульмира Камбаровна, СЫДЫКОВА Б.К.

ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебі
Алматы, Қазақстан
syzdykova_g@fmalm.nis.edu.kz

Түйінді сөздер: іс-әрекеттегі зерттеу үрдісі, зерттеу циклі, бақылау, талдау дағдысы, ішкі дифференциация, «тереңдету» принципі, нәтиже.

Іс-әрекеттегі зерттеу үрдісі мұғалімнің сабақты мұқият, әрі дәлелімен келтірілген жоспарлау, іс-әрекет, бақылау, рефлексияны қамтиды. Даму кезеңі Еуропадан бастау алған бұл үрдіс қазіргі таңда мұғалімнің кәсіби шеберлігін шыңдай түсетін, сыныптағы оқу мен оқытуды «зерттеуге» ретроспективті рефлексияның негізінде перспективті ойтұжырым арқылы түрлендірудегі кәсіби құралы іспеттес. Сондықтан да, анықталған проблеманы іс-әрекеттегі зерттеудің кезеңдерін қолдана отырып шешу болды. Зерттеуге фокус ретінде 9-сынып алынды және мақсатымыз оқушылардың талдау жасау дағдыларының дамуына ықпал ету болды. Ол үшін, зерттеу барысында дифференциацияның «тереңдету» принципін қолданып көрдік. Нәтижесінде сыныптың қызығушылығы мен белсенділігіне; оқушылардың «алға жылжуымен» қатар, шығармашылық қабілеттің де «көрінуіне»; сыныптың оқу сапасының әлдеқайда жоғарылауына; «оқушы үні» ескеру арқылы тиімді рефлексия жасауға және кәсібилікті шыңдауға септігін тигізетінін байқадық. Бұл, іс-әрекеттегі зерттеуді қолданудың тиімділігін көрсетеді.



Оқушылардың көбі математика және физика пәндері бойынша берілген тапсырмаларды қысқа жолмен ғана жазып көрсетуі дұрыс жазылым дағдысының қалыптаспауына әкеледі. Бұл жиынтық бағалау тапсырмаларын орындау нәтижесіне де әсерін тигізіп, толық балды иелену мүмкіндігінен де айырады. Сондықтан, іс-әрекеттегі зерттеуді қолдану арқылы оқушылардың талдау жасау дағдыларын дамытуды көздедік. Себебі, зерттеулерге сүйенсек, тапсырманы орындаудың қадамдық кезеңдерін толығымен ашып жазған оқушы тиімді талдауға «жол ашады» екен. Ол үшін, зерттеу барысына дифференциацияның «тереңдету» принципін қолданып көруді жөн көрдік.

Анықталған проблеманың негізінде «Дифференциация элементтерін қолдану арқылы оқушылардың талдау дағдыларын қалай дамытуға болады?» деген сұрақ туындады. Дифференциалдап оқыту әр оқушының білім, білік дағдыларын қалыптастыра отырып, қажеттілік пен қызығушылықтарына сәйкес білімдерін де тереңдетеді [1;9-6]. Сондықтан, талдау дағдыларын дамыту үшін дифференциацияны қолданып көру болды. Дифференциалдап оқытуда оқушылардың білімді «өз деңгейлерінде» игеріп, меңгеруі үшін әдістер, тапсырмалар мен ресурстар жеке, танымдық, психологиялық қабілеттері ескеріле отырып берілуі тиіс [2;7-6]. Сол себепті, куратордан оқушылардың мінездемелері, мектеп психологынан көшбасшылық қасиеті, темпераменті, интеллекті, ақпаратты қабылдаулары жайлы мәліметтер алынды. Осы мәліметтерге сүйене отырып, тапсырмаларды, сұрақтарды әзірлеуде, жұптастырып, топтастыруда ішкі дифференциацияны қолдану жоспарланды.

Зерттеу тақырыбы: «Дифференциацияның «тереңдету» принципі арқылы оқушылардың талдау жасау дағдыларын дамыту».

Зерттеу мақсаты: оқушылардың талдау жасау дағдыларын дамытуда дифференциацияның «тереңдету» принципін қолдану.

Зерттеудің міндеттері:

- іс-әрекеттегі зерттеу үрдісі арқылы оқу мақсаттарына жетуді жүзеге асыру;
- сабақта ішкі дифференциацияны қолдану;
- математика, физика сабақтарында ішкі дифференциацияны қолдану барысында оқушылардың жеке қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескеру;
- оқушылардың деңгейлеріне қарай нұсқаулықты саралап беру;
- дифференциацияның «тереңдету» принципін қолданудың тиімділігін анықтауда сабақтарды бақылау.

Күтілетін нәтиже:

дифференциацияның «тереңдету» принципін қолдану:

- қолданбалы тапсырмаларды орындауда оқушылардың талдау және жинақтау дағдыларының дамуына;
- пәндік академиялық тілді меңгерулеріне ықпалын тигізеді.

Зерттеудің әдістері: сандық және сапалық талдаулар, сауалнама алу, бақылау, болжау, салыстыру, синтездеу, ішкі дифференциация.

Анықталған проблеманы шешу жолдары зерттеушілердің еңбектерін зерделеу арқылы көз жеткізілді. В.А.Качнов, А.Ж.Асанов, К.С.Даулетовтың «Развитие навыков анализа, синтеза и оценивания у учащихся при помощи принципа дифференциации «Углубление»» атты еңбектерінде «тереңдету» принципін дарынды оқушыларға қолдау көрсету және дамыту құралдарының бірі деп қарастырып, қабілеті жоғарырақ оқушыларды жалпы топтан бөлмей, күрделірек тапсырмаларды берумен ерекшеленеді. Талдау және жинақтау дағдыларын дамытуға бағытталған стандартты емес, қолданбалы немесе зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларды орындау оқушылардың пәнді әр қырынан игеріп, терең түсінулеріне; сыни ойлау дағдыларының дамып, логикалық ойлауына; оқуған уәжін арттыруға ықпал етеді [3;481-6]. Тапсырмаларды құрастыруда осыларды ескеру керектігі түйінделді. М.В.Клименко, В.Т.Красникованың «Внутренняя и внешняя дифференциация при обучении студентов рецептивным видам речевой деятельности» атты еңбегінде сыныптағы оқу мен оқытуды ішкі дифференциацияның селективті түрі ретінде қарастырып, оқушыларды жұптастыру, топтастыруда дифференциацияны қолдану сыныптағы талдаудың жүзеге асырылуына оң ықпалын тигізетініне көз жеткізілді [2;2-6]. Ішкі саралаудың жағымды аспектілері: мұғалімде әлсіз оқушыға көмек беру мүмкіндігі, қабілеті жоғары оқушыларды назарда ұстау мүмкіндігі пайда болады; үлгермеуші оқушылар деген болмайды; оқушыларды уәждейді; балалардың деңгейі, қабілеті бойынша жіктелуін болдырмайды [1;14-6]. Сондықтан, негізгі проблеманы шешуге септігін тигізу керек деп, жұптастыруға ішкі саралауды қолдану шешілді. Жалпы, есептерді шығару барысында білімді қолдану және меңгеру процестерінің жүзеге асырылуында талдау, синтездеу дағдыларының қалыптасатыны жайлы ақпараттар Л.Д.Жумалиева және В.М.Брадистің еңбектерінде келтірілген. Л.Д.Жумалиева объектіні құраушы бөліктерге ойша бөліп, негізгі белгілерін, қасиеттері мен элементтерін ажырату арқылы талдаудың; ал талдау жасау барысында объект элементтерінің арасындағы негізгі байланыстар



мен қатынастарды тұтастай қалыптастыруда синтездеу дағдысының жүзеге асырылатынын [4;35-б] негіздесе, ал В.М.Брадис тапсырманың талдау арқылы жүзеге асырылғанын, оның: шығарылу жолы қатесіз, негізделген, әрі толығымен дұрыс орындауынан көруге болады, деп тұжырымдайды [4;53-б]. Оқушылардың есептің шешімін талдау арқылы нәтиженің дұрыстығын тексеру тапсырманы орындаудың негізгі кезеңі ретінде қарастырылды.

Деректерді жинау барысында өз деңгейлеріне сәйкес сұрақтар құрастырылып, ата-аналардан, мұғалімдер мен оқушылардан сауалнамалар алынды. Жалпы, сауалнамаға: 13 ата-ана, 24 оқушы және 5 мұғалім қатысты. Ата-аналар: «Сіздің балаңыз/қызыңыз физика/математика пәні сабағына қызығушылықпен қатысады ма?» деген сұраққа 77%-ы «иә», 15%-ы «жоқ» десе, 8%-ы «өз жауаптарын» көрсеткен; «Балаңыз/қызыңыз проблеманы шешуде өз ойын ашық жеткізе алады ма?» сұрағына 85%-ы «иә», 15%-ы «жоқ» деп көрсеткен. Мұғалімдер сауалнаманың: «Сабақта проблемалық тапсырмаларды орындатқанда барлығы нәтижеге жете ме?» сұрағына: 60%-ы «иә», 40%-ы «жоқ» деп; «Қандай тапсырмаларды оқушылар қызығушылықпен орындайды» дегенге 60%-ы «деңгейлік», 40%-ы «зерттеушілік» деген. Оқушылар: «Проблемалық сұрақты шешу Сіз үшін қиындық тудырады ма?» сұрағына 17%-ы «жоқ», 8%-ы «иә», 75%-ы «кейде» деген; «Сізге қандай тапсырмаларды орындаған қызықты?»: «бір типтес» 0%, «екеуі де» 63%, «әр түрлі деңгейде» деген жауапты 37%-ы таңдаған.

Барлық жауаптарға сандық және сапалық талдаулар жасалып, оқушылардың біртүрлі типтен гөрі, деңгейлік, қолданбалы және зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларды орындауда қызығушылықтарының бар екені анықталды. Практиктердің зерттеу нәтижелері бойынша, оқушылардың талдау жасау дағдыларының дамуына ықпал ету үшін, тапсырмаларды «тереңдету» принципін қолдану арқылы әзірлеп, ұсыну қажет болды. Екінші циклден кейінгі оқушының сұрақтарды өздерінің дайындап, бір-біріне қою ұсынысы да орынды болды. Себебі, «бастама-жауап-кейінгі әрекет» моделі бойынша қойылған сұрақтардан гөрі, оқушылардың бір-біріне қойылған сұрақтары бірлесе талдауларына анағұрлым ықпалын тигізеді [5,42-б]. Жетінші циклден кейін оқушылардың көбі есептерді шығаруда қиындықтардың туындамағанын, әсіресе күрделілігі жоғары деңгейлі болған қолданбалы тапсырмаларды топта бірлесе талдау арқылы орындау қызығушылықтарын арттыра түскенімен тұжырымдады. Бұл, мұғалімнің зерттеу және сабақтың мақсаттарына жету жолдарының бірі ретінде «оқушы үнін» ескерудің де маңыздылығын көрсетеді.

Дифференциацияның «тереңдету» принципін қолдану арқылы тапсырмаларды іріктеп алғаннан кейін, талдау дағдыларына ықпал ететіндей топтық жұмыс тәсілдерінің арасынан «Ойлан-Крест-Нөл» тәсілін қолданып көру таңдалды. Себебі, мұнда оқушылар деңгейлік және қолданбалы тапсырмаларды орындауда талдаудың жүзеге асырылатыны болжанды. Математика, физика сабақтарына «Ойлан-Крест-Нөлді» қолдану үшін, алдымен деңгейлік, әрі «тереңдету» принципіне сәйкес және оқушылардың жеке қабілеттерін қамтитындай тапсырмалар зерделеніп, іріктелді.

Математикада «Қолданбалы тапсырмаларды орындауда синустар және косинустар теоремаларын қолдану» тақырыбы бойынша өтілген сабаққа «Ойлан-Крест-Нөлдің» тоғыз ұяшығына сәйкесінше тоғыз түрлі тапсырмалар әзірленді. Сабақтың негізгі кезеңіне осы тәсілге сәйкес топтарға кез-келген төрт есепті шығару берілді (№1,6,7,8 қолданбалы, әрі күрделілігі жоғары деңгейлі). Сонда, 1,6,7,8 тапсырмаларын 70%-ы, ал 1,6,8 бен 1,7,8-ді үштен бірі шығарылу жолдарының қадамдарын толық ашып жазып, дұрыс шығарғандары анықталды. Бұдан, әсіресе №1-ді барлығының орындауға қызығушылық танытып, қолға алғандары байқалды.

Мәтінді түсіне отырып, дұрыс, әрі терең оқылым арқылы әр оқушы болжамды сызба ұсынып, дұрысын таңдауда топтық талдауға бағытталған бұл тапсырма оқушылардың логикалық ойлауларын да қамтамасыз етеді. Осы негізгі кезең дұрыс орындалса ғана, аналитикалық тәсілді қолданып қалған екі бөлімді орындау мүмкіндіктері болады. Үшбұрыштың бұрыштарын анықтау үшін, параллель түзулер мен қиюшының қасиетін тиімді қолданған топтар қалған топқа қандай сызықты жүргізу үшбұрыштың бұрыштарын табуға болатыны жайлы бағыттаушы сұрағын қоюы олардың әр төбеден сәулелерді жүргізулері арқылы өздерінің дұрыс шешімге келе білулеріне септігін тигізді. Бір қабырғасы ізделінді биіктік болатын үшбұрыштың екінші қабырғасының ұзындығы дұрыс сызылған сызба көмегімен 16 метрге тең екені анықталынады. Сонда ғана синустар теоремасының көмегімен үшбұрыштың екінші қабырғасын, яғни сызбадағы биіктікті табуға болады. Мұнда да кейбір оқушылар 16 метрді жердің горизонталь жазықтығына дейін алғандықтан, пікірталас жүріп, шарт бойынша бастапқы сызбаға оралу арқылы сыныптың бірлесе талдауларына жетеледі.

Физикада «Гук заңы. Серпінділік күші» тақырыбын өтуде тапсырма бойынша саралау әдісі қолданылды және бұл ішкі дифференциацияның «тереңдету» принципіне негізделіп құрастырылған. Сабақ басында оқушыларға «Ойлан-Крест-Нөл» кестесі бойынша нұсқау беріледі. Бұл оқушыларға басты идеяларды зерттеудің және білдірудің, сонымен қатар басты дағдыларды пайдаланудың альтернативті жолын берудің бірден бір тәсілі. Кестеде ойлау дағдыларының деңгейі бойынша



құрастырылған сабақтың барлық кезеңінде ұсынылатын тоғыз түрлі тапсырмалар (сандық, сапалық, эксперименттік, графиктік есептер) жинақталған. Сабақ басында оқушыларға жұпта үш тапсырманы таңдау және ортаңғы шаршыдағы тапсырма барлық оқушы үшін міндетті екені туралы нұсқау берілді. Кез келген бағытта үш тапсырманың біреуі – деңгейі жоғары тапсырма.

Сабақ барысында оқушылардың 40%-ы №3,5,7; 30%-ы №2,5,8; 10%-ы №1,4,7; ал қалған 20%-ы №1,5,9 тапсырмаларды таңдады. Осы әдісті қолдануда оқушылардың қалаулары бойынша таңдалған тапсырмаларды аса қызығушылықпен орындап, жұпта кезектесіп талдау жасауы және ортаңғы шаршыдағы тапсырманы орындауда басқа жұптарға сұрақтар қойып, өз ойларын дәлелдеуі оқу мақсатына жетудегі тиімді тәсіл екеніне көз жеткізді.

Сонымен, математика және физика сабақтарында «Ойлан-Крест-Нөл» тәсілі арқылы дифференциацияның «тереңдету» принципі бойынша берілген тапсырмаларды орындауда оқушылардың көбі күрделілігі жоғары қолданбалы, әрі құрылымдалған тапсырманы орындаудан бастайтындары және шығару алгоритмін толық ашып жазатындары анықталды. Бұдан, осы тәсілдің оқушылардың талдау жасау дағдыларын дамытуға септігі тигені тұжырымдалады. Жүргізілген зерттеуде дифференциацияның «тереңдету» принципін сабақта тиімді қолдану оқушылардың бөлім бойынша жиынтық бағалауларын да нәтижелі орындауларына ықпал етті. Ал бұл, өз кезегінде сыныптың тоқсан бойынша жиынтық бағалауларын нәтижелі орындауларына өз септігін тигізді. Математика пәні бойынша III тоқсандағы жиынтық бағалау нәтижесі II тоқсанмен салыстырғанда 10%-ға; ал физика пәні бойынша 5%-ға артқаны анықталды.

Зерттеу нәтижесі бойынша зерттеу мақсатымыздың жүзеге асқанын байқадық, яғни, сабақтарда: дифференциацияның «тереңдету» принципін қолдану барысында оқушылардың ішкі уәжі артты; сыныптың білім сапасы көтерілді; «оқушы үнін» ескеру тиімді рефлексия жасауға септігін тигізді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Саралап оқытуды ұйымдастырудың тиімді жолдары, «НЗМ»ДББҰ, Астана 2017.
2. М.В.Клименко, В.Т.Красникова, «Внутренняя, внешняя дифференциация при обучении студентов рецептивным видам речевой деятельности», РФ.
3. Международный научный журнал «Молодой ученый», №20 (258)/2019, ч. VI.
4. Л.Д.Жумалиева, «Орта мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері», ғылыми диссертация, Алматы қ., 2017 ж.
5. «Тиімді оқыту мен оқу», МАН, «НЗМ» ДББҰ ПШО, 2016.
6. Э.М.Браверман, «Преподавание физики, развивающее ученика», М.: 2003.

ОҚУШЫНЫҢ ӨЗ БЕТІНШЕ БІЛІМ АЛУЫ

ТАХМЕТОВА Адия Сайрановна, БАКТУБАЕВА Алия Сайрановна

Химия биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Петропавл, Қазақстан

Takhmetova_a@ptr.nis.edu.kz, Baktubayeva_a@ptr.nis.edu.kz

Аңдатпа

Оқушының өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі өз бетінше терең білім алуда, ақыл-ой қабілеттерін дамытуға шығармашылыққа жетелейді. Олардың алған білімнің кеңейгені саналығы мен беріктігін қамтамасыз етеді. Өз бетінше ойлауды дамытуға бағытталған жұмыстар оқытудың тиімділігін арттырады, сыныпта қолайлы жағдай орнатуға, ұжымдық қарым-қатынастың қалыптасуына көмектеседі. Оқушыларда соның барысында жолдастық, достық және ұжымдық сезімдер қалыптасады. Оқушының өз бетінше білім, білік дағдысының істеуде ойлау қабілеті, еркін сөйлеу қабілеті, өзіне деген сенімділігі, пәнге қызығушылығы, шығармашылық қабілеті оянады.

Қазіргі таңда педагогикалық жүйедегі өзекті мәселелердің бірі — оқушылардың, ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру.

Ол үшін мұғалім үнемі өз оқыту әдістемесіне жаңалықтарды енгізіп, шығармашылық жұмыспен айналысқаны дұрыс, осының нәтижесінде үнемі өз білімін жетілдіріп отырады.

Білім беру дәстүріндегі оқушы алдымен білім алады, үйренеді, дағдыланады, кейін қолданады деген қағиданың басын, аяғын аударып қарастырады. Оқушы алдымен көптеген мәселелермен жолығып, әсіресе қоғамдық ортада достарының, жолдастарының арасында соларды өзі белсенді



шешуді ойластырып, тиісті білімін тәжірибесін практика жүзінде іске асыруды, әртүрлі іскерлік, шеберлік дағдыларын игеруі тиіс.

Қазіргі таңдағы білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты — ой-өрісі дамыған, жан-жақты, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, дүние-танымы биік, білімдік бәсекеге қабілетті, жан-жақты, сыни ойлай алатын жеке тұлға тәрбиелеу. Қазіргі кезде сабақты дұрыс жүргізуге қойылатын негізгі талаптарының бірі, оқушылардың белсенді іс-әрекетін басқара білу. Ол тек дайын ақпаратты материалдар түрінде ғана беріліп қана қоймай оқушыларды өз бетінше іздендіретін одан жаңа ақпарат алатындай оқу материалдарды берудің құрылуын қайта құруды талап етеді.



Екіншіден оқушылардың іс-әрекетіне деген мұғалімнің іс-әрекетінің көзқарасын өзгеруді талап етеді, яғни мұғалім оқушылардың өзі белсенді, жасампаз күш болатын оқытудың ұйымдастырушысы және басқарушысы болуы қажет. Негізінен оқытудың әр кезеңінде үйге берілген

тапсырманы тексерген кезде, әртүрлі оқу әдістері арқылы оқушылардың жауап беруін қадағалау қажет. Сабақ барысында жаңа білімді жүйелеу үшін оқушылар толық және терең қорытынды жасау керек [1].

Кейбір сабақтарда жалпы барлық оқушылар қалыптастырушы бағалау тапсырмалармен белсенді жұмыс жасайды. Бұл кезде дидактикалық ойындар, пәндік диктанттар пайдалану арқылы жүзеге асыруға болады.

Мұғалімнің берген ақпараттары оқушылардың өзіндік жұмысына сай келеді және оқушылардың ізденімпаздығын көрсетеді.

Оқушылар жеке жұмыс істегенде, мұғалім бақылайды арасында қажетті көмек көрсетеді. Бірақ оқушылар тапсырмалармен жеке өздері ғана жұмыс жасайды. Бұл кезде екі міндетті білген дұрыс болады. Біріншіден, оқушылардың танымдық қызметіндегі дербестікті дамыту, оларды білімді өздігінен игеруге, дүниеге көзқарастарын қалыптастыруға үйрету; екіншіден – оқушылардың алған білімін іс жүзінде қолдана білуге үйрету.


Өз бетінше істей алатын оқушы, тек білім білік дағдысы ғана емес, сонымен бірге ойлау қабілеті, еркін сөйлеу мәдениеті, өзіне деген сенімділігі, пәнге деген қызығушылығы, шығармашылық қабілеті оянады [2].

Сондықтан бұл жұмыстың мақсаты нақты және оқушыға түсінікті болуы қажет. Өз бетімен жұмыс тапсырмалары жай және күрделі сұрақтардан қалыптасу керек, яғни:

- Жаңа сабақты түсіндіру кезінде
- Қайталау, пысықтау сабақтары кезінде
- Сабақты бекіту кезінде



Негізінен химия және биология сабақтарында оқушылар жеке жұмыс жасау үшін, яғни осы жұмысты ұйымдастыру үшін кабинеттерімізде дидактикалық тапсырмалар, әртүрлі үлестірме материалдары, сонымен қатар басқада баспалардан шыққан дәптерлер жинақталу керек. Сонымен қатар оқушыларды пәндік оқулықтармен жұмыс жасатып үйрету қажет. Себебі оқулықта барлық оқушыға қажетті білім деңгейі берілген. Қазіргі оқушылар, негізінен сабақ барысында өздігінен білім алғанын қалайды. Себебі, оқушылар өздігінен жұмыс барысында өз өмірлерінде пайдаланатын білімді ала алады.




Химия және биология сабақтарында оқушылар әртүрлі деңгейдегі тапсырмалармен жұмыс жасайды, нәтижесінде оқушыларды өз бетімен ойлауға тәрбиелейді және оқушының бойында түрлі оқу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мұғалімнің негізгі мақсаттарының бірі- оқушының білім сапасын көтеру. Қазіргі таңда мұғалімдердің тәжірибесі өте мол. Мектептерде әртүрлі білімді жетілдіретін курстар ұйымдастырылады. Практика жүзінде осы курс нәтижесін өз сабақтарында көре алады.

Химия және биология сабақтарында оқушылар әртүрлі деңгейдегі тапсырмалармен жұмыс жасайды, нәтижесінде оқушыларды өз бетімен ойлауға тәрбиелейді және оқушының бойында түрлі оқу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мұғалімнің негізгі мақсаттарының бірі- оқушының білім сапасын көтеру. Қазіргі таңда мұғалімдердің тәжірибесі өте мол. Мектептерде әртүрлі білімді жетілдіретін курстар ұйымдастырылады. Практика жүзінде осы курс нәтижесін өз сабақтарында көре алады.

Бұл жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесі тұлғаны дамытуда өз бетінше көзқарасқа негізделген әдістер жүйесін құрайды. Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінде, оқушының өз бетінше әрекет ететін моделін, қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын, өз бетінше әрекет ететін оқушыларға тапсырмалар дайындай білу қажет[3].

Негізінен біз өз сабақтарымызда оқушылардың жекелей жұмыс жасауына қажетті дидактикалық материалдардың бірі- жұмыс парақтарын пайдаланамыз. Әр бөлім, әр тақырып бойынша оқушылар жұмыс парақтармен жұмыс жасайды. Бұл қалыптастырушы бағалау тапсырмалардың ерекшелігі оқушының білім деңгейін бір жүйеге келтіруге көмектеседі. Сонымен қатар бақылау жұмыстарға дайындық ретінде пайдалануға болады.



Өзін-өзі реттеудің маңызы өте зор, өйткені ол адамның іс-әрекетін дұрыс жолға итермелейді. Осының нәтижесінде оқушы қателескенде, оған дұрыс жол көрсете алады. Өз уақытымен көмек бере алады. Қажетті жерде мұғалім тарапынан мақтау сөздерін естиді және өзара бір-бірімен оқушылар тығыз қарым-қатынаста болады[4].

Оқу тәрбие үрдісінің дұрыс жүргізілуіне сабақта мұғалімнің әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін оқушылардың мүмкіндіктеріне және жағдайларына қарай тандап алуы да ізденіс болып саналады.

Әрине ізденіс нәтижесінде жүзеге асатын тиімді оқыту әдісі оқушыларды алғырлыққа, байқампаздыққа, шығармашылыққа еңбекке, ең бастысы, ғылыми негізде ынтасын арттыруға мүмкіндік береді.

Әрбір күн өзгеріске толы болады. Қазіргі заманда уақыт талабына сай болу, білімді өз бетінше үйрену, оны оқушыларға үйрету ұстаздықтың ең негізгі парызы[5].



Ол үшін мұғалім қазіргі заманға лайық өзінің білімін беру ісінде рухани, парасатты шығармашылық ізденіспен айналысатын, өмірге келіп жатқан жаңа технологияларды меңгерген біліктілігі мен білімі жоғары тұлға болуы тиіс.

Оқушылардың оқудағы белсенділігі дегеніміз-оқуға қажетті білім мен дағдысын меңгерту ғана емес, оларды өмірде, практикада пайдалана білуге, үйренуге істейтін саналы әрекет. Мысалы, мұғалімнің берген материалын түсіну үшін, оқушы зейін қойып тыңдай білуі керек, ал алған білімін кеңейту және толықтыру үшін, өздігінен жұмыс жасағаны дұрыс болады. Мысалы: тәжірибе жасау, жазбаша жұмысты орындау, сызба жасау сияқты жұмыстары орындалуы қажет. Себебі, өткен материалды саналы түрде қайталап және пысықтау қажет. Сонда ғана оқушының білім алу дағдылары дамиды[6].

Өткен замандағы білім беру әдістер мен тәжірибелеін қарастырып, талдау жұмысын жасап, заманауи ғылыми-әдістемелік технологиялармен ұштастыру арқылы дүниежүзілік ғалымдардың тәжірибелерін тиімді пайдалану арқылы алдымызға қойған мақсат- міндеттерімізді орындау ұстаздардың басты борышы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Биология және салауаттылық негізі» ғылыми-педагогикалық журналы
2. Бөрібаева Б. «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар»
3. Әбиев, Ж.Ә. «Педагогика» Алматы
4. Қоянбаев, Ж.Б. «Педагогика» Астана
5. Берикханова, А.Е. «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» Оқу құралы. - Алматы
6. Бабаев, С.Б., Оңалбек, Ж.К. «Жалпы педагогика»

МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ҮЛГЕРІМІН АНЫҚТАУДА ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**БАҚЫТБЕКОВА Динара Оралқызы, КАРМЕНОВА Мархаба Ахметоллиновна,
ТЛЕБАЛДИНОВА Айжан Солтанғалиевна**

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен, Қазақстан

dinara_2391@mail.ru, mmm_0582@mail.ru, a_tlebaldinova@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада машиналық оқыту жайлы ақпарат берілген және оның білім беру саласында қолдану өзектілігі айқындалып жазылған. Машиналық оқытуды, оның мүмкіндіктері мен әдістерін қолдану арқылы оқушылардың оқу үлгерімін анықтау мен болжауға болатыны талданып көрсетілген. Білім беру саласында машиналық оқытуды қолдану негізінде оқу үрдісіне қатысты мақалада аталып кеткен мәселелердің шешімін тиімділеуге болатыны да туралы айқындалып өтті.

Аннотация

В статье представлено понятие о машинном обучении и определена актуальность его применения в сфере образования. Проанализировано, можно ли определить и спрогнозировать успеваемость учащихся с помощью машинного обучения, применяя его возможности и методы. Также, в статье были определены ряд проблем в сфере образования, касающихся учебного процесса и решение которых может быть эффективно решено на основе применения машинного обучения.

Бүгінгі таңда машиналық оқыту ақпарат көлемінің өсуіне байланысты кең бағытта қолдану үстінде. Адам қызметіне байланысты кез-келген саланы алып талдайтын болсақ, ақпарат көлемі мен мәліметтер қорлары күннен күнге артуда. Мұндай мәселелерді шешуде, яғни деректер жиынын талдауда және ақпарат легінен қажетті білімді немесе заңдылықты қорытып алуда мамандарға арнайы технологиялар мен әдістер қажет. Осыған орай, жинақталып жатқан деректерді тиімді талдауға қажетті технологиялардың бірі болып data mining технологиясын атап айтуға болады. Деректерді талдауға арналған аталмыш технология информатика ғылымы саласынан «деректер жайлы ғылым» атты бағытында бөлініп шығып, қарқынды даму үстінде. Бұл технологиямен қатар, жасанды интеллект саласы да айтарлықтай жедел дамып, оның әдістері көптеген мәселелерді шешуде қолданып жатыр деуге болады.

Жалпы машиналық оқыту жасанды интеллекттің ішкі саласы құрамына еніп, ол бұрыннан бар тәжірибе негізінде үйренуге қабілетті алгоритмдерді құру тәсілдерін зерттейді. Атап айтатын болсақ,




9 – теңелдіргіш, 10 – қосаяқты баған, 11, 22 – жебелік және жүктемелік арқандар, 12, 25 – қосаяқты бағандар басы мен жебе блоктары,

13 – жебелік тартпа, 14 – реверстік-тарату механизмі, 15 – кабина,

16, 26 – жебелік және жүктік полиспагтар, 17 – бұрылу механизмі,

18 – траверса, 19 – арқанды сақтандырғыш құрылғы, 20 – жүк көтеруді шектегіш, 21 – негізгі қозғалмайтын жебе, 23 – керме, 24 – қауіпті кернеу сигнализаторы, 27 – ілгекті аспа, 28 – тіректік баған, 29 – кожух,

30 – жебені көтеретін гидроцилиндр, 31 – телескопиялық жебе.

Сурет – Автокөліктік жебелі өздігінен жүретін крандар

Бұрылыстық тұрқы ұшына жұмыс кезінде тепе-теңдікті сақтайтын теңелдіргіш 9 (қосымша жүк) бекітілген. Кранның атқарушы механизмдері мен олардың ілінісін сыртқы әсерлерден кожух 29 (капот) қорғайды. Иілгіш аспалы жебелік қондырғысы бар крандардағы (а суреті) бұрылыстық платформада қосаяқты баған 10 орнатылып, оған жебелік қондырғы ілінеді.

Атқарушы механизмдер. Жебелік қондырғының иілгіш аспасы бар крандарда жебенің көлбеу бұрышын өзгертуге арналған жебелік тартпа 13, жүкті көтеріп-түсіруге арналған жүктік тартпа (а суретте жебелік тартпа артында орналасқан) мен кранның бұрылу бөлігін айналдыруға арналған бұрылу механизмі 17 болады.

Тартпа мен бұрылу механизмін қозғалысқа реверстік-тарату механизмі 14 келтіреді.



Қатқыл аспалы жебелік қондырғысы бар крандардағы (б сурет) телескопиялық жебенің 31 көлбеу бұрышын гидравликалық цилиндрлер 30 (гидроцилиндрлер) көмегімен өзгертеді. Жүкті көтеріп-түсіруді жүктік тартпа, ал бұрылу бөлігінің айналуын – бұрылу механизмі жүзеге асырады.

Тартпа мен бұрылу механизміне қозғалысты гидроқозғалтқыш береді. Крандардың қозғалмалы және телескопиялық жебелері өздерін қозғалысқа келтіруге арналған арнайы атқару механизмдерімен жабдықталған.

Кранды басқару органдары мен машинист орындығы орналасқан кабина қажетті нқсағаштармен, сигнализация жүйесімен және микроклиматты (желдеткішпен, жылытқышпен) қамтамасыз ету жүйесімен жабдықталған.

Жебелік қондырғы кранның жұмысшы аймағындағы жүкқамтушы құрылғы ірекетін қамтамасыз етеді.

Ілгіш аспасы бар крандардағы жебелік қондырғы гуськалы немесе онсыз қозғалмалы мен қозғалыссыз және негізгі 21 жебелермен, жебелердің ауып кетуінен сақтандыратын арнайы арқанды құрылғымен 19, жебе мен жүкті көтеруге арналған жебелік 16 және ұзартылған 16 полиспасттармен жинақталған. Полиспаст жебе басымен кермелермен 23 байланысқан арнайы траверсте 18 және қосаяқты баған басына орнатылған блоктардан 12, қосаяқты баған мен траверс блоктарын иетін жебелік арқандардан 11 құралған. Кейбір крандарда (мысалы, КС-2561Д) траверсттер болмайды, ал блоктар қосаяқты баған басы мен жебе басында орнатылған. Осы типтегі крандарға мұнаралы-жебелік қондырғы орнатылады.

Қатқыл аспалы крандардағы жебелік қондырғы топтамасы гуськалы және онсыз телескопиялық жебелерден және жебені көтеруші гидроцилиндрлер мен олардың секцияларын жылжытудан тұрады.

Қос типтегі крандардың жебелік қондырғысы құрамына жүкқамтығыш құрылғылар кіріп, олар ретінде автокөліктік крандарда ілмекті аспаны 27 және кейде сирек түрде – грейферлік ожаулар мен магниттік шайбалар қолданылады. Ілмекті аспа блоктардан, траверстерден және жүктік ілгектерден тұрады. Ілгекті аспа блоктары жебе басының блоктары және жүктік арқандармен 22 жүктік полиспастты 26 құрайды.

Крандарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін құрылғылар мен приборлар жүйесімен (мысалы, жүккөтеруді шектегіштермен 20, қауіпті кернеу сигнализаторларымен 24) жабдықтайды [2].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Типовая инструкция для крановщиков (машинистов) по безопасной эксплуатации стреловых самоходных кранов (автомобильных, пневмоколесных на специальном шасси автомобильного типа, гусеничных, тракторных). - М.: НПО ОБТ, 1993.
2. <http://www.autokrans.ru>

РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ОРЫМБЕТОВА Гульмира Асилтаевна, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.

Туркестанский индустриально-строительный колледж, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова

Шымкент, Қазақстан

gulmira.orymbetova@gmail.com, ergazy-1980@mail.ru

Резюме

В статье приведены общие сведения о методе критического мышления. А также, здесь рассматривается путь развития критического мышления у учащихся при прохождении темы «Имя существительное» по русскому языку и литературе в 6 классе в средней школе.

Характерными, устойчивыми особенностями развитого критического мышления являются оценочность, открытость новым идеям, целостное рассмотрение ситуации, стремление к разносторонней осведомленности, поиск альтернатив, выбор точки зрения, позиции (а также ее



изменение при наличии достаточных оснований), склонность к применению навыков критического мышления в жизни.

Базовая модель технологии критического мышления включает следующие стадии (этапы): вызов-осмысление содержания – размышление. Хотелось бы более подробно остановиться на характеристике этапов, а также рассмотреть приемы, используемые на каждой стадии.

Первая стадия «Стадия вызов» позволяет актуализировать и обобщить имеющиеся у учащихся знания по проблеме, вызвать устойчивый интерес к изучаемой теме или проблеме, побудить ученика к активной работе на уроке и дома.

На данной стадии использую следующие методические приемы: корзина идей, рассказ-предположение по ключевым словам, систематизация материала (графическая): кластеры, таблицы, верные и неверные утверждения [1].

Вот как приемы «Корзина идей» и «Составление кластера» работают на стадии вызова при изучении темы «Имя существительное» в 6 классе. В центре листа учащиеся записывают имя существительное, затем прошу ребят в течение 1-2 минут зафиксировать в тетрадке все, что им известно об имени существительном. После предлагаю в форме аукциона знаний назвать записанные сведения, факты, не повторяя ранее сказанного. Все фиксирую на доске. Таким образом, составляем список идей. Предлагаю ребятам скомпоновать идеи по категориям, т.е. систематизировать материал, оформив его в виде кластера.

Кластер это графический систематизатор, который показывает несколько различных типов связей между объектами или явлениями. Кластер охватывает большее количество информации, чем при обычной письменной работе, помогает систематизировать информацию в виде заголовков смысловых блоков.

В ходе работы приходим к составлению схемы-кластера [2].

Данные методические приемы позволяют учащимся, с одной стороны, увидеть собранную информацию в укрупненном виде, с другой стороны, структурирование высказанных идей выявит противоречия, непоясненные моменты, которые и определяют направления дальнейшего поиска в ходе изучения новой информации.

Вторая стадия технологии критического мышления «Стадия осмысления содержания». Она позволяет получить новую информацию; осмыслить ее; соотнести с уже имеющимися знаниями. На данной стадии идет активная самостоятельная работа учащихся.

Здесь применяю такие приемы, как чтение текста методом ИНСЕРТ, чтение с остановками, таблицы вопросов, взаимопрос.

Инсерт это прием такой маркировки текста, когда учащиеся значками отмечают на полях то, что известно, что противоречит их представлениям, что является интересным и неожиданным, а также то, о чем хочется узнать более подробно. Маркировка текста производится с помощью специальных значков:

«!» - Я это знал.

«+» - Новое для меня.

«-» - Вызывает у меня сомнение.

«?» - Вопрос.

В ходе знакомства с материалами учебника или заранее подготовленного материала предлагаю учащимся по ходу чтения ставить на полях значки. Совсем не обязательно пометать каждую строчку или каждую предлагаемую идею. Учащиеся должны отразить свое представление об информации в целом.

После прочтения материала организую беседу по вопросам: что вы прочитали? какие знания подтвердились? какую информацию вы встретили? какие вопросы возникли? Затем предлагаю ребятам оформить индивидуальную таблицу, с тем, чтобы распределить полученную информацию по категориям, количество граф таблицы соответствует числу значков маркировки текста.

Для заполнения таблицы учащиеся снова возвращаются к тексту. Таким образом, обеспечиваю вдумчивое, внимательное чтение. Условные значки помогают читать более внимательно, превращают чтение в увлекательное путешествие, становятся помощниками в запоминании материала.

Прием ИНСЕРТ и таблица делают зримыми процесс накопления информации, путь от «старого» знания к «новому». Важным этапом работы становится обсуждение записей, внесенных в таблицу.

Многие приемы, использованные на стадиях вызова и осмысления, логически переходят в стадию «Размышление». Эта стадия позволяет: осмыслить всю полученную информацию, присвоить новое знание, сформировать у каждого ученика собственное отношение к изучаемому материалу.



Парная мозговая атака, возвращение к ключевым терминам, кластерам, создание синквейна, эссе, мини-сочинений все это дает возможность учащимся самореализоваться в рамках изученной темы.

Хотелось бы более подробнее остановиться на одном из приемов развития критического мышления составлении синквейна. Синквейн это стихотворение, состоящее из пяти строк, написанное по особым правилам. Схема составления синквейна выглядит следующим образом: в первой строке заявляется тема или предмет (одно существительное); во второй дается описание предмета (два прилагательных или причастия); в третьей, состоящее из трех глаголов, характеризуются действия предмета; в четвертой строке приводится фраза обычно из четырех значимых слов, выражающая отношение автора к предмету; в пятой строке синоним, обобщающий или расширяющий смысл темы или предмета (одно слово).

Вот примеры синквейнов, составленных учащимися 11-го класса в ходе знакомства с творчеством Владимира Владимировича Маяковского:

Маяковский
Гениальный, индивидуальный
Философствует, размышляет, доказывает
Лучший человек родился
Гений

Маяковский
Спонтанный, необычный
Чувствовал, страдал, творил
Мне чужды его мысли
Футурист

Синквейн быстрый, но мощный инструмент для рефлексии, поскольку он дает возможность резюмировать информацию, излагать сложные идеи, чувства и представления в нескольких словах, что отнюдь не просто. Безусловно, интересно использование синквейнов и в качестве средства творческого самовыражения.

В 6 классе на уроках литературы составление синквейна является важным этапом при подготовке учащихся к написанию отзыва о прочитанном произведении.

На последнем уроке знакомства с произведением прошу ребят одним словом сказать, о чем же оно, и записать это слово на первой строчке. Затем идет второй вопрос и заполнение второй строки. Здесь надо уже двумя словами сказать об особенностях рассказа. Третья строка и три слова о месте и времени действия. Четвертая четыре слова о главных событиях рассказа. Пятая пять слов о главных героях и их особенностях. Шестая шесть слов о чувствах, возникших в ходе чтения в начале, середине и в конце рассказа. На седьмой строке надо попытаться дополнить первую уже семью словами. А восьмая при помощи восьми слов расскажет о личном восприятии рассказа или о том, посоветуют ли ребята прочитать его своим друзьям. Предлагаю ребятам дописать, дополнить новыми словами и мыслями их строчки. Делать это для наглядности лучше ручкой любого другого цвета, чтобы был виден ход работы над текстом.

Таким образом, получаем мы основу для написания отзыва на литературное произведение. Вот пример синквейна-отзыва, составленного учащимся 6-го класса о рассказе И.С. Тургенева «Бежин луг».

Обобщая вышесказанное, хочу сказать, что использование технологии развития критического мышления на уроках русского языка и литературы помогает развить в детях самостоятельность, ответственность, умение адаптироваться к сложившейся ситуации, монологическую и диалогическую речь, умение работать со словарями и другой справочной литературой. Самое главное самостоятельно добывать знания, самореализоваться и социализироваться в современном мире.

Список использованных литератур

1. Бутенко А.В., Ходос Е.А. Критическое мышление: метод, теория, практика. Учеб.-метод. пособие. М.: Мирос, 2002.
2. Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроке: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 2004.



ЖАЛАЙЫРОВ Аян Нұрланұлы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.

Түркістан индустриялық-құрылыс колледжі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
ergazy-1980@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада орта мектепте дене шынықтыру сабағын оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып оқыту әдістері мен қағидалары қарастырылған. Сонымен қатар, сабақ барысында жаңа технологиялық құралдарды пайдаланудың оқушылар дамуындағы тамаша көрсеткіштерге жеткізетіндігі көрсетілген.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет [1]. Ол ұстанымдарға жататындар: жан-жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді [2].

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кішігірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады. Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз – бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу [3].

Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар - мақсат, жалпы және арнайы (арнайылық) міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Оқушы-спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барысында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға және т.б. қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Г. Икіманова. Саулық пен сымбат. - Алматы: Қайнар, 1991.
2. «Қазақстан – 2030» стратегиясы



3. «Қазақстан мектебі» журналы, №4, 2006 ж.

ХИМИЯ САБАҒЫН ОҚЫТУДА ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫС ҚАҒИДАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПЕРДЕШОВА Акмарал Анваровна, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

akmaralperdesh@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада химия сабағын өмірмен байланыстыра оқыту әдісі келтірілген. Сонымен қатар, сабақ барысында өмірге байланысты материал көмегімен психикалық белсенділік жағдайларын құру әдістері толыққанды көрсетілген.

Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектеп оқушыларының химияға деген қызығушылығының төмендеуі байқалғанымен, қазіргі кезде адамзат баласы өз өмірінде химия өндірісінің заттары мен өнімдерін көбірек тұтынуда. Дегенмен мектепте химияны оқытуға бөлінген сағат саны азайып, зерттелетін материал көлемі артуда. Қазіргі таңда адамзат үшін химиялық білімнің қажеттілігі мен практикалық өмір үшін зерттелетін материалдың маңыздылығын түсінбеушілік арасында қарама-қайшылық бар [1].

Сондықтан оқушыларда химиялық заттарды қолдану мәдениетін, осы заттарды саналы және қауіпсіз пайдалану элементтерін, қолдан жасалған жасанды ортада экологиялық нормалар мен мінез-құлық ережелерін қалыптастыру химияның басты міндеті болып табылады.

Қазіргі уақытта химия мектептегі күрделі пәндердің бірі болып саналады. Бірақ оқушы қызығушылық танытқан кезде жағдай өзгеріп, ерекше химиялық тапқырлық дамиды, ынта пайда болып, оқу қуаныш сыйлайды.

Бүгінгі таңда химияны оқыту тәжірибесінде бастауыш кезеңде пәнді оқытудың теориялық деңгейінің жоғарылауы мен жалпы білім беретін мектеп оқушыларының логикалық ойлау қабілетінің жеткіліксіз қалыптасуы арасында қарама-қайшылық бар. Бұл оқу материалының күшті теориясы, оқулықтардың жеткіліксіз сапасы, эксперимент рөлінің әлсіреуі және т.б. секілді оқушылардың пәнге деген қызығушылығының күрт төмендеуінің себептерінің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта педагогикалық әдебиетте оқушылардың өмірде қолдануға болатын білім алуы туралы мәселе жиі көтерілуде [2].

Шетелдік зерттеушілер Muammar Calc, Ali pasha Ayas (Түркия), Panagiotis Sarantopoulos және Georgios Tsaparlis (Грекия) оқушыларға күнделікті өмірде мектепте алынған химия туралы білім мен химия арасындағы байланысты түсіну қиынға соғатындығын атап өтеді.

Химиялық материалды зерттеуге танымдық қызығушылықты қалыптастыру мен дамытудың әдістемелік жүйесінің жетекші идеялары ретінде келесілерді бөліп көрсетуге болады:

- сабақты және сабақтан тыс іс-әрекетте өмірмен байланысты материалды жүйелі пайдалану идеясы;

- мұғалімдер мен оқушылардың химия сабақтарындағы және сыныптан тыс жұмыстардағы өзара байланысы, химия сабақтарында сабақтан тыс жұмыстардың нәтижелерін жүйелі пайдалану идеясы;

- жеке бастаманы, шығармашылық пен жеке бастаманы көрсету үшін өмірмен байланысты материалды зерттеудегі белсенді оқыту әдістерінің басымдығы идеялары.

Кесте

Өмірге байланысты материал көмегімен психикалық белсенділік жағдайларын құру әдістері

Психикалық белсенділік жағдайлары	Сабақтарда психикалық белсенділік жағдайларын құру әдістері	Сыныптан тыс жұмыста психикалық белсенділік жағдайларын құру әдістері
1. Таңдау жағдайлары	Сұрақтарға жауаптар, викториналар, байқаулар тапсырмалары	Жеке тапсырма тақырыбын таңдау, ақпаратты таңдау, есеп нысанын таңдау



2. Себеп-салдарлық байланыстарды іздеу	Нақты мысалдарды қолдана отырып логикалық тізбектер құру Химиялық процестерді модельдеу Химиялық экспериментті түсіндіру	Зерттелетін материалды ұсыну логикасы Химиялық процестерді модельдеу Химиялық экспериментті түсіндіру
3. Қарама-қайшылық жағдайлары	Табиғат жұмбақтары, адам өміріндегі жұмбақ құбылыстар, ойын-сауық тәжірибелерінің нәтижелері туралы ақпаратты түсіндіру	Табиғат жұмбақтары, адам өміріндегі жұмбақ құбылыстар, ойын-сауық тәжірибелері туралы әңгімелер
4. Болжам жағдайлары	Химия ғылымы тұрғысынан күнделікті өмірде қолданылатын реакцияларды көрсету. Алынған химиялық білімді өмір құбылыстарын түсіндіру үшін қолдану	Экскурсиядан алынған ақпаратты түсіндіру. Зерттеу және жобалау тапсырмаларын орындау

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кудинова Н.Ф. «Изучение причин снижения интереса к химии как учебному предмету в курсе общеобразовательной школы» // Объединенный научный журнал. - М.: Фонд правовых исследований. 2007. - №4. - С.18-23.

2. Кудинова Н.Ф. Использование материала связанного с жизнью на уроках химии (методическое пособие), - М.: Издательство МГОУ, 2009. – 39 с.

«ҚАНЫҚҚАН КӨМІРСУТЕКТЕР» ТАҚЫРЫБЫН МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ НАБИХАН Перизат Аяпханқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
nabikhan.perizat@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада модульдік оқыту әдісінің ерекшеліктері, оның құрылымы мен маңызы көрсетілген. Химия сабағында «Қаныққан көмірсутектер» тақырыбын өтуде модульдік оқыту технологиясын үлгісі келтірілген.

Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат – оқушылардың шығармашылық бейімделуіне сәйкес бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып отыр. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін жаңа инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың қажеттілігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, рухани, азаматтық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Орта білім беруді дамыту тұжырымдамасының басты мақсаты оқушылардың талдау, синтездеу әрі логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Білім берудің маңызды шарты – оқу процесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, өздігінен білім алуға құштарлығын дамыту. Оқуға қызықтырудың басты элементтерінің бірі – нәтижеге жетуге ынталандыру.

Білімнің міндетті деңгейін меңгеру мақсатында модульдік оқыту технологиясы кеңінен қолданылуда [1]. Модульдік технология дамыта оқыту идеясына негізделген. Модульдік оқытудағы негізгі мақсат – оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өңдеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істеуге үйрету.

Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу модулі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру бойынша берілген мұғалімнің нұсқауларынан және оқушы іс – әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады.

Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдісі мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Модульдік оқыту технологиясын химия сабағында қолдану үлгісін қарастыралық (кесте).
Кесте



Қаныққан көмірсутектер (алкандар) тақырыбының модулі

Модулдің құрылысы	Сағат саны	Модуль мазмұны	Ескерту
Модульге кіру			
Кіріспе	1-ші сабақ	1. Сабақтың мақсаты мен міндеттері 2. Алкандарға шолу лекциясы 3. Тірек-сызбалармен таныстыру	Оқушының дәптеріне жазуы
Тақырыпты қалыптастыру, жетілдіру сабақтары			
Сөйлесу	2-ші сабақ	Метанның құрылысы 1. Тірек-сызбалармен жұмыс істеу 2. «Оқыту» ойындары – «сергіту» – «жұбын тап» – «көкпар» 3. Оқушының жеке жұмысы.	Топпен және жеке жұмыс
	3-ші сабақ	Алкандардың гомологтық қатары, изомериясы, номенклатурасы 1. Тірек-сызбалармен жұмыс істеу 2. Оқыту ойындары – «сергіту» – «ойлан тап» – «химиялық эстафета» – «сөз жұмбақтар» шешу 3. Оқушының жеке жұмысы	Топпен және жеке жұмыс
	4-ші сабақ	Алкандардың химиялық қасиеттері 1. Тірек-сызбалармен жұмыс істеу 2. Оқыту ойындары – «сергіту» – «белгісіз затты анықта» – «бәйге» 3. Жеке жұмыс – – деңгейлік тапсырмалар	Топпен және жеке жұмыс
	5-ші сабақ	Зертханалық жұмыс 1. Метанды алу 2. Алкандардың химиялық қасиеттері 3. Орындалған жұмысты тапсыру	Жеке жұмыс
	Қорытынды	6-ші сабақ 7-ші сабақ	Оқушылардың білімін бағалау 1. Жеке жұмыс – деңгейлік тапсырмалар – сәйкестігін анықтау, тест – ойдағы жұмбақ 2. Қорытынды

Оқу модулі үш құрылымды бөліктен: кіріспе, сөйлесу және қорытынды бөлімдерден тұрады.

Кіріспе бөлімінде оқытушы:

- оқушыларды оқу бөлімнің жалпы құрылымымен, мазмұнымен таныстырады.
- оқушылардың осы оқу модуліндегі танымдық қызметінің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды
- тірек сызбаларға сүйене отырып модульдің тұтас тақырыбы бойынша оқу материалын түсіндіреді.

Сөйлесу бөлімінде келесі қағидалар сақталуы тиіс:

- оқу материалын біртұтас беру қағидасы
- «өсу» бағытымен оқып-үйрену қағидасы
- «қайта оралып отыру» қағидасы.

Сөйлесу бөлімінде оқытудың белсенді формалары қолданылып оқушының білімді өздігінен жүзеге асыруы қалыптастырылады.

Ұсынылған ойындардың бәрі оқушылардың бір – бірімен еркін қатынас жасауына, тақырыпқа бірнеше қайта оралу арқылы және оны түсіну дәрежесімен білімді жетік білу дәрежесіне көтеріледі. Оқу материалын жақсы меңгеруге, қарапайымнан күрделіге, жай тапсырмадан ізденіске өтуге мүмкіндік береді.



Қорытынды бөлім – оқушылардың сөйлесу бөліміндегі танымдық қызметі барысында қалыптасқан білім, білік, дағдыларын бақылауға, тексеруге және бағалауға арналған [2].

Оқушы білуі тиіс

Алкандардың молекулаларының құрылысындағы жалпы заңдылықтар:

- сапалық және сандық құрам
- атомдар арасындағы байланыстар арасындағы түрі
- молекулалардың кеңістік конфигурациясы

Алкандардың гомологтық қатары

Алкандардың изомериясы

Алкандардың номенклатурасы

Алкандардың физикалық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары

Метан және оның гомологтарының химиялық қасиеттерінің ерекшеліктері

Алкандардың алу әдістері, қолданылуы.

Оқушы игеруі тиіс

Метанның электрондық, кеңістік құрылыстарын жазу.

Метанның гомологтарын салыстыру, физикалық қасиеттерінің өзгеруін түсіндіре білу.

Алкандардың структуралық изомерлерін құрастыру және халықаралық номенклатурамен атау.

Алкандардың химиялық инерттілігін дәлелдей білу.

Орын басу реакциясының негізгі заңдылықтарын игеру.

Алкандарды алу әдістері.

Мұнай химиясы

Алкандардың номенклатурасына, изомерияға, алу әдістеріне, химиялық қасиеттеріне арналған жаттығулар мен есептерді орындау.

Органикалық заттардағы көміртегі, сутегі, хлорды сапалық жолмен анықтауды, метан алу және онымен тәжірибе жасауды игеру.

Сөйлесу бөлімінде алғашында оқу материалын қайта жаңғырту қалыптастырылады: тірек-сызбалармен жұмыс істеу. Оқыту ойын түрінде ұйымдастырылып, әртүрлі белсенді формалар қолданылады: топтық, жұппен және деңгейлік тапсырмалармен жеке жұмыс.

Деңгейлік тапсырмалардың II және III деңгейлерінде білім стандартының талаптарына сай, яғни «стандартты» жаттығулар берілген, ал I – деңгейге шығармашылық, ізденушілік, химияны тереңдетіп оқытуға арналған жаттығулар енгізілген. Деңгейлік тапсырмаларды оқушының өзі таңдайды және оны қарапайымнан күрделіге қарай ретімен орындау міндетті емес. Оқушы өз мүмкіндігіне қарап таңдауға ерікті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жанпейісова М.М. Модулдік оқыту. – Алматы.
2. Махмудов М. Сабақтың дидактикалық құрылымы. – Алматы, 1998.

12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚИТУ ЖОЛДАРЫ

ИСМАИЛ Аяжан Тасболатқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

ayakaa99@mail.ru

Андатпа

Мақалада дүниежүзі елдеріндегі 12 жылдық білім беру жүйесінің ерекшеліктері қарастырылған. Мұнда сонымен қатар, Қазақстанның жаратылыстану-математикалық бағытындағы мектептеріндегі 12 жылдық білім беру құрылымы туралы толыққанды ақпараттар берілген.

12 жылдық оқыту моделін дүниежүзінің елдері, атап айтсақ, АҚШ, Англия, Швейцария, Канада, Германия, Жапония, Швеция, Франция, Италия (жалпы білім беру ұзақтығы 12 не 13 жыл) жедел дамушы және өзгермелі заман талаптарына сай жастарға сапалы білім беру жүйесі ретінде танып



отыр. Бейінді оқытуды жүзеге асыру түрлі мемлекеттерде алуан жолдармен жүргізіледі, бірақ қызмет ететін формалардың барлығы да негізгі келесі екі жолға келіп тіреледі:

Бірінші жол бөлімдермен, секциямен көрсетілген (Франция, Италия, Испания, Дания, Нидерланд). Сабақтар оқытудың нақты бейіні үшін жасалған жоспарлар мен бағдарламаларға сәйкес жүргізіледі [1].

Екінші жол оқушылардың өздігінен таңдаған элективті курстары арқылы жүзеге асырылады және олар кейбір міндетті пәндерге қосымша болып саналады (АҚШ). Бірақ негізгі технологиялық форма ретінде сабақ өз орнында қалады.

12 жылдық мектептің жалпы орта білім беру деңгейіндегі жаратылыстану-математикалық бағытта бағдарлы оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін анықтау өзекті мәселе болып табылады.

Яғни, 12 жылдық білім беру жүйесіндегі бейіндік оқытудың мақсаты – жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттары және олардың ішкі бағдарларға бөлінуі бойынша жалпы орта білім беру мазмұнын саралау, жүйелеу, сапалы білімді игеруіне мүмкіндік беру болып табылады.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі жоғары сыныптарға арналған типтік оқу жоспарын шартты түрде үш бөлікке бөлуге болады, атап айтсақ:

1) жалпы білім беретін базалық пәндер. Бұл сыныптағы барлық оқушылар үшін міндетті болып саналады;

2) белгілі-бір бағыттағы таңдаған оқушылар үшін міндетті және сол бағытты толық анықтайтын тереңдетілген бейіндік пәндер;

3) оқушылардың өз таңдауы бойынша енгізілетін таңдау (қолданбалы) курстары.

Кесте

12 жылдық беру жүйесі бойынша әлемдік бағыттар

Мемлекет	Ерекшеліктері
Америка Құрама Штаты	Жалпы орта білімнің құрылымы – 6+3+3 немесе 8+4 (мектептің қай штатта орналасуына байланысты). Жоғары орта мектептің 10-12 сыныптарында міндетті түрде 5 оқу пәні және тәжірибелік, академиялық бағыттағы бейіндік пәндер оқытылады. Оқыту бағыты бойынша саралау (дифференциация), яғни білім беру қызметінің вариациялық әртүрлі таңдау пәндері бойынша оқу пәндерінің аймағын кеңейту арқылы жүзеге асырылады. Барлық штаттарда ағылшын тілі (оқу), математика, жаратылыстану ғылымдары және ғылыми әдістер, АҚШ тарихы, бейнелеу өнері, музыка, денсаулық және тамақтану, тәжірибелік өнерлер (дизайн), дене тәрбиесі және шетел тілдері оқытылады. Орта білім беру жүйесінде 2 жыл математика, 2 жыл жаратылыстану ғылымдары, 4 жыл ағылшын тілі және 3 жыл әлеуметтік пәндер оқытылады.
Норвегия	Толық орта білімді меңгеру 13 жылға дейін ұзартылған (6 жастан 19 жасқа дейін). Жоғары мектеп – білім беру ұйымының өзіндік түрі. Барлық норвегиялық жоғары мектептер бейіндік болып табылады және олар оқушыларға академиялық немесе кәсіби бағытын таңдауға мүмкіндік береді. Академиялық бағытта оқыту 3 жыл, ал кәсіптік оқыту 4 жыл (өндірістегі практикасымен қоса алғанда). Әрбір жоғары мектеп жалпы білім беретін профильдерді (физика-математикалық, ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық, тілдік, қоғамтану) және 4-5 кәсіби профильдерді ұсынады. Олардың қатарына: ағаш және темір өңдеу, электроника және компьютерлік техникаға қызмет көрсету, құрылыс, аспаздық, ауыл шаруашылығы, сонымен қатар бірнеше шығармашылық профильдер: музыка, би, театр, журналистика негіздері және т.б.
Ресей	Бейіндік оқыту жүйесінің дамуы әлемдік білім берудің даму үрдісімен сәйкес келеді. Жоғары сыныптардағы бейіндік білім берудің мақсаты: оқушылардың өздігінен даму және өзін-өзі ұйымдастыра алу, өз құқығын қорғай білу, өзгенің пікірін қабылдай білу, айналасындағылармен қарым-қатынас жасай білу, мектеп түлектерін жоғары оқу орындарының бағдарламаларын меңгеруге тиімді даярлау.
Қазақстан	XX ғасырдың соңғы он жылдығы оқу орындары (лицей, гимназия, арнаулы мектептер, дарынды балалар мектебі, халықаралық мектептер) моделінің дамуы және қалыптасуымен, мемлекеттік емес сектордағы оқу орындарының құрылуымен, авторлық оқу курстарының бағдарламасын әзірлеумен, оқытудың дамытушылық технологияларын қолданумен және т.б. спектрлердің кеңеюімен ерекшеленді.



Сонымен қатар, білім беру саясатының басым бағыттарының бірі ретінде мектептің жоғары сыныптарына бағдарлы оқытудың енгізілуі және ол оқушыларды әлеуметтендіруге, оқытуды даралауға, оқушылардың бейімділіктері мен қабілеттіліктерін толығырақ ескеруге, оқуларын әрі қарай жалғастыруы үшін жағдайлар туғызуға бағытталған оқыту жүйесі екендігі көрсетілген. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы бейінді оқытудың моделі физика-математикалық, химия-биологиялық бейінді оқыту мақсаттарының интеграциясы негізінде қалыптасқан мақсатты компоненттен тұрады [2].

Сонымен 12 жылдық мектептегі жаратылыстану-математикалық бағытта бейіндік-бағдарлы оқытуды дамытудың басым бағыттарын былайша тұжырымдауға болады:

- оқушылардың жекелей қабілеттері мен бейімділіктерін ертерек айқындау және тұлғалық пен кәсіби қалану болашағын ертерек жоспарлау;
- жоғары сынып оқушыларының өздігінен практикалық іс-әрекет ету мен өзін-өзі дамыту бойынша білімдерін қолдану үшін түйінді құзыреттіліктері мен қабілеттерін дамыту;
- бейіндік мектепте оқуға ынтаны күшейту, жаңашыл ойлау мен сыни тұрғысынан ойлауды, өзіндік білім алуды қалыптастыру;
- білім беру мазмұнының қолданбалы сипатын нығайту және білім беру үдерісі үшін оқу-өндірістік жағдай жасау арқылы оқушылардың тереңдетілген түрдегі кәсіби-бейімделген оқуын ұйымдастыру ;
- жоғары мектеп компонентін «Бейіндік мектеп» бағдарламасының мазмұнына кіріктіру жолымен, жаратылыстану-математикалық бағытта оқушылардың жоғары оқу орнында оқуларын жалғастыру үшін оңтайлы жағдаймен қамтамасыз ету
- кредиттік оқыту жүйесінің элементтерін енгізу және кәсіптік мектеп пен өндіріс саласының арасындағы әлеуметтік серіктестікті дамыту жолымен инновациялық технологиялар мен қазіргі заманғы өндірістің бастапқы негіздерін игеру;
- ауыл жастарының мүдделерін ескере отырып, ауылды сақтау мен дамыту мақсатында мамандықтардың алғашқы деңгейін ертерек игерулері үшін ауылдық аймақтарындағы оқушыларға жағдайлар жасау;
- еліміздің индустриалдық-инновациялық дамуын және экономиканың дамуының өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, өмірлік келешектерді саналы түрде анықтауға оқушыларды дайындау;
- типтік оқу жоспарының вариациялық компоненті мазмұнын кеңейту жолымен оқыту мазмұнын саралау және жеке білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- оқушылардың жаңашылдықпен ойлауын және креативтілігін, өздігінен ғылыми-зерттеу және жобалау іс-әрекеттерін жасау,
- өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бегалинова К.К. Современные тенденции образования //12 жылдық білім беру - 12-летнее образование. – 2010. – №12. – С.3-6.
2. Дуйсебек А.Т. Современные векторы трансформации методологии и содержания образования //12 жылдық білім беру - 12-летнее образование. – 2011. – №5. – С.50-53.

ӘЛЕМДІК МҰНАЙ ӨНДІРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕЛДЕР ЖАНЫКУЛОВА Жанар Тугелкосовна, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
ergazy-1980@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада әлемдік мұнай өндіру саласы, оны өндіруші негізгі елдер мен мұнай сорттары туралы жалпы мәліметтер келтірілген. Сонымен қатар, әлемдік мұнай державалары арасындағы саяси-экономикалық қатынастардың мұнай бағасына ықпал ету жағдайлары аталып өтілген.

Мұнай саудасы халықаралық саясаттың, әлемдік экономиканың ең маңызды, ықпалды секторларының бірі [1]. Энергия көздеріне мұқтаждық, мұнай саудасынан түсетін қомақты қаражат қай кезде де ықпалды күштердің мүддесін тоғыстырған фактор саналған.

Сондықтан бүгінгі мақалада мұнай саясаты, ОПЕК+ және халықаралық қатынастардағы мұнай саудасының рөлі жайлы жазатын боламыз.



Мұнай өзінің құрамы, сорты бойынша бірнеше түрге бөлінеді. Мұнайдың кейбір сортында керосин көбірек болса, кейбірінде дизельдік жанар май, ал кейбірінде газ мол болады. Әлемде шикі мұнайдан жүзге жуық түрлі өнім шығады. Сондықтан тауардың белгілі бір түріне сұраныс артқан болған сайын сол тауар өңделетін мұнай сортына сұраныс артып, оның бағасының өсуіне де ықпал етіп отырады.

Бүгінде шикі мұнайдың көптеген сорты бар [2]. Сұранысқа байланысты олардың бағалары да әрқилы. Дегенмен әлемде мұнайдың негізгі үш маркерлік сорты кең таралған. Олар Brent Blend, West Texas Intermediate (WTI) және Dubai Crude.

Brent – негізінен Еуропа мен Азия елдері тұтынатын мұнай сорты. Солтүстік теңізде өндіріледі.

WTI (West Texas Intermediate) – АҚШ-та өндірілетін және пайдаланылатын мұнай сорты. WTI XX ғасырда Brent маркасы өндірілгенге дейін негізгі сорт саналып келген.

Ал Dubai Crude – Парсы шығанағы елдерінен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне тасымалданатын мұнай түрі. Мұны әлемдік мұнай бағасына ықпал ету құралы ретінде пайдалану фактілері жиі кездеседі. Бұған бүгінгі ОПЕК+ айналасындағы келіссөздердің шешілмеуі, Сауд Арабиясы мен Ресей Федерациясы арасында жиі орын алып тұратын келіспеушіліктер мысал бола алады.

Мұнай түрлерін өндіретін мемлекеттер мен ұлттық компаниялардың саны да аз емес. Әлемде мұнай өндіруші мемлекеттер мен компаниялар санының көбейгеніне байланысты 1960 жылы Мұнай экспорттаушы елдердің ұйымы ОПЕК (OPEC – The Organization of the Petroleum Exporting Countries) құрылған болатын. Бұл ұйымның мақсаты – мұнай экспортына байланысты бағаны, өндірілетін мұнай қорының шектік көлемін, ортақ ұстанымдарды белгілеу. Ұйымға 13 мемлекет, атап айтқанда Алжир, Ангола, Венесуэла, Габон, Иран, Ирак, Конго, Кувейт, Ливия, Біріккен Араб Әмірліктері, Нигерия, Сауд Арабиясы және Экваторлық Гвинея мүше. Штаб-пәтері Австрияның Вена қаласында орналасқан. Бүгінде ОПЕК-ке мүше мемлекеттер әлемдік мұнай қорының шамамен үштен екісіне иелік етеді [3].

Алайда аталған ұйымға мүшелікке өтпеген өзге де мұнай өндіруші елдердің сұранысы және мұнай саудасындағы келіспеушіліктерге орай 2016 жылы бейресми ОПЕК+ ұйымы құрылды. Бұл ұйымға он ірі мұнай экспорттаушы мемлекет – Қазақстан, Ресей, Малайзия, Әзербайжан, Оман, Бахрейн, Бруней, Мексика, Судан, Оңтүстік Судан енді.

ОПЕК+ ұйымының да негізгі мақсаты әлемдік мұнай өндірісі, мұнай экспорты саласындағы ынтымақтастықты, бағаны реттеу. Алайда ОПЕК+ ұйымына қарасты мемлекеттердің өзі келіссөздер барысында ортақ мәмілеге келе алмай, жеке дара өндіріс, баға саясатын ұстанатын жағдайлар жиі кездеседі. ОПЕК+ деңгейіндегі мұнай саясаты біркелкі емес және ұйымға мүше елдер арасындағы жиі орын алатын келіспеушіліктерге толы. Бұл ретте, ОПЕК пен ОПЕК+ тарихына үңілетін болсақ бір емес бірнеше мақалаға жүк боларлық саяси ойындарға, мүдделер қақтығысына куә боламыз.

Назар аударарлық тағы бір маңызды мәселе – ОПЕК+ деңгейінде мемлекетаралық келіссөздер болып, мұнай өндіру көлемін қысқарту жөнінде ресми келісімге келгенімен оны іс жүзінде орындау оңай шаруа емес екенін айта кеткен жөн.

Қазіргі таңда әлем бойынша мұнайды ең көп өндіретін мемлекеттер негізінен Ресей, Сауд Арабиясы және Америка. Аталған елдер мұнай саясатында үстемдік жүргізіп, экспорт көлемін сақтап қалғысы келсе де нарық заңдылығына бағынбасқа амалдары жоқ. Өйткені әлемдегі мұнай экспортының мөлшері сұраныстан асқан жағдайда бағаның құлдырауына әкеп соғады. Сондықтан осыны ескере отырып, ОПЕК+ елдері мұнай экспорты көлемін барынша шектеп отыруға күш салуда.

Мұнай бағасын ұстап тұру үшін өндірілетін мұнай көлемін шектеуге байланысты ортақ қарарлар жиі қабылданып келеді. Мысалы 2008 жылы әлемдік қаржы дағдарысы орын алып, мұнай бағасы барреліне 147,27 АҚШ долларынан 32,40 АҚШ долларына дейін құлдыраған болатын. Осыған сәйкес ОПЕК тәуліктегі мұнай өндіру көлемін 4,2 миллион баррельге дейін қысқарту туралы шешім қабылдайды. Осының нәтижесінде 2009 жылы қара алтынның бағасы қайтадан 78 пайызға өсті.

Осыған ұқсас келіспеушіліктер, даулы басқосулар, саяси ойындар бүгінгі таңда да өзекті әрі келешекте де жалғаса бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мамыров Н.К., Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика. – Алматы, «Экономика», 2003.
2. Есенғалиева Қ.С., Мамыров Н.К., Тілеужанова М.Ә. Микроэкономика. – Алматы, «Экономика», 2000.
3. Мәуленова С.С., Бекмолдин С.К., Құдайбергенов Е.Қ. Экономикалық теория. – Алматы, «Экономика», 2003.



ОПЕК+ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ МҰНАЙ САЯСАТЫ ЖАНЫКУЛОВА Жанар Тугелкосовна, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
ergazy-1980@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада әлемдік мұнай өндіруші елдер арасындағы экономикалық саясат, мұнай өндіру көлемі мен оның қоршаған ортаға әсері туралы жалпы мәліметтер келтірілген. Мұнда Қазақстанның мұнай саласындағы өткен жылдардағы баға ауытқуларының ел экономикасына тигізген ықпалы қарастырылған.

Әлемде COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуымен мұнай бағасында күтпеген өзгерістер орын алуда. Мәселен, 2020 жылғы 20 сәуірде WTI маркалы мұнай бағасы – 60 пайызға құлдырап, тарихта болмаған жағдай тіркелді. Мұнайдың баррелі алдымен қалыптасқан бағадан 26, кейін 40 АҚШ долларына дейін құнсызданды [1]. Бұл мұнай өнімін сатып алғаны үшін сатушының сатып алушыға қосымша қаражат төлейтінін білдіреді.

Коронавирус пандемиясына байланысты 2020 жылы әлем бойынша негізгі тіршілік тоқтатылып, ірі кәсіпорындардың жұмысы тұралап қалды. Осыған байланысты әлем бойынша мұнай өнімдеріне деген сұраныс көлемі де күрт азайды. Бұл өз кезегінде мұнай бағасының төмендеп кетуіне ықпал етті. Бұған ОПЕК+ елдерінің соңғы келісімі де мұнай өндірісі көлемін қалыпты ұстап тұру, мұнай өнімін тәулігіне 9,7 миллион баррельден асырмауға қатысты саясаты да ықпал ете алмады.

ОПЕК+ деңгейінде мұнай өндіру көлемін кезең-кезеңімен қысқарту жөніндегі талаптар жыл өткен сайын күшейе түсуде. 2020 жылғы 6 наурызда Венада өткен кездесуде Ресей шектеу шараларын қабылдамай ОПЕК+ келіссөздерінен шығатынын, өзіне ыңғайлы көлемде экспорт саясатын жалғастыра беретінін мәлімдеді [2]. Бұл әлемдік мұнай бағасында тұрақсыздыққа алып келді.

Ресейдің әрекетіне қарсылық ретінде Сауд Арабиясы тәулігіне экспортқа шығаратын мұнай көлемін 9,7 миллион баррельден 10-11 баррельге дейін арттыратынын, Еуропаға мұнайдың әр баррелін 25 АҚШ долларымен ұсынатындығын жариялады. Бұл әлемдік қаржы нарығында үлкен резонанс туғызып, көптеген мемлекеттердің экономикасына тікелей әсер етті. Бұл Ресей мұнайына сұранысты азайтып, ОПЕК+ аясындағы келіссөздерге құлақ аспағанына қарсы жасалған қадам деп бағалауға болады.

Жалпы, мұнай бағасын тым төмендету Сауд Арабиясына да оңай әсер етпейді. Өйткені мұнайды өндіру, тасымалдау шығынын есептейтін болсақ, төмен бағадағы мұнай саудасынан ел экономикасына келетін табыс көлемі күрт азаймақ. Мысалы, Сауд Арабиясы мұнайды көбінесе супертанкерлермен тасымалдайды. Супертанкерлер әдетте бағасы арзандаған мұнай өнімдері уақытша сақтайтын қойма ретінде де пайдаланылады. Алайда мұнайды ұзақ ұстау да тиімсіз. Өйткені супертанкерге төлейтін құн арқылы да шығынға батуға болады.

Сарапшылардың есептеуінше, мұнай бағасы барреліне 40 АҚШ доллары болған жағдайдың өзінде Ресей 1 миллиарды долларлық табыстың 610 миллион долларынан айрылып, шығынға батады. Сауд Арабиясының да жағдайы осыған ұқсас. Осыны ескере келе Ресей мұнай өндірісі көлемін қысқарту талабына келісуге мәжбүр болды. Сондықтан мұнай өндіруші мемлекеттер экспорт көлеміне қарамастан өзара ымыраға келуге мүдделі.

Сондай-ақ, қазіргі таңда энергияның баламалы көздерін табу және оны дамыту мәселесі әлемдік деңгейде қарқынды жүзеге асырылуда. Сарапшылар жақын келешекте баламалы энергия көздері бүгінгі мұнай, көмір сынды қолданыстағы табиғи ресурстарды өндіріс саласынан толықтай ығыстырып шығады деп болжауда. Өйткені жел, су, күн көзі сынды табиғи жолдардан алынатын энергия түрлері экологиялық тұрғыдан барынша таза саналады. Ал мұнай мен көмір өнімдері қоршаған ортаға зиян келтіретін негізгі себептер саналады [3].

Қазіргі таңда баламалы энергия көздерін өндіру жолдары, оны қолданысқа енгізу салыстырмалы түрде қымбатқа түсуде. Сондықтан да энергияның осы түрлеріне сұраныс аз. Дегенмен аталған саладағы зерттеулер, нақты іс-әрекеттер көбейіп, өндіру жолы жеңілдеген сайын мұнай мен көмір өніміне сұраныс та азая бермек. Сондықтан қазіргі таңда мұнай өндіру көлемін қысқарту ұсыныстарына мұнай өндіруші және экспорттаушы мемлекеттер мүдделі емес.

Мұнай бағасының арзандауы және экспорт көлемін қысқартып отыру Қазақстан үшін де өте қолайсыз жағдай. Өйткені мұнай экспорты ел экономикасының күретамыры саналады. Әлемдік мұнай бағасындағы ахуал Қазақстанға тікелей ықпал етеді.



Мысалы, 2020 жылы 16 мамырда теңге бағамы күрт құлдырап, бір АҚШ долларының құны 380 теңгеден 450 теңгеге дейін өсті. Бұған әлемдік мұнай саудасына келіспеушіліктер тікелей ықпал етті. Яғни, дәл сол күні мұнай экспорты көлемін шектеу келісіміне мойынсұнбаған Ресейдің әрекетіне орай Сауд Арабиясы мұнайдың бағасына демпинг жасап, Brent маркалы мұнайдың бағасын барреліне 29,97 АҚШ долларына дейін төмен бағада сатуға ұсынды. Осыған орай, мұнай бағасы күрт құлдырап, бұл баға нарығындағы жағдайға да ықпалын тигізді. Алдағы уақытта дәл осындай жағдай қайталанған жағдайда ел экономикасына тағы да кері әсер ететінін болжауға болады. Өйткені мұнай саудасына қатысты соңғы жүз жылдағы, тіпті соңғы 50-60 жылдағы ахуал ұқсас сценарийлермен жалғасып келеді.

Сондықтан шикізатқа тәуелді емес секторды дамыту, экономиканы әртараптандыру және кластерлік бизнесті жолға қою мемлекеттік саясаттың іс жүзіндегі басымдығы болып қалуы тиіс. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау, еңбек адамын қалыптастыру саясаты да мұнай бағасына тәуелсіз экономика қалыптастыру жолындағы тиімді қадамдардың бірі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шеденов Ө.Қ., Сағындықов Е.Н., Жүнісов Б.А., Байжомартов Ч.С., Комягин Б.И. Жалпы экономикалық теория. – Ақтөбе, «А-Полиграфия», 2004.
2. Сахариев С.С., Сахариева А.С. Әлем экономикасы, I-II бөлім – Алматы, «Дәнекер», 2003.
3. «Нефть, газ и энергетика» №6, 2005 (ноябрь) – Россия, Москва, КВЦ «Сокольники».

ОЙЫНДЫҚ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ

ИБРАЕВА Ұлдана Махмұтқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

ibraeva_dana_93@mail.ru

Андатпа

Мақалада өскелең ұрпақты оқыту және тірбиелеуде маңызды роль атқаратын оқыту әдісі ретіндегі ойындық оқыту технологиясы туралы толыққанды мәлімет берілген. Мұнда ойындық әдістердің химияны оқыту үдерісіндегі ролі мен мүмкіндіктері, оқушылардың танымдық әрекетіне тигізер ықпалы да назардан тыс қалмаған.

Біз барлығымыз химия кабинетіне алғаш келген баланың сабақтардағы тәжірибелер мен эксперименттер жүргізумен байланысты осы пәнге жоғары қызығушылық танытатындығын білеміз. Бірақ, өкінішке орай, көптеген оқушылардағы осы қызығушылық пәннің қиын болуынан 8-інші сыныптың үшінші және төртінші тоқсандарында жоғалады. Демек, балаларда тек пәнге деген қызығушылықтың жоғалмауына ғана емес, сонымен бірге олардың танымдық белсенділігін арттыруға күш салған жөн. Шығармашылық тұлғаның тәрбиеленуіне жол ашатын оқытудың әдістері мен формаларын іздестіру оқытудың кейбір спецификалық тәсілдерінің пайда болуына алып келді, соның бірі – ойындық әдістер болып табылады. Дидактикалық және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерді сақтау жағдайларында химияны өту кезінде оқытудың ойындық әдістерін іске асыру оқушылардың дайындық деңгейін жоғарылатады.

Қазақ тілінде «ойын» сөзі, көбінесе көңіл көтеру мағынасында болады. Бірақ, оқу үдерісіндегі «ойын» едәуір кең мағынаға ие. Оны сабақтағы көңіл көтеру немесе демалу ретінде қарастыруға болмайды. Ойын – бұл оқушыны шығармашылық танымдық әрекетке қамтуға мүмкіндік беретін жұмыс істеуші әдістемелік құрал [1]. Кез-келген оқыту құралы ретінде тек оқытудың басқа әдістерімен, құралдары және тәсілдерімен бірге қолданылуы тиіс.

Ф. Ницше: «Әрбір нағыз адамда шығып, ойнағысы келетін бала жасырынған» деп жазады. Оқу-танымдық үдерісті оптималдандыру теориясының авторы – Ю. Бабанский, іскерлік ойын ерекшеліктерін бөліп көрсеткен – М. Кларин; білім берудің алуан түрлі жүйелерін басқару облысындағы, іскерлік ойындар технологиясындағы заманауи ғылыми білімдерді негіздеген Шамова, Давыденко секілді педагогтардың еңбектерінен көптеген дүниелерді табуға болады.

Платоннан Шиллерге дейінгі, Коменскийден Руссоға дейінгі – адамзаттың ұлы ғұламалары балалар үшін ойынның – танымның үздік тәсілі екендігін атап өткен. Педагогтардың (А. Макаренко, В. Сорока – Росинский, В. Сухомлинский, С. Шатский) ойынға деген көзқарасы оқушыны оқыту мен



тәрбиелеу, оның тұлғалық сапасын қалыптастыру мақсатында оған ықпал ету тәсілдерін іздестірумен түсіндіріледі.

Химияны оқытудағы ойындық әдістер революцияға дейінгі уақыттан басталады. Өткен ғасырдың 20-ыншы жылдарының соңы мен 30-ыншы жылдарының басында химияны оқыту практикасында оқушылардың дүниетанымын арттыратын викториналар кеңінен тарады. Викториналармен бірге алғашқы үстелдік ойындар – оқушылардың қызығушылығын белсендіріп, химиялық символиканы игеруді қамтамасыз ететін химиялық лото және химиялық сызғыш пайда болды. Ал, 1950-60 жылдары химиялық ойындар, жұмбақ-тәжірибелер, есеп-әңгімелер пайда болды.

Оқыту мақсатының өзгеруімен кәдімгі сабақтар мен сыныптан тыс сабақтарда қолданылатын ойын түрлері де заңға сай өзгерді. 1970-80 жылдардың басында химиялық білімді жетілдіру, химия курсының теориялық сұрақтарының берік білімін оқушылардың игеру қажеттілігі тек ойындар санының ұлғаюын ғана емес, сонымен бірге олардың сапалық өзгерісін де талап етті. Алынған білімді бекітуге бағытталған алғашқы ауызша тренингтік ойындар, сондай-ақ, оқушылардың белсенді қатынасын ұйымдастыруға бағытталған жарыстық ойындар, мысалы химиялық турнирлер пайда болды. Сол уақытта ойындардың жаңа типтерін жасау үшін балалардың спорттық, теледидарлық ойындар негіз болды. Лото, домино, химиялық шашкалар, эстафеталар, «Ғажайып алаң», «Брейн-ринг», «Не? Қайда? Қашан?» және т.б. осылай пайда болды. Осындай ойындарды жасауда әдіскер-химиктер: Н. Кузнецова, Б. Болотинская, А. Тьльсепп және Е. Огородник үлкен үлес қосты.

Осылайша, химияны оқыту практикасында ойындар бұрыннан пән бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру формасы ретінде қолданылып келеді [2]. Олар сабақтар жүйесіне эпизодты түрде енеді. Кейбір мұғалімдер оқу мен ойынның өзара толықтырылу мүмкіндігін жіберіп алады. Дегенмен, олардың көпшілігі, осы екі үдеріс бірізгіде жүрсе де, ойынға шығындалған уақыт сабақ уақытын қысқартады деп есептейді.

Балалардың қиын немесе күрделі материалды өту кезінде ойларын шашыратып алып, сабақта оны жинақтай алмауы жиі орын алады. Нақ осындай жағдайларда олардың назарын қызықты әңгімелерге немесе ойындық сәттерге аударған дұрыс. Бұл балалар зейінін өтілетін материалға шоғырландырып, мәселелік, ізденістік және зерттемелік әдістерді, ал оқытуды ұйымдастыру бойынша – семинарлық және практикалық формаларды жүргізуге көмектеседі. Мысалы, көмірсутектердің кеңістіктік құрылымын өту кезінде оқушылар практикадан ермексизден және таяқшалардан молекулалар моделін құрастырып, молекулалардағы атомдардың орналасуын, байланыстар арасындағы валенттік бұрыштарды тікелей көреді.

Мұғалім сабақты: «Бір күні ...» деген сөзбен бастап, бірнеше сәтке тынышталып қалған кезде, оқушылар ары қарай не айтылатындығын тағатсыздана күтеді. Ойындық жағдайдағы қолданбалылық элементтері сыныптағы күшейтпелі жағдайдың өзіндік жаттықпасы қызметін атқарып, өтілетін материалмен кезекті тереңдетілген жұмыс істеу үшін оқушылар зейінінің шоғырлануына жол ашады. Сабақтағы ойын едәуір тіріленген эмоциялық атмосфераның өзгерісіне жол ашып, шаршауды басады, әрі оқушыларды жаңа ақпаратты меңгеруге туралауға мүмкіндік береді.

Ойын барысында танымдық қызығушылықты қалыптастыру үшін мәселелік жағдай қажет болады, мысалы, мұнда оқушылар ғылыми көзқарас тұрғысынан гибридтік бұлттардың түзілуін түсіндіруі тиіс. Бір сұрақтар бұрын алынған білімді қолдануды, екіншілері – эрудицияны, қосымша әдебиетті қолдануды талап етеді. Осылайша, оқушылар тек мұғалімнен білімді ғана алмай, сонымен бірге, өздері ақпаратты іздестіруге қатысушылар болып табылады.

Ойындық жағдайдағы оқуға селкостық құмарлықтың, бірінші болуға ұмтылыстың пайла болуымен, ойындық әрекетке, тіпті ең енжар және үлгерімі нашар оқушылардың қамтылуымен жойылады. Бірақ жену үшін, өтілген материалды білу, сонымен бірге пайымдаушылық, салыстыру мен қорытынды жасау дағдылары қажет.

Ойындық әдістер сабақта әртүрлі сатыларында қолданылады: ақпараттық ойындар – жаңа білімді енгізу үшін (саяхат-сабақ); жаттығу сабағы – машықтар мен дағдыларды қалыптастыру үшін («домино», «қатені тап», «кім артық» және т.б. ойындар); бекіту ойындары – білімді бекіту үшін (кроссвордтар, ребустар, конференциялар, семинарлар түріндегі өтілген материалды қорыту сабақтары); бақылау ойындары – алынған білімді тексеруге арналған (жарыс). Сабақтың барлық сатыларында ойындық әдістерді қолдану міндетті шарт болып табылмайды. Әрбір мұғалім ойынды оқу сабағының тек тиісті сатыларында ғана қолдануы мүмкін.

Ойындық формалар мен әдістерді: сабақтарда, элективті курстарда, факультативтерде қолдануға болады. Сабақтардағы алынған білімдерді сыныптан тыс іс-шараларда пайдалануға болады.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу қажет. 8-9 сынып оқушылары сабақтарының ең кең тараған түрлері арасынан байқауларды, турнирлерді, ертегілік сценарийлері бар сынып сағаттарын, балаларға таныс ойындарды алуға болады. Орта жастағы оқушылармен тақырыптық химиялық кештер,



өтілген материалды қорытуға арналған жарыс-сабақтар мен құрама сабақтар секілді іс-шараларды өткізуге болады.

Жоғарғы сынып оқушыларын өзіндік ақыл-ой тұжырымын талап ететін біршама «байсалды» іс-шаралар: конференциялар, іскерлік ойындар, химиялық сот, білім аукционы және т.б. қызықтырады.

Оқушыларды оқыту үдерісінде қолданылатын ойындық әдістер қазіргі кезде болашақ өмірлік жағдайларға психологиялық дайындық құралы ретінде балаларды тәрбиелеуде, оқыту мен дамытуда үлкен маңызға ие.

Ойындық әдістердің тәрбиелік функциясы пәнге деген оң қатынасты, химияны оқыту тілегін, жаңаны танудағы еңбекқорлық пен төзімділікке тәрбиелеу арқылы көрініс береді.

Дәстүрлі емес формадағы сабақтардың білім беру функциясы оқушыларда терең, берік және шынайы білімді қалыптастырудан тұрады, өйткені, мұндай сабақтарда өндірістегі мамандардың практикалық әрекетінде өздері игерген білімді қолдану мүмкіндігін айқын көрсетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Костенчук И. А. Химия вне рамок урока / Сост. И.А. Костенчук. – М.: Центрхимпресс, 2008. – 144 с.
2. Курганский С.М. Интеллектуальные игры по химии / С.М. Курганский. – М.: 5 за знания, 2006. – 208 с.

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДАҒЫ САЛАУАТТЫЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ ОМАРОВА Нургул Алибековна, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
floweray@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада салауатты өмір салтының қарапайым элементтері ретінде – ішімдік, шылым, есірткіден аулақ болу, дұрыс тамақтану, спортпен айналысу және т.б. қағидаларды сақтау қажеттігіне терең мән берілген. Бұл жерде темекі шегудің адам өміріне тигізер теріс ықпалы мен салдарлары көрсетілген.

Қазіргі кезде мектеп оқушылары арасында жаппай темекі тарту әдеті өріс алуда. Темекі – есірткілік зат. Оның ағза улылығы спиртті ішімдіктен де жоғары. Сондықтан темекі тартудан оқушыларды сақтандыру керек. Химик мұғалімдерге қойылатын міндет – темекі құрамында болатын улы заттардың ағзаға зиянды әсерін оның химиялық қасиетімен байланыстыра нанымды көрсетіп, қалай болғанда да оқушыларда темекіге деген жиіркенішті көзқарас қалыптастыру [1].

Темекі түтінін жетілдірілген физика-химиялық әдістермен зерттеген кезде ғалымдар оның құрамында адам ағзасына зиянды толып жатқан улы заттардың бар екенін дәлелдеген. Ол заттар темекі шегу кезіндегі температура әсерінен химиялық әрекетке түсіп, басқа химиялық заттарға айналу арқылы темекі түтінінің улылығын күшейте түседі (1 кесте).

Газды хроматография зерттеуі арқылы темекі түтінінен CO , CO_2 , CH_4 , C_2H_6 , C_3H_8 , C_4H_{10} , C_2H_4 , C_2H_2 , азот оксидтерін, қанықпаған көмірсутектер, ауыр металдар тапқан.


Темекінің басқа жанғыш отындардан ерекшелігі – никотин, оның туындылары, басқа да алкалоидты заттар болады. Никотин жүйке, жүрек қан тамырларына әсер етеді, тарылтады. Стенокардия, гипертония, атеросклероз ауруларын туғызып, ас қорыту жолдарынан сөлдің бөлінуін, көздің көруін нашарлатады [2]. Темекі құрамындағы улы заттар – анабазин, метилпиридин, пиридин, пиррол – темекі түтінінің улылығын арттырады.

11-сыныпта «Пуриндік, пиримидиндік негіздерді», «Азотты органикалық заттарды» өткен кезде бұл заттардың сілтілік, қышқылдық қасиеттері арқылы ағзаға зиянын шынайы байқауға болады.

Көміртегі (II) оксидін өткенде «иіс» газының жалпы улылығы 9,2 %, темекі түтініндегі концентрациясы $35,4 \text{ г/м}^3$ екені айтылады. Жас балалар темекі түтінін ішке тарту барысында ауа жетпей, басы айналып, талып қалуы мүмкін. Мұның себебі, қандағы қызыл түйіршік – гемоглобин өзіне өкпеден оттегін тіркеп, бүкіл ағзаға жеткізеді, ал «иіс» газы осы гемоглобин әкеле жатқан оттегін өзіне тартып алып ағза оттегі аштығына ұшырайды. Осы механизмді 8-сыныпта «Ауа» тақырыбын, 9-сыныпта «Көміртегі топшасы» тарауын өткенде химиялық қасиетімен байланыстыра отырып, тотығу-



тотықсыздану үдерісі арқылы түсіндіруге болады. Қандағы оттегіні тасымалдайтын зат гемоглобин құрамындағы темір екенін, темір тіркеп әкеле жатқан оттегін «иіс» газы өзіне тартып алатынын, себебі СО – күшті тотықсыздандырғыш екенін реакция теңдеуі арқылы көрсетуге болады.



Ауа жетпеуден адамның өліп кетуі де мүмкін. Темекі шегетін адам осы реакция нәтижесінде өте әлсіз болады.

1 кесте

Темекі түтініндегі зиянды заттар мөлшері

Заттар	Темекі түтініндегі концентрациясы	Жалпы улылық мөлшері, %
Никотин	2,15 г/м ³	28,7
Көміртегі (II) оксиді	35,4 г/м ³	9,2
Күйе	1,5 г/м ³	7,8
Бензапирен	17,4 мг/м ³	4,6
Құмырсқа қышқылы	350 мг/м ³	3,1
Азот оксидтері	785 мг/м ³	2,4
Сірке қышқылы	280 мг/м ³	1,2
Аммиак	706 мг/м ³	0,92
Мышьяк (триоксид)	9,82 мг/м ³	0,85
Көгерткіш қышқыл	18,8 мг/м ³	0,49
Формальдегид	5,17 мг/м ³	0,45
Күкіртті сутегі	13,2 мг/м ³	0,42
Фенол	13,4 мг/м ³	0,35
Акролеин	39,2 мг/м ³	0,34
Стирол	3,11 мг/м ³	0,28
Дициан	4,60 мг/м ³	0,13
Ацетилен	690 мг/м ³	0,09
Этилен оксиді	6,93 мг/м ³	0,06
Көміртегі диоксиді	9,60 мг/м ³	0,03

Темекі түтініндегі қатты зат күйе – С тыныс жолдарын ыстап бітейді. Тыныс жолының тітіркенуінен адам үнемі жөтеліп жүреді. Қолқаның кілегей қабығы қабынып, демікпе ауруына ұшырап, ол адамның тұншығып өлуіне әкеліп соғады [3].

Күшті тітіркендіргіштік қасиет көрсететін сірке қышқылы, аммиак, азот оксидтері, күкіртсутегі ауыз қуысының кілегей қабатын тітіркендіріп, адамның дәм, иіс сезу қабілетін нашарлатады. Қызыл иекті қабындырып, тісі түсіп қалады. Адам қырылдап сөйлейтін болады.

Бензапирен және басқа да полициклді ароматты көмірсутектер ауыз қуысының, тыныс жолдарының, несеп-зәр жолдарының қатерлі ісігі – рак ауруына ұшыратады.

Темекі өсімдігі өсу барысында жапырағына жинайтын ауыр металдар – күшән (мышьяк), кадмий, никель, қорғасын, хром, марганец, стронций, радионуклидтер рак ауруын тудыратын, ал H₂S, SO₂, азот оксидтері, формальдегид, фенол – рак ауруын өршітетін канцерогендік заттар. Түтіндегі азот оксидтері, құмырсқа және сірке қышқылы адам ұрығына мутагендік әсер етеді, яғни ұрпақ кембағал болып дамып, өмірге мүгедек нәресте келеді.

Темекі түтінінің басқа газдарға қарағанда соншама улы болу себебі не? Оның қандай физика-химиялық факторлары бар?

Бұл – темекінің жану ерекшелігінде. Темекінің жану температурасы төмен, 700-800 °С болады, сондықтан темекі толық жанып үлгере алмайды да, жанумен бірге булану, айдау, шала жану өнімдері: күйе, көміртегінің әр түрлі оксидтері, альдегидтер, кетондар, спирттер, эфирлер түзіледі. Бұлар түтінің улылығын асқындырады. Ал, пиролиз үдерісі нәтижесінде темекіде жаңа улы заттар синтезделеді. Ацетиленнің полимерленуі нәтижесінде бензол, бензапирен, т.б. ароматты көмірсутектер түзіледі. Темекі түтінінің температурасының әсерінен темекі құрғақ айналады да, одан басқа отындар жанған кезде түзілмейтін никотин, алкалоидты заттар сияқты улы жану өнімдері бөлінеді. Құрамында осындай токсиндік заттардың көп болуы темекінің адам өміріне деген аса қауіпті зат екенін дәлелдей түседі.

Темекі тарту адам денсаулығын күрт нашарлатып, ескі ауруларды өршітеді. Темекі шегушілер темекі шекпейтіндерге қарағанда, эндоортитпен – 47 (қолқаның ішкі бетінің қабынуы), өкпе рагімен



– 35, созылмалы жөтелмен – 30, созылмалы бронхитпен – 25, стенокардиямен – 22, өңеш рагімен – 15, инфарктмиокардитпен – 18, жұтқыншақ рагімен – 20, ауыз қуысы рагімен, асқазан жарасымен – 13, туберкулезбен – 10 есе көп ауырады екен. Ал, өмір сүру мерзімі – 10-12 жылға қысқарады.

Сүзгілі темекінің сүзгісі темекінің улылығын азайтпайды. Қандай темекі болсын түріне, жасалу формасына байланыссыз улы болады.

Темекі шегу – аса қатерлі дерт. Шылым шегуші өзін ғана улап қоймайды, темекі түтіні арқылы айналасындағыларды да улайды, яғни экологиялық апат. Темекі түтіні ауаны улаумен бірге, оның тазалығын, ауа тазалығын реттейтін активті жеңіл иондарды, озон иондарын жояды. Көлемі 35 м³ бөлмеде 4 дана темекі тартылса, иондар мүлдем жойылып, ауа тазалығы бұзылады. Ауа тазалығының бұзылуын, оның адам ағзасына әсерін формула арқылы есептеп шығартып, кестеде көрсету арқылы көздерін жеткізу керек:

$$F = \frac{1 + 58(S + 0,26)}{1 + 15 a} a$$

F – адамдар науқасының өсуі; S – тартылған темекі саны (темекі тартпайтындар ортасында); a – ауру коэффициенті.

Темекі шегушілер әсерінен темекі тартпайтындар ауруының өсуі (2 кесте).

2 кесте

Тыныс алу жолдары бойынша таралатын аурулардың ересектер мен балалар арасындағы таралу мен өсу коэффициенті

Ауру түрі	Коэффициент		Арудың өсуі	
	Ересектер	Балалар	Ересектер	Балалар
Тұмау	0,162	0,174	3,53	3,79
Бронхит	0,176	0,208	3,81	5,28
Фарингит	0,113	0,124	3,44	3,81
Ангина	0,085	0,114	3,17	3,44
Пневмония	0,164	0,184	3,75	3,83
Дерматит	0,138	0,152	3,61	3,69
Басқа аурулар	0,385	0,416	3,55	4,33

Химия пәні арқылы оқушының темекіге деген көзқарасын өзгертіп, көздерін жеткізу арқылы жаман әдеттен арылтуға ықпал етуге болады. Қазақта «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген сөз бар. Ендеше, алдымен дүниеге келген жаңа ұрпақтың осындай жолға түспеуін, олардың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау керек. Бұл тұрғыдан алғанда, жас ұрпақтың рухани мәдениетін арттырып, дүниетанымын дамыту мен салауаттылыққа тәрбиелеуде химия пәнінің мүмкіндігін тиімді пайдалану – химия пәні мұғалімдерінің парызы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Болатов Қ. Әмбебап дидактикалық кеспе қағаздар және оларды сабақта қолдану әдістемесі // Педагог. Химия. – 2015. - №3.
2. Дәурен С. Заманауи химия сабағы // Оқу сабақтарының технологиялары, тәсілдері мен жасалымдары. Шымкент. – 2018. – 8-16 б.
3. Әнуаров Ұ. Мектептегі денсаулық сақтау ортасын дамытуды басқару / Заманауи педагог. Семей. – 2020. – 175-179 б.

«АМИН ҚЫШҚЫЛДАРЫ» ТАҚЫРЫБЫН ОҚИТУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ АМАНЖОЛ Жұлдыз Ербатырқызы, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
zhulyaaaaa@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада адам денесіндегі амин қышқылдарының атқартын қызметі, олардың түрлері мен атқаратын функциясы туралы кең ауқымда мәліметтер келтірілген. Осыған орай, қоршаған орта мен тіршілік ағзаларындағы амин қышқылдарының микробиологиялық өзгерістері мен технологиялық өндірілу ерекшеліктері терең қарастырылған.



Адам денесі ақуыздарды қор ретінде ұстауға қабілетсіз болғандықтан, теңестірілген ақуыздық қорек адамға күн сайын қажет. Салмағы 82 кг ересек адамға күніне 79 г ақуыз қажет. Бұл кезде осы ақуыздармен бірге бүкіл калорияның 10-12%-ының кіруі ұсынылады. L-триптофан – кең әрекет спектріне ие, алмаспайтын амин қышқылы. Ол алмасу үдерістеріндегі, қозу мен тежелу актілеріндегі азоттық тепе-теңдікті сақтауға, сонымен қатар энергияның бір түрін екіншісіне трансформациялауға қатысады. Триптофаннан түзілген никотин қышқылы энергетикалық алмасуда маңызды компонент болып табылады. L-триптофан қаназдықтың алдын-алып, қан қысымын реттейтін және гемоглобин синтезіне жауап беретін эндокриндік аппарат функциясын реттейді. Бұл амин қышқылы фармакологияда ерекше маңызға ие болып, онда ол және оның туындылары көптеген дәрілік құралдардың ингредиенттері ретінде қолданылады. Рак, туберкулез, диабет секілді қауіпті аурулар кезінде триптофан ағзаның түрлі жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне жол ашады. Оның адам мен жануарлар ағзасында жетіспеуі сал ауруының дамуына, тістердің зақымдануына, көз қарашығының күңгірттенуіне және катарактаға алып келеді. Депрессияның белсенді формасына ие пациент плазмаларында триптофанның төмен деңгейі байқалған. Бұл амин қышқылы, өз кезегінде бауырдағы май қышқылдарының синтетазасын белсендіретін инсулин секретициясын жақсартатындығы анықталды. L-триптофан ми қызметін қалпына келтіретін препараттар құрамында болады. Жоғары радиация мен инсоляция кезінде және сәулелік ауруларды емдеу кезінде L-триптофанмен байытылған тамақты пайдаланудың серотонин деңгейін жоғарылатып, геморрагиялық синдром секілді теріс салдарларды жоятындығы белгілі. Триптофан, әсіресе құрамында бұршақ пен жүгері кездесетін астың калориялығын жалпы жоғарылатушы ретінде, азықтық майлардың антитотықтырғышы ретінде қолданылады. Жапониядағы Kuowa Nakko Ajinomoto фирмасы төменгі молекулалық субстраттарда жұмыс істейтін микроағзалар штамдарын қолдана отырып, медициналық және азықтық мақсаттағы L-триптофан өндіреді [1]. Көрші Қырғызстанда мемлекеттік ғылыми-техникалық және мақсаттық кешенді бағдарламалары шеңберінде сол елдің генетикалық РФЗИ қызметкерлері мен Бішкек антибиотиктер зауытының мамандары L-триптофанның микробиологиялық синтезі бойынша тамаша тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін жасауда. Олар зертханалық регламент негізінде меластық ортада *Bacillus subtilis* продуценті штамдарын тереңдетіп өңдеу әдісімен амин қышқылдарын өндіру технологиясын сынап, оны шығаруды іске асыруда. Амин қышқылдарын алу технологиясы ішінде ферменттеу, культуралық сұйықтықты коагулянттармен өңдеу, ионалмасу шайырлары көмегімен нативтік ертінділерден амин қышқылдарын бөліп алу, ертінділерді концентрлеу және мөлдірлегіш белсендірілген көмір арқылы техникалық өнімді тазалау кіретін бірізді бірқатар операциялар жиынтығы түрінде болады. Амин қышқылдарын микробиологиялық синтездеу судың үлкен шығынын, сұйық және қатты қалдықтардың ауқымды мөлшерінің жиналуын қажет етеді. L-триптофан өндірісінде қатаң санитарлы-гигиеналық режимді сақтау қажеттігін есепке ала отырып, оның азқалдықты технологияны жасаудың өзекті мәселелердің бірі болып табылатындығын есте ұстаған жөн.


Құрамында сұйық қалдықтары бар барлық қалдық түрлерін регламент бойынша жинақтап, сусыздандырады. Құрғақ шламды сусыздандырып, кезекті жою үшін қаптарға қаптайды. L-триптофанды бөліп алу кезінде сұйық қалдықтар өндірістік қондырғының шайма сулары, ионалмасу хроматография сатылары, кристалдау маточниктері, екпе материалдардың кондициялық емес ертінділері және культуралық сұйықтық есебінен түзіледі. Қалдықтардың ауқымды көлемдерін залалсыздандыру (1 кг қажетті амин қышқылына 1 м³-тан астам) триптофанның өзіндік құнында көрініс беретін қосымша қаржылық шығындарды туындатады.

Химиялық құрамды зерттеу көрсеткендей, дифференциалданған қалдықтар екіншілік өңдеу үшін шикізат болуы мүмкін. Тасталынатын қалдықтардың 40°C-тан жоғары температураға ие екендігін есепке ала отырып, оларды органикалық заттың метаногенез үдерісін жүргізу үшін бастапқы дайын субстрат ретінде қарастыруға болады. Культуралық сұйықтықтарды жылулық және химиялық өңдеу сатыларында түзілетін амин қышқылдары продуценттері биомассасының тастанды қалдықтары мен техникалық өнімді мөлдірлеу сатысындағы қолданылған белсендірілген көмір, кәріз сулары 40-60 °C температураға ие болып, микроағзалардың метаногендік консорциумынан шикізаттың осы түрінің органикалық затының анаэробтық ашуы бойынша оң фактор қызметін атқарады. Микроағзалардың метаногендік консорциумымен амин қышқылдарын пайдалану, яғни триптофанның іс-жүзінде толық ыдырауы төмендегі суреттен көрініп тұрғандай, 18 тәулік ішінде 10 м³ биогаз шығуы кезінде іске асады. Зерттеулер негізінде бұл үдерістің алдымен сызықтық тізбектің ыдырауымен, ал кейін амин қышқылдарының ароматты сақинасының деградиациясымен іске асатындығы анықталды [2].

Сұйық қалдықтардағы органикалық заттар (ОЗ) мөлшері өндіріс жағдайындағы триптофанның кристалдану маточниктері мен культуралық сұйықтықтың кондицияланбаған ертінділері мөлшеріне қарай өзгертін болғандықтан, амин қышқылдарын бөліп алудың регламенттік сатыларынан алынатын қалдықтарды технологиялық кәріс қалдықтары деп қарастырады. Осы қалдықтардағы ОЗ мөлшері



туралы (олар бар-жоғы 9) оттегінің биологиялық (ОБТ) және химиялық (ОХТ) тұтынысының көрсеткіштері бойынша айтады. Осы екі көрсеткіштің жоғары мәндері сәйкесінше біріншісі үшін – 300 және 400, ал екіншісі үшін – 975 және 1400 мг О₂/л болатын сорбциядан кейінгі ИА-1 ионитінің ақаба сулары мен өндірістік қондырғыны шаюдан кейінгі ақабада байқалады.



Сурет – Триптофанның анаэробтық микробиологиялық конверсациясы кезінде биогаздың жинақталуы мен амин қышқылдарының конверсиясы

Технологиялық ақаба суларды бір жинақтағышқа жинап, орташалаудан және өзара бейтараптаудан кейін олардағы ОБТ мен ОХТ көрсеткіштері нормативтік талапқа жақындап, 392-420 және 560-580 мг О₂/л құрайды. Термофильдік режимде 1500 сағат бойы осындай ақаба суларды биоконверсиялау 750 сағаттан кейін метан түзілу үдерісінің тұрақты режимге шығатындығын, ал алынған трансформацияланған ертіндінің ары қарай залалсыздандыруды қажет етпей, экологиялық сұйық биотыңайтқыш болып табылатындығы анықталды. Қоршаған ортаны қорғау жоспарында мұндай ақаба метаногенезі технологиялық циклден шламды стерильдеу, кептіру және жою сатыларын алып тастауға мүмкіндік берді. Өнімнің жаңа түрін – тыңайтқышты жүзеге асыру – өндірістің жалпы тиімділігінің жоғарылауында маңызды көрініс берді.

Культуралық сұйықтықтардың (КС), кристалдау маточниктері (КМ) мен олардың қоспаларының траптық операцияларының биоконверсациясы реакторды өндеудің 552 сағаттық уақыты кезінде органикалық заттардың конверсиялану дәрежесінің 48,0; 21,6 және 34,8% құрайтындығы көрсетілді (1 кесте). Сұйық қалдықтардың трансформациялану нәтижелерін салыстыру үшін биогаз шығымы мен конверсия дәрежесі бойынша көрсеткіштер біріңғай компонентке – органикалық затқа жатқызылды. 2 кестеден көрініп тұрғандай, конверсияның түрлі дәрежесі аталған субстраттарда болатын триптофан мен басқа да органоминералдық қоспалардың метаногенездік ерекшеліктерімен трактатталуы мүмкін. Жүргізілген зерттеулер, өндірістік циклде микроағзалардың метаногендік консорциумымен көрсетілген сұйық қалдықтарды анаэробтық өндеудің тиімді, әрі экономикалық тұрғыдан өзін-өзі ақтайтындығын көрсетті, өйткені мұндағы тасталынатын өнімдер температурасы 40-60 °С-ты құрап, олар үшін метаногенез үдерісін іске асыруға қосымша қыздырудың қажет еместігі көрсетілді.

1 кесте

Триптофан қалдықтарын конверсиялаудың есептік көрсеткіштері

Қалдық түрі	Құрғақ заттар мөлшері, %	Органикалық заттар мөлшері, %	Биогаз шығымы, л/г О ₂	Конверсия, О ₂ , %
Триптофандық КС	10,2	90,5	0,387	48,0
Кристалдау маточнигы (КМ)	35,4	88,0	0,154	21,6
КС + КМ қоспасы	22,8	89,3	0,270	34,8



2 кесте

Триптофан өндірісінің қолданылған белсенді көмірлерінің конверсиясы (ұстау уақыты – 23 тәулік)

Органикалық зат (ОЗ) мөлшері, %	Көміртегі мөлшері, %	Азот мөлшері, %	Заттардың биогазға айналуы	Конверсияланған
90,91	92,75	72,8	4,94	4,45

Триптофан өндірісіндегі үлкен мәселелер триптофан продуценттері биомассасының қалдықтарын (ТПБҚ) және белсендірілген көмірдің қолданылған мөлдірлегіштерін утилизациялаумен байланысты.

Триптофан өндірісіндегі биогаздық технологияны ірі масштабтық жүзеге асыру аталған өнімдердің ОЗ конверсиялану дәрежесінің анықталуын талап етеді. Триптофанның микробиологиялық синтезіндегі қолданылған белсендірілген көмірдің биоконверсиясы мөлдірлегіш белсендірілген көмірлерді қолдану технологияларымен себептендіріледі. Өндіріс жағдайларындағы қолданылған көмір ыстық масса түрінде болып, ол регламент бойынша кептіріледі де, жоюға жіберіледі. Бұл кезде көмірді кептіруде ылғалмен бірге ластанудың үлкен мөлшерінің десорбцияланып, қуат тасымалдағыштардың қосымша шығынының іске асатындығын есепке алған жөн. Триптофан өндірісінің қолданылған белсендірілген көмірлердің биоконверсиясы бойынша зерттеулер қолданылған көмірдегі термофильдік табиғи метаногенездік консорциум культивирлеу кезінде таза триптофан конверсиясы үшін тән үйреншікті көрініс байқалады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді (2 кесте). 2 кестеден көрініп тұрғандай, бұл кезде бөлінген метан мен көміртегі диоксидінің қосынды қатынасынан есептелген газдандыру коэффициентінің (ГК) мәні 90%-ды құрады. Көмір сорбцияланған заттардың жоғары пайызы, сонымен қатар, оның ұсақ дисперстілігі қалдықтың осы түрін анаэробтық жағдайлардағы биоконверсия үдерісін экономикалық тұрғыдан да, экологиялық жағынан да біршама тиімді үдеріс деп қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, микроағзалардың метаногендік консорциумының термофильдік режимінде 23 тәулік бойы ұстау кезіндегі триптофан продуценті биомассасының тұнбалық сулы суспензиясына органикалық затты айналдыру 61%-ды құрап, бұл көрсеткіш 5 кестеде көрсетілген КС ертінділері үшін байқалатын мәннен анағұрлым жоғары болды.

3 кесте

Анаэробтық конверсия үшін триптофан продуценті биомассасының тұнбалық қалдықтары мен культуралық сұйықтық қоспасының субстрат құрамы

Тәжірибе №	Компоненттер қатынасы – культуралық сұйықтық, %	Компоненттер қатынасы – продуцент биомассасының қалдығы, %	Қатты зат мөлшері, %	Органикалық зат мөлшері, %
1	90	10	19,2	86,0
2	80	20	28,2	81,7
3	75	25	32,7	79,5
4	50	50	55,1	68,6
5	25	75	77,6	57,5

Триптофан продуценті биомассасының тұнбалық ОЗ деградациясының біршама жоғары көрсеткіші ондағы белсендіргіш өсу қоспаларының рөлін атқаратын фосфаттар мен пептидтердің мөлшерімен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан, салыстыру үшін культуралық сұйықтық ертіндісімен түрлі қатынастағы ТПБҚ метаногенезі жүргізілген болатын.

Күткеніміздей, 75:25 қатынастағы ТПБҚ+КС қоспасы үшін биогаз шығымы (0.43 л/г) мен ОЗ конверсиялану дәрежесі ОВ (57,8%) жоғары болды.

Осылайша, триптофандық өндірістің ақаба сулары мен қалдықтарын экологиялық ақталған утилизациялаудың жолдарының бірі қызметін олардың жеткілікті түрде оңай жүргізілетін метаногенезі атқарады. Ол экологиялық тыңайтқыш шығару, жылуды қайталап қолдану мен биогаз түріндегі энергиятасымалдағыштарды қосымша алу үшін баламалы мүмкіндіктердің бірі болуға қабілетті келеді.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Котова Т.А., Волкова М.В. Успехи в области производства и применения аминокислот. - М.: ОНТИТЭИмикробиопром, 2003.
2. Литовченко В.В., Таштаналиев А.С., Стручалина Т.И., Прохоренко В.В. Биотрансформация органических отходов производства аминокислот // Известия НАН КР. - 2001. - № 1-2. - С. 31-35.

ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ BIOTEХНОЛОГИЯЛЫҚ ӨНДЕЛУ НЕГІЗДЕРІ

БАҚШАЕВА Балжан Ибадуллақызы, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

ergazy-1980@mail.ru

Аңдатпа





Мақалада қалдықтарды қайта өңдеу, су тазалау, ластануларды қалпына келтіру секілді қоршаған орта мәселелерін шешуде қолданылатын биотехнологиялық әдістер туралы мәліметтер келтірілген. Осыған орай, мұнда осы аталған биотехнологиялық үдерістерде орын алатын микробиологиялық өзгерістер терең қарастырылған.

Биогаз алу

Биогаз – бұл 65%-ы метаннан, 30%-ы CO_2 газынан және 1%-ы күкіртсутектен тұратын қоспа болып табылады. 28 м^3 биогазда болатын энергия: $16,8 \text{ м}^3$ табиғи газ; 20,8 л мұнай энергияларына баламалы. Биогазды алу негізінде метандық ашу немесе биометаногенез үдерісі жатыр [1].

Биометаногенез – бұл анаэробты жағдайларда органикалық зат көміртегі диоксиді мен метанға дейін ыдырайтын күрделі микробиологиялық үдеріс. Микробиологиялық анаэробты ыдырауға іс-жүзінде барлық табиғаттекті қосылыстар ұшырайды. Биометаногенездің анаэробты үдерісінде 190-нан астам түрлі микроағзалар қатысатын кезекті үш сатыны көрсетуге болады. Экстрацеллюлярлық ферменттер әсерінен бірінші сатыда ферменттік гидролизге күрделі көп көміртекті қосылыстар – ақуыздар, липидтер мен полисахаридтер ұшырайды.

Ферменттелу үдерісіндегі екінші сатыға микроағзалардың екі: ацетогендік және гомоацетаттық топтары қатысады. Ацетогендік H_2 -продуцирлегіш микроағзалар моносахаридтерді, спирттер мен органикалық қышқылдарды ферменттей отырып, H_2 , CO_2 , төменгі май қышқылдарын, негізінен ацетат, спирттер мен басқа да кейбір төменгі молекулалық қосылыстарды түзеді. Гомоацетаттық микроағзалар ацетил-КоА түзілуінің сатысы арқылы H_2 және CO_2 , сондай-ақ, кейбір бір көміртекті қосылыстарды сіңіре отырып, оны төменгі молекулалық қышқылдарға, негізінен ацетатқа айналдырады. Соңғы қалдықтардың анаэробты ыдырауының үшінші сатысында метан түзіледі. Ол молекулалық сутегімен, сонымен қатар, ацетаттың метилдік тобымен CO_2 тотықсыздану сатысы арқылы синтезделеді:



Метантүзгіш бактериялар қолданылатын көміртегінің 90-95%-ын метанға айналдырса, көміртегінің тек 5-10%-ы ғана биомассаға түрленеді. Үдеріс 30-60 °C температурада 6-8 рН кезінде жүреді. Биогаз алудың бұл тәсілі Үндістанда, Қытай мен Жапонияда кеңінен қолданылады. Қазіргі кезде биогаз өндіру үшін реакцияға қабілеттілігі салыстырмалы түрде төмен, әрі алдын-ала өндеуді қажет ететін біріншілік қалдықтарға (астық, егін шаруашылығының қалдықтарына) қарағанда екіншілік қалдықтар (мал шаруашылығының қалдықтары мен қалалардың ақаба сулары) жиі



қолданылады. Биогаздың негізгі артықшылығы – ол энергияның жанданушы және экологиялық таза көзі болып саналады.

Ақаба суларды тазалау

Ақаба суларды тазалау әдістері:

1. Механикалық әдістер. Бұл әдістердің маңызы – тұндыру мен сүзу жолдары арқылы ақаба сулардан механикалық қоспаларды жою. Механикалық тазалау тұрмыстық ақаба сулардан ерімейтін қоспалардың 60-75%-ын, ал өнеркәсіптік ақаба сулардан – 95%-ын бөліп алуға мүмкіндік береді.

2. Химиялық әдіс. Ақаба суларға әртүрлі реагенттер ($Al_2(SO_4)_3$) қосады. Мұнда олар ластағыштармен реакцияға түсіп, оларды ерімейтін тұнбалар түрінде шөктіреді. Химиялық тазарту ерімейтін қоспалар мөлшерін 95%-ға дейін, ал еритіндерін – 25%-ға дейін төмендетеді.

3. Физика-химиялық әдістерді ұсақ дисперстік және еріген бейорганикалық қоспаларды жою үшін, сондай-ақ, органикалық және нашар тотығатын заттарды ыдырату мақсатында қолданады. Бұл әдістер тобына электролиз, тотықтыру, сорбциялау, экстракциялау, ион алмасу хроматография, ультрадыбыс, жоғары қысым және басқалар кіреді.

4. Биологиялық әдіс өзендер мен басқа да су тоғандарының биохимиялық және физиологиялық өзіндік тазалану заңдылықтарын пайдалануға негізделген. Ақаба суларды тазалау үшін биосүзгілерді, биологиялық тоғандар мен аэротенктерді қолданады.

Биосүзгілерде ақаба сулар жұқа бактериялық қабықшамен қапталған ірі дәнді материалдық қабат арқылы өткізіліп, осының нәтижесінде биологиялық тотығу үдерісі қарқынды түрде жүреді. Мұнда 1970 жылдан бастап клинкерлер мен қиыршықтар орнына кеуекті материалдар ретінде пластмассалар келді [2].

Аэротенктер – темірлі бетоннан жасалған ауқымды резервуарлар. Мұнда бактериялары және микроскопиялық жәндіктері бар белсенді базбалшық көмегімен тазарту жүргізіліп, аталған қондырғыдағы үдерістің қарқындауына берілетін ауа ағынындағы оттегінің артық мөлшері мен ақаба сулардағы органикалық заттар жол ашады. Сүзуге қарағанда үдеріс біршама тиімді болғанымен, аэрациялау шығындарының жоғары болуымен сипатталады.

1980 жылдан бастап қазіргі күнге дейін ақаба суларды тазалау технологиясында «жалған сұйылтылған қабат» қағидасы – алғашқы екі әдіс қосындысы қолданылады. Бұл қағида Саймон-Хартли қаққышында және Дорр-Оливер оксигенераторында іске асырылады.

Биотазалартудан соң сұйық хлормен немесе хлорлы әкпен хлорлау жүргізіледі. Залалсыздандыру үшін ультрадыбыс, озондау және электролиз әдістері де қолданылады.

Микробтық сілтілендіру

Қышқыл ертінділермен өңдеу нәтижесінде құрамында минералдары бар жыныстардан мысты бөліп алу әдістері көптеген ғасырлардан бері қолданылып келеді. Дегенмен ХХ ғасырдың 50-60 жылдары ғана минералдардан металдарды бөліп алу үдерісінде бактериялардың негізгі рөл атқаратындығы белгілі болды. 1947 жылы Колмер мен Хинкл шахталық дренаж суларынан *Tiobacillus ferrooxidans* бактериясын бөліп алды. Бұл ағза екі валенттік темірді тотықтырып, күкіртқұрамдас қосылыстарды, сондай-ақ, кейбір металдарды тотықсыздандырады. Кейін оның кен минералдары құрамынан мысты ертіндіге өткізуге қатысатындығы да анықталды.


Бактериялар катализдейтін тотығу үдерісі болып темір:



мен күкірттің тотығуы табылады:




Бірқатар минералдарды кей сілтілегіш ағзалар тікелей тотықтырады. Бұған мысал ретінде пирит:



пен сфалериттің тотығуын алуға болады:



Үш валенттік темір ионы көптеген минералдарды ертіндіге өткізетін күшті тотықтырғыш агент болып табылады, мысалы халькоцит:



пен уранинит:



Бактериялардың тіршілік әрекетінде түзілетін үш валенттік темір ионының қатысуымен жүретін сілтілену «жанама» экстракция деп аталады. Қазіргі кезде биогидрометаллургия және биоэкстракциялық металлургия ретінде танымал бактериялық сілтілеу мыс пен уранды еріген формаға өткізу үшін өнеркәсіптік масштабта қолданылады.

Мыс кендерін сілтілендіру. Сілтілеу үдерісін бастау үшін күкірт қышқылы арқылы 1,5-3,0 рН-қа дейін қышқылданған сумен кенді ылғалдайды. Бұл «сілтілегіш» кен немесе кендік минералдар арқылы өткізіледі. Оның құрамында оттегі мен көмір қышқыл газы кездесетіндіктен, сульфидтік кендерде кеңінен тараған ацидофильдік гиобацилдердің көбеюі үшін қолайлы орта тудырады. Кейбір жағдайларда 1 кг жыныстағы және 1 мл сілтілегіш ертіндідегі *Tiobacillus ferrooxidans* мөлшері 10^6 жасуша мөлшерінде болады. Бұл ағза екі валенттік темірдің ерігіш иондарын (1) белсенді түрде тотықтырып, күкірт пен темір құрамдас минералдарға (2) (3) ықпал етеді. Мыс-сульфидтік минералдар тотығуы жағдайында элементтік күкірт (5) жиі түзіледі. Бұл күкірт үш валенттік темір тарапынан болатын әсерлерді шектей отырып, минерал бөліктерін бүркемелейді. 1 г жыныста және 1 мл сілтілегіш ертіндіде 10^3 - 10^5 жасуша мөлшерінде болатын *T. Ferrooxidans* күкірттің кейбір ерімейтін қосылыстары мен элементтік күкіртті (2) тотықтырады. Бұл ағзаның күкіртті бұлдіруі қоршаған күкірттің бүркемелегіш қабатының жойылуына алып келіп, сілтілену үдерісін арттырады. Сілтіленген кендерден құрамында 1 л-де 0,75-2,2 г болатын ертінділер ағады. Бұл ертінділерді тұндырғыштарға жібереді: олардан мысты темірді қолдана отырып, тұндыру немесе еріткіштермен экстракциялау жолымен алады. Қолданылған сілтілегіш ертінділер қайталап кендерге жіберіледі.

Уранды сілтілеу. Уранды бактериялық сілтілеу өндірілген алаңдардан, сондай-ақ, кендерден қалдықтық уранды бөліп алуда Канаданың шығыс аудандарында қолданылады. Бактериялар өсуі үшін 3-4 ай жеткілікті, өйткені бұл уақытта *T. ferrooxidans* темірді үш валенттік күйге дейін тотықтырады. Кейін үш валенттік темір (6) реакцияға сай тотықсызданған уранды еріген күйге дейін тотықтырады. Құрамында ураны бар шайынды суларды жинақтап, олардан уранды иондық алмасу көмегімен бөліп алады немесе еріткіштер арқылы экстракциялайды. Бактериялық сілтілеу Канадада уранды алуға арналған біріншілік құрал ретінде танымал. Кенді дене жарылыс арқылы бөлшектеңіп, *in situ* арқылы сілтіленеді.

Бактериялық сілтілеудің практикалық қолданылуы бірқатар себептермен тежелуде. Басты кедергі келесіде: үдеріс тәжірибелік қондырғыларда да, далалық жағдайларда да әлі де болса нашар зерттелген. Бактериялық сілтілеу үдерістері химиялық үрдістермен салыстырғанда көбінесе баяу жүреді. Темір мен күкіртті тотықтыратын бактериялар үшін қышқылдық орта керек. Сондықтан, қышқылдарды үлкен мөлшерде сіңіретін кендер мен қалдықтар өңдеуге жарамайды. Ертінділер көмегімен жерастылық сілтілеу кезінде бактериялар белсенділігіне жоғары гидростатикалық қысым мен гипербариялық оксигенация әсері секілді факторларды естен шығармау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жанділлаев А.А., Сәметов С.М. Биотехнология негіздері. – А.: «Білім», 2003. – 208 б.
2. Ингрэм В. Макромолекулалар биосинтезі. Ағылшыншадан аударма. – М.: Әлем. 1996 ж. – 273 б.

ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША «БИОТЕХНОЛОГИЯ» ФАКУЛЬТАТИВ КУРСЫ

БАҚШАЕВА Балжан Ибадуллақызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

ergazy-1980@mail.ru

Аңдатпа



Мақалада химия пәнінде «Биотехнология» курсы бойынша «Тамақ өнеркәсібіндегі биотехнологиялық үдерістер» тақырыбындағы сабақ жасалымы ұсынылған. Сабақта тамақ өнеркәсібіндегі биотехнологиялық өнімдер мен үдерістер терең мұнда қарастырылған.

Міндеттері:

1. Білімділік: Ғылыми пәндердің интеграциялық әрекеттестігінің көрнекі мысалы ретінде биотехнология ғылымымен танысу. Биотехнология ғылымының даму хронологиясы. Л. Пастер дәуіріне дейінгі тамақ өнеркәсібіндегі негізгі биотехнологиялық үдерістер.

2. Дамытушылық:

а) Адам әрекетінің аталған бағыттарымен танытуда оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту;

ә) Жаңа материалды өтуде логикалық ойлауды дамыту;

б) Ақыл-ой мен практикалық еңбектің машық-дағдыларын қалыптастыру.

3. Тәрбиелік:

а) Диалектикалық дүниетанымды қалыптастыру мақсатында тамақ өнеркәсібінің биотехнологиялық үдерістеріне адамның ықпалы мысалында табиғат танымдылығын ашу;

ә) Жалпы білім беру мекемесіндегі сабақтарда ырғақ пен тәртіпке тәрбиелеу.

Сабақ барысы:

1. Сыныпты ұйымдастыру.

2. Білімді өзектендіру.

Биотехнология – бұл не нәрсе?

Биотехнология – өнеркәсіпте биологиялық жүйелерді немесе үдерістерді пайдалану.


Адамзаттың құстарға қарап ұшақтар, сакиналы құрттарға қарап сүңгуір қайықтар құрауы (бионика – табиғатқа еліктеу) маңызды болғанымен, таным мен катализге байланысты биологиялық жүйелер ерекшеліктерін (ферменттер спецификалығы мен белсенділігін) түсіндіре алмады.

Адамзат биотехнологияны мыңдаған жылдардан бері қолданып келеді: олар сыра қайнатып, нан пісірді, ферменттеу жолымен өнімдерді (ірімшік, сірке қышқылы) сақтау мен өңдеу тәсілдерін ойлап тауып, қарапайым дәрілер мен т.б. дайындады. Дегенмен, тек ген инженериясы әдістерін жасау ғана «биотехнологиялық бумге» алып келді.

1. Жаңа материалды өту

Өзінің заманауи биотехнологиялық нұсқасында ғылым синтетикалық болып табылады (сурет):

Сурет – Биотехнология ғылымының басқа ғылымдармен байланысы



Бірақ, сендер ол тек қолданбалы пән деген пікірде болмауларың керек: «Жоқ, тағы да мың рет жоқ: мен тек қолданбалы деп атауға болатындай ғылымды білмеймін. Ғылым мен оның қолданылу облысы болады және олар ағаш пен жемісі секілді бір-бірімен тығыз байланыста болады» (Л. Пастер, 1871 г.) [1].

Биотехнологтардың еуропалық ассоциациясы биотехнологияны бес сатыға бөледі [2,30]:

1) Л. Пастерге дейінгі дәуір (1865 жылға дейінгі уақыт) – сыра, шарап және нанды тұрмыстық өндіру;

2) Л. Пастерден кейінгі дәуір (1866-1940 жж.) – органикалық қышқылдар, еріткіштер, азықтық ашытқылар, екпелер өндірісі және ақаба суларды тазарту.

19 ғасыр соңында Л. Пастер микробтардың ашу үдерістерінде маңызды рөл атқаратындығын анықтап [2], жекелеген өнімдер түзуге олардың көптеген түрлерінің қатысатындығын атап өтті:



1) Антибиотиктер дәуірі (1941-1960 жж.) – бұған бастау болып микроағзалар өліміне алып келетін Penicillium қасиеттерін анықтаған Александр Флеминг ашуы табылады;

2) Басқарылатын биосинтез дәуірі (1961-1975 жж.) – амин қышқылдарын, дәрумендер мен ферменттер өндіру. Негізгі жетістіктері – микроағзаларды сұрыптау және олардың биохимиясы;

3) Генетикалық инженерия дәуірі (өткен ғасырдың 70-жылдары) – будандық ДНҚ технологиясы.

Бүгін біз Пастерге дейінгі дәуірдің негізгі үдерістерін – кейбір тамақ өнімдерінің өндірісін қарастырамыз (кесте).

Кесте

Кейбір тамақ өнімдерінің өндірісі

Тамақ өнімі	Ашытқыш ағзалар	Негізгі үдеріс
Сүт қышқылды өнімдер	Стрептококктар, сүт қышқылды бактериялар	Сүт қышқылды ашу: $C_6H_{12}O_6 \rightarrow 2CH_3CH(OH)COOH$ глюкоза сүт қышқылы
Ірімшік	Сүт қышқылды бактериялар, сычуг ренині	Май қышқылды ашу: $C_6H_{12}O_6 \rightarrow CH_3CH_2CH_2COOH +$ глюкоза май қышқылы $+ 2CO_2 + 2H_2 + \text{казейн қойырпағы}$
Қаймақ, сары май	Ерекше сүт қышқылды бактериялар	Лимон қышқылды ашу: $C_6H_{12}O_6 + H_2O = C_6H_8O_7 + 3H_2$ лимон қышқылы
Нан өнімдері	Saccharomyces ашытқылары	Глюкозаның анаэробты ашуы: $C_6H_{12}O_6 = 2C_2H_5OH + 2CO_2$
Изоглюкоза («жүгері шербаты»)	Түрлі микроағзалардың гидролазалары мен изомеразалары	Крахмалдың гидролизі: $(C_6H_{10}O_5)_n + nH_2O = nC_6H_{12}O_6$ глюкоза Глюкозаның изомерленуі: $2nC_6H_{12}O_6 = nC_6H_{12}O_6 + nC_6H_{12}O_6$ глюкоза глюкоза фруктоза
Сыра, шарап	Saccharomyces ашытқылары	Глюкозаның анаэробты ашуы: $C_6H_{12}O_6 = 2C_2H_5OH + 2CO_2$
Сірке қышқылы ($\geq 4^\circ$)	Acetobacter	Спирттің аэробты тотығуы: (1) $C_2H_5OH + 1/2O_2 = [CH_3C(O)H] + H_2O$ ацетальдегид (2) $CH_3C(O)H + 1/2O_2 = CH_3COOH$ сірке қышқылы

2. Қорытынды

Сонымен, сендердің биотехнология, тамақ өнімдерінің өндірісі туралы түсініктерің толықты ма?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Котова Т.А., Волкова М.В. Амин қышқылдарын өндіру мен қолдану облысындағы жетістіктер. - М.: ОНТИТЭИмикробиоөнеркәсіп, 2003.

2. № 254 тәжірибелік-өнеркәсіптік регламент. Микробиологиялық синтез арқылы L-триптофан өндіру. - М.; Бішкек, 2004. - 195 б.

АЗОТ ЖӘНЕ ФОСФОР ЭЛЕМЕНТТЕРІН ТІРЕК-СЫЗБАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОҚИТУ

ИБАДУЛЛА Жадыра Ниатиллақызы, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

jad_95_95@mail.ru

Андатпа




Мақалада көрнекі оқыту әдісі ретінде тірек-сызбалар негізінде химия сабағында «Азот және фосфор элементтерін» оқыту әдістемесі қарастырылған. Мұнда осы әдіс негізінде оқыту нәтижесінде уақыттың үнемделетіндігі, оқушылардың жаңа тақырыпты терең, әрі нақты игеретіндігі, сабақтың жүйелі өтілуіне мүмкіндік туатындығы көрсетілген.


Химияны оқыту барысында сабақты көбінесе сызбанұсқа әдісімен өткен өте тиімді. Әсіресе тарауларды қорытындылағанда, жеке элементтер, олардың физикалық, химиялық қасиеттері, қолданылуы және алынуы туралы білімді жүйелеу, нақтылауға арналған сабақтар өте тиімді әрі уақыт жағынан ұтымды [1]. Мысалы, 9-сыныпта әр элемент өткенде осы тақырыптар түгел қамтылады, ал 10-сыныпқа келгенде, өтілген сабақты пысықтап, толықтыруға мүмкіндік тудырады. Осы тірек-сызбанұсқасының тиімділігін фосфор мен азот элементтеріне арналған сабақ арқылы көрсетуге болады.




Табиғатта кездесуі



Ашылу тарихы



Атом құрылысы








Азотқа тән қасиет ол -3, -2, -1, +1, +2, +3, +4, +5 тотығу дәрежелерінде болып, химиялық қосылыстар түзеді. Ал фосфор көбінесе -3, +3, +5 тотығу дәрежелерін көрсетеді.

Алынуы


1. Зертханалық жағдайда таза азотты аммоний нитритін қыздырып, айыру арқылы алады:




2. Бірақ бұл реакция қопарылыс бере жүретіндіктен қауіпті, сондықтан практикада көбінесе натрий мен аммоний хлоридтерінің қаныққан сулы ертінділерінің қоспасын қолданады:




3. Аммиакты қыздырылған мыс оксидінің арасынан өткізеді:




Фосфорды фосфоридтен алады. Оны көмірмен және құммен араластыра отырып, 1500 °C-та электр пешінде қыздырады [2]. Бұл реакция кезінде фосфор буы су астындағы қабылдағышта конденсацияланады:




Физикалық қасиеттері



Химиялық қасиеттері



Қолданылуы



Осылайша, фосфор мен азотқа арналған сабақты қорыта келгенде, яғни, сабақты тірек-сызба нұсқасы арқылы оқушыларға түсіндірген ыңғайлы, әрі тиімді болады. Оқушылардың жаңа сабақты игеруі барысында осы тірек-сызба арқылы білім беруде:

- Уақыт жағынан ұтымды болуына;
- Оқушылардың жаңа тақырыпты терең, әрі нақты игеруіне;
- Сабақты жүйелі өтуіне мүмкіндік жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бұзаубақова К.Ж.. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. Алматы: Жазушы, 2004. – 208 б.
2. Әлімжанова Г. Дәстүрлі емес әдістердің тиімділігі // Химия мектепте-2005. №4. - 55-58 б.



МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

№	ФИО	стр
1.	AL-DIJAILI Sahar Abbas Kazem	3
2.	METHAL Jawad Twfan	6
3.	ДАУТОВА Асем Мухтаровна	10
4.	АБДРАСИЛОВА Венера Онолбаевна, БАЙДУЛЛАЕВА Гулжахан Елтаевна, АЛМАБАЕВА Нургайша Махаметшариевна	15
5.	АБДУКАМАЛОВА Гүлназ Оразбаевна	18
6.	АЙНАКУЛОВА Бахыткуль Закировна	22
7.	АМИРОВА Бакытгул Кадырхановна, КАЙРБАЕВА Гульжан Гылымхановна	29
8.	АРКЕНОВА Сайран Жаркеновна	31
9.	АХМЕТОВА Алтынай Максатовна, НИЯЗАЛИНА Жанна Уйкасбаевна	34
10.	БЕГИМГУЖИНА Ляззат Сагинтаевна	36
11.	БЕКБАЕВ Даурен Капашевич	38
12.	ГЕРМАН Людмила Владимировна	39
13.	ГУСАРОВА Елена Анатольевна	42
14.	КАРМЕНОВА Мархаба Ахметоллиновна	47
15.	ДЕМИДЕНКО Оксана Григорьевна, БАДАЕВА Айжана Сабитовна	49
16.	ДЖУБАЕВА Багдат Аллабергеневна, KALIEVA Aigul Saparbekovna	52
17.	ДЖУНУСОВА Мадина Жумахановна, СЕРИК Рысгүл	55
18.	ӘКІМБАЕВА Назым Айсакызы	59
19.	ЖҰМАШОВА Ақлима Абдуллақызы	62
20.	ЗАЙЦЕВА Светлана Анатольевна	66
21.	ИБРАГИМОВ Эркольд Садыкович	67
22.	ИМАНБАЕВ Аскарбек Аширалыұлы	72
23.	КАРИПБАЕВА Шынар Тоқтарқызы, КУНДАКОВА А.Б.	75
24.	КЕМЕЛОВА Калипа Шахизадаевна	77
25.	КРЮЧКОВА Наталья Александровна	80
26.	АРДАК Магазовна Куркенова	85
27.	ҚАЛИЕВ Асқар Қабдүшүлы, УӘЛИЕВ Аманғали Серғалиұлы	89
28.	МАДЕНОВА Лаззат Мутиголлиевна	90
29.	МАСИМОВА Гүльмира Алимжановна, МАГСУМОВА Эльвира Курбанғалиевна, НҰРЖАНОВА Айжан Досжанқызы	92
30.	МАЯБАСОВА Гүлхан Жуанышбекқызы	95
31.	НИЯЗБАЕВА Аяна Мухамедовна, НАУМОВА Александра Герасимовна	97
32.	Алия Сеитовна НУРГАЗИНА	101
33.	ПОПРЯДУХИНА Наталья Григорьевна	103
34.	РАХИМОВА Асем Кадырбековна	106
35.	СМАГУЛ Аян Аскарлович, КИСАНОВА Айгуль Булатовна	110
36.	СУЛТАНОВА Инара Аскарровна, АҒЫЗАМХАН Дәулетбай	115
37.	СЫЗДЫКОВА Гүльмира Камбаровна, СЫДЫКОВА Б.К.	117
38.	ТАХМЕТОВА Адия Сайрановна, БАКТУБАЕВА Алия Сайрановна	120
39.	БАҚЫТБЕКОВА Динара Оралқызы, КАРМЕНОВА Мархаба Ахметоллиновна, ТЛЕБАЛДИНОВА Айжан Солтанғалиевна	122
40.	ХАЛЫМ Конай, РАЗДЫКОВА Г.М.	125
41.	ШАМҰРАТОВА Беназир Нұрболатқызы	129
42.	ШАРИПОВ Бахыт Жапарович, СЕЙЛОВА Нургуль Абадуллаевна	132
43.	ШАРУСТАМОВ Аятгилло Одилович	135
44.	ШАХЗОДАИ Махмадлатиф	137
45.	ШЕРСТОБИТОВА Марина Георгиевна, ОГИЙ Наталья Алексеевна	140
46.	ЮСУПОВА Надира Кайпбаевна, УРАЗБАЕВ Айбек Барлыкбаевич, САЙДЖАНОВ Дәулетназар Валеревич	144
47.	НАГИЗБЕКОВА Гүльмира Тузелхановна, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.	145
48.	ТҰРНИЯЗ Ердәулет Абдімажитұлы, АБДУМАННАПОВ А.М.	147
49.	ОРЫМБЕТОВА Гүльмира Асилтаевна, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.	149



50.	ЖАЛАЙЫРОВ Аян Нұрланұлы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	151
51.	ПЕРДЕШОВА Акмарал Анваровна, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	152
52.	НАБИХАН Перизат Аяпханқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	153
53.	ИСМАИЛ Аяжан Тасболатқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	156
54.	ЖАНЫКУЛОВА Жанар Тугелкосовна, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	158
55.	ЖАНЫКУЛОВА Жанар Тугелкосовна, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	159
56.	ИБРАЕВА Ұлдана Махмұтқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	160
57.	ОМАРОВА Нургул Алибековна, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	162
58.	АМАНЖОЛ Жұлдыз Ербатырқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	165
59.	БАКШАЕВА Балжан Ибадуллақызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	168
60.	БАКШАЕВА Балжан Ибадуллақызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	171
61.	ИБАДУЛЛА Жадыра Ниатиллақызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.	173

Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Авторлардың көзқарасы, ұстанымы сақталады. Жинақтағы деректердің нақтылығына авторлар жауапты. Олардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкеспей де мүмкін. Ғылыми басылымда жарияланған материалдар көшіріп басылған жағдайда сілтеме жасалуы тиіс.

**Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы
International Academy of Education and Science
Международная Академия Образования и Науки**

2022